

Журнал 31.07.2019 ж. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, №17815-Ж кәдімгі алған.

Бас редактор **Жанна ИМАНҚҰЛ**

Бас редактордың бірінші орынбасары

**Қарлығаш ШОХАЕВА**

– фил. ғыл. магистрі, PhD, Абылайхан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ, Қазақ

Ұлттық Аграрлық университетерінде – аға оқытушы

Бас редактордың орынбасарлары:

**Тазагүл БУСТАНОВА**

**Роза ЖАРКИМБЕКОВА**

**Индира ТҮЗЕЛБАЕВА**

Жауапты хатшы

**Еркінбек СЕРІКБАЙ**

Редакциялық ақылдастар алқасының төрағасы

**Гүлбану Қосымова –**

филология ғыл. докторы, профессор,

ҚР «Білім беру ісінің үздігі»

Редакциялық ақылдастар алқасының мүшелері:

**Нұрша Оразақынова** профессор, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Кіші ғылым академиясының вице-президенті

**Токтар Сенбекұлы** педагогика ғылымдарының магистрі, Абай атындағы ҚазҰПУ 3-курс PhD докторанты, Elsevier (Скопус) компаниясының Қазақстандағы өкілі

**Динара Орынбаева** гуманитарлық ғылымдар магистрі, PhD, Абай атындағы РММИ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, «Шебер педагог», «Үздік педагог-2019»

**Таралымы:** Оқырман мен мақала авторларының тапсырысы негізінде

**Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.**

**Журналдағы суреттер сапасына автор жауапты.**

Таралымы: Оқырман мен мақала авторларының тапсырысы негізінде

Меншік иесі: ИП Аяжан

Мекенжайы: Алматы қаласы

Түркісб ауданы Герцен көш., 155/1

Журнал «JasA» баспаханасында басылды.

e-mail: erkinbek230388@gmail.com

Байланыс: +7702-909-93-99

**Мега білім № 1 2020**

Дәулетбекова Ж. Ұлы міндетіне адал ұстаз.....	2
<b>Жұмабек Қ., Жұмабек Е., Алықызы С.</b> «Алла», «Құдай» сөздерінің орнына «Тәңір» сөзін қолдану мәселесі.....	5
<b>Уалиев Ж.Р., Тажбағанбетова С.А.</b> Электрондық құжат айналымы.....	6
<b>Бабақұлова З.И.</b> Применение методов критического мышления на уроках русского языка и литературы.....	8
<b>Отарова А.Н.</b> Мұрын жырау- әлемдік сөз өнеріндегі ерекше құбылыс.....	9
<b>Алдахметова Ш.А.</b> Қазіргі заманғы геосаяси үрдістердің ерекшелігі.....	12
<b>Бұхарбай Қ., Абдиқаримова Ж.</b> Жаңа білім жарқын болашаққа бастайды.....	13
<b>Асылжанова Д.</b> Қазақстан Республикасында ағылшын тілін оқытудың жүйесі.....	14
<b>Ахметова А.М., Торбаева И.Ж.</b> Zigbee сымсыз желісіне негізделген өнеркәсіптік автоматтандыру жүйесін әзірлеу.....	16
<b>Аташова Д.,</b> Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу.....	18
<b>Ахауова У., Абетова К.</b> Асыл сөзді іздесең, абайды оқы, таңырқа!.....	19
<b>Сағындықова А.С., Бакирова К.Ш.</b> Экологические аспекты заилийского Алатау как уникальный трансграничный объект для обучения географии в школе.....	20
<b>Керімқұл Г.Н. Professions.....</b>	22
<b>Ахметова А. М., Оразбеков Ж. Н.,</b> <b>Орыскалиев Р.С.</b> Көлік ағынын реттеудің ақпараттық жүйесін жасау.....	25
<b>Мадиева З.А.</b> Цифротизация в управлении в животноводческом комплексе.....	27
<b>Оспанов Н.</b> Ата-баба мұрасы – өркениетіміздің жәдігері.....	29
<b>Искакова Ж.</b> Синтаксистің байланысу тәсілдері.....	30
<b>Бакирова Ж.</b> Елдіктеу сөзді оқытудың өзіндік ерекшеліктері.....	31
<b>Контек А.</b> Лингвистикалық терминдерді талдаудың лингвомәдени аспектісі.....	32
<b>Бейсекова Н.</b> Қыс қызығы.....	35
<b>Баймуратова Ж.А.</b> Ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын дидактикалық ойындар.....	37
<b>Елеусізова Г.А.</b> Тілдегі үнемдеу заңының табиғаты.....	39
<b>Аяганова Р.Б.</b> Ауызша сөйлеу мәдениеті.....	40
<b>Бегманова К.Д.</b> Мәтін есептер шығару.....	42
<b>Салтенова А.</b> Жаңа білім жарқын болашақ бастауы.....	43
<b>Танабергенов А.О.</b> Өзін-өзі тану пәні - рухани жаңғыру негізі.....	44
<b>Аралбаева А., Каримова К.</b> Абай жаққан бір сәуле, сөнбеу үшін.....	45
<b>Түлекенов А.</b> «Көркем еңбек» пәні - еңбекке, шеберлікке тәрбиелейді.....	46
<b>Бердыханова Ф.</b> Тіл тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз!.....	47
<b>Танабергенов А.О.</b> Наука совести.....	48
<b>Балкенобаева А.К.</b> Б б дыбысы мен әрпі.....	50

## ҰЛЫ МІНДЕТІНЕ АДАЛ ҰСТАЗ

*Профессор Рақыш Сәтұлы Әмірдің ғұмырнамалық-шығармашылық портреті*

*Мұғалім болу – қызмет емес, Құдай бұйыртқан ұлы міндет...*

**Ы.Алтынсарин**

Қазақ даласында білімнің шамшырағын жаққан ұлы тұлғаның осы тұжырымының тереңінде шынайы мұғалімге қойылар талап пен оның адами және кәсіби деңгейін айқындайтын өлшем қатар көрініп тұр. Шындығында, осындай Ұлы міндетті мінсіз атқару үшін нағыз мұғалімнің бойында бірімен-бірі үйлесім тауып тұратын үш қасиет болуы шарт. Олар: ТЕРЕҢДІК, БИІКТІК, КЕҢДІК... Мұғалім болуды армандайтын адамның білімі терең, білігі жоғары болса, ол бала алдында зор беделге ие болмақ... Мұғалім мамандығын таңдауға батылы жеткен кісінің рухы биік, мінезі кішік болса, ол өзгелерге өнеге дарытпақ... Мұғалім болуға бел буған маманның жүрегі ізгілікке толы, мейірімді, алды кең болса, шәкірттердің жүрегіне жол таппақ... Оған қоса сол қасиет оның бойына ата-анасынан көрген үлгі-өнегемен бірге сіңсе, ондай ұяда көрген тағылымның жөні тіпті ерек. Ал, оқытушылықпен бірге өзі сүйген салада алған білімін ғылыммен ұштастырса, уақыт өте келе сол адам Ұстаз-Ғалым деңгейіне көтеріліп, ұлт мерейін асыратын бірегей Тұлғаға айналары хақ. Біздің қадірлі ұстазымыз, үстіміздегі жылы 90 жасқа толып отырған көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры Рақыш Сәтұлы Әмірдің ғибратқа толы ғұмыры, кісілік қасиеті мен ұстаздық өнегесі бұл сөзіміздің айқын дәлелі бола алады.

Рақыш Сәтұлы – өне бойы қайшылықтарға толы ХХ ғасырдың отызыншы жылдары Әулиеата өңірінде мектептер ашып, балалар үйлерін ұйымдастырып, оған аш, жетім қалған балаларды орналастырып, оқу-тәрбие ісін ұйымдастырумен белсене айналысқан қайраткер ұстаз Сәт Әмірұлының перзенті. Сондықтан ол кісінің бойында адамдармен ізгілікті қатынас жасау: қиналғанға қамқор болу, сүрінгенді сүйеу, бойында жігері барға қуат беру, адасқанға жол көрсету, жанатын жүрекке от беру, адалдыққа арқа тіреп, адамгершілік қағидаларын ұстану, қандай сын сәттерде арға ғана жүгіну тән. Өмірде де, ғылымда да, мұғалімдік қызметте де халқының «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген қағидасынан ауытқымаған. Сондықтан осынау ұзақта мағыналы ғұмыр жолында мәртебесі биік, мерейі асқақ.

Рақыш Сәтұлының өмірлік кредо-

сы – санға емес, сапаға мән беру. Бұл ұстанымы, әсіресе, ғылым әлеміндегі зерттеушілік мұратына адалдығынан, өзі нысан етіп алған дүниелеріне тереңнен толғап барып қалам тартатынынан айқын көрінеді. Бір мақаласына нардың жүгін көтерер салмақ артып, бір зерттеу еңбегінде сол саланың өзі көздеген түйінді мәселесін жан-жақты саралап, сараптап, тереңнен зерделей отырып, қадау-қадау тұжырымдарын ұсынатыны – жас ізденушілер үшін ғана емес, тағдырын ғылым жолымен байланыстырып жүрген кез келген ғалым үшін де өнеге, үлгі. Себебі Рақыш ағаның зерттеу еңбектерінің әрқайсысында ең өзекті әрі ең маңызды, түйткілі мол, шешімін күтіп тұрған толайым дүниелер талданады, тарқатыла түсіндіріліп, нақты бағдар беріліп отырады.

Рақыш Сәтұлы – отандық ғылымның бір-бірімен тығыз ұштасып жатқан екі саласына қатар еңбек сіңірген, тағылымы мол, бағыты айқын зерттеуші. Ол салалардың бірі – қазақ тілінің синтаксисі, екіншісі – қазақ тілін оқыту әдістемесі. Осы екі бағыт бойынша жүргізген зерттеулері ғалымның қос саланы шебер тоқайластыруына, өзара үйлесімде тоғыстырып, екі бағытта да жаңашылдықтың өріс алуына, өміршең идеяларға жол ашуына мүмкіндік бергені сөзсіз. Оған Р.Әмірдің тіл білімі саласында ауызекі сөйлеу тілін арнайы қарастырған, синтаксис саласын функционалдық аспектіде жаңа қырынан, антропоэзектік парадигма тұрғысынан зерттеген ғалымдардың көшбасында тұруы, Тәуелсіз Қазақстанның жаңа тұрпатты мектебінде оқытылатын қазақ тілін ана тілін ретінде меңгерту әдістемесінде тіл жүйесі мен заңдылықтарын коммуникативтік мақсатта үйретудің Концепциясын негіздеген тұңғыш әдіскер-ғалым болуы дәлел.

Біз бүгін Рақыш Сәтұлының қазақтың ұлттық педагогикасын, қазақ тілін оқыту әдістемесін дамытуға қосқан үлесі жөнінде кеңірек айтуды көздедік. Себебі ғалымның қазақ тілі білімінде өзіндік мектебі қалыптасқан теоретик зерттеуші екенінен көзі қарақты жұртшылық хабардар. Сондай-ақ, ол кісінің отандық педагогикадағы еңбегі өз алдына бір төбе екені де сөзсіз. Сол себепті осы бағытта ұстаз-ғалымның ұйымдастырушылық-зерттеушілік қырларына, тілді оқыту Тұғырнамасын, оқу бағдарламалары мен оқулықтарын дайындауда атқарған

еңбегіне кеңірек тоқталмақпыз.

Соғыстан кейінгі ауыр жылдарда Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, оны үздік бітіріп, аспирантурада да алғырлығымен, табандылығымен көзге түскен жас ізденуші Рақыш Сәтұлы отбасы жағдайымен еліне қайтуға мәжбүр болады. Жастайынан төзімділік пен еңбекқорлықты серік еткен ол қиындыққа мойымайды. Ауылында жүріп кандидаттық диссертациясын жазып аяқтап, Қазақ мемлекеттік университетінің Ғылыми кеңесінде қорғайды. Қорғау үстіндегі қаршадай жас ғалымның қаршығадай тегеурінді болмысын қапысыз таныған филология ғылымдарының докторы, қазақтың біртуар тұлғаларының бірі Ахмеді Ысқақов бірден Рақыш Сәтұлын өзі басқарып отырған Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтына жауапты қызметке шақырады. Мәскеудегі бір орталыққа бағынып, ұлттық сипатынан гөрі интернационалистік бағыты басым болып отырған отандық педагогиканың күрмеулі мәселелерін шешуге өзі сияқты ойы тың, жігері жасын, сөзі мығым, уәдеге берік, азаматтық ұстанымы айқын жастардың қажет екенін алға тартады. Көші-қон мен тұрғын үй мәселесін өз жауапкершілігіне алатынын, жас маманға қажетті жағдайдың барлығын жасайтынын айтады.

Білікті басшының уәжді пікірі мен ағалық қамқорлығын құрметтеген жас ғалым бұл ұсынысқа келіседі. «Жас келсе – іске» деген. Табиғатынан еңбекқор, ізденімпаз, жаңашылдыққа құмар Рақыш Сәтұлы алғашқы күннен-ақ алғырлығымен, алымдылығымен өз ортасында сенімге ие болады. Бұл институттағы жаңа ізденістер жас зерттеуші бойында ғылым мен білімнің тоғысында ғана жас ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беруге болады деген нық сенім қалыптастырады. Өуелде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту ісімен айналысатын сектордың меңгерушісі қызметіне тағайындалған ол әдіскер-ғалым ретінде қалыптасады. Осы шағын ортада басқару жұмысына машықтанады. Қызметкерлерді бір мақсатқа бағыттау жолдарын, нақты мақсат пен соған сай туындаған міндеттерді жүзеге асырудың тетіктерін меңгерген оны институт басшысы көп ұзамай-ақ директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары етіп тағайындайды. Басшылық қызметте қарамағындағы жұртшылықты адал

еңбекке жұмылдыру, атқарылған істің жемісін бірлікте сезіндіру маңызды деген қағиданы ұстанатын ол әрдайым әділдікке ғана жүгінді.

Әкесінен дарыған ұлтқа қалтқысыз қызмет ету, ұлттық құндылықтарды ұлықтау қасиеті ел болашағын қалыптастыру жолында еңбек етіп отырған бұл ұжымның жұмысын ұйымдастыруда жаңа серпін тудыруға септігін тигізеді. Сондықтан жас басшы, алдымен оқу бағдарламалары мен оқулықтарды жаңа сапада қайта дайындауға мән береді. Пән мазмұнында заман талабы мен оқушының мүддесін үйлестіру мүмкіндігін табуды зерттеу міндеті етіп қояды. Соның нақты дәлелі – сол жылдарда Білім министрлігі бекітетін Типтік оқу жоспарында ана тілі ретінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің сағат санын көбейтуге қол жеткізгені. Бұл қазір айтуға оңай көрінгенімен, орыс тілінің айбыны асып тұрған кеңестік идеология заманында ерлікке барабар болатын. Қазақ тілімен қатар, өзге де пәндердің әдістемелік базасын күшейтудің қажеттігін дәйектеп, оған арнайы қаражат бөлдіреді. Педагогика, оның ішінде әдістеме ғылымының дамуын қамтамасыз ететін басты тетіктің бірі – эксперимент жұмыстарының ұйымдастырылуы.

Эксперимент – ғылым мен білімнің, теория мен практиканың сабақтастығын қамтамасыз ететін зерттеу жүйесі. Сондықтан Рақыш Сәтұлы пәндерді оқытудың дидактикалық негізін іздеудің анық жолы ретінде ғылыми экспериментті жүргізуді ұлттық педагогика ғылымына алғашқы боп енгізді. Ғалымның тікелей басшылығымен эксперимент жүргізудің кезеңдері, оның әрқайсысының нақты мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелері; эксперимент нысандарын анықтаудың негізгі талаптары мен білім нәтижелерін бағалаудың критерийлері нақтыланды. Осы ғылыми ортада алған мол тәжірибе оның басқарушылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін шыңдады, қайраткерлік рухын қалыптастырды.

Одан кейінгі ғұмырнаамалық белестерінде ғылыми ордаларда үлкен өмір мектебінен өтті. С.М.Киров атындағы (қазіргі әл-Фараби атындағы) Қазақ ұлттық университетіндегі қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, филология факультетінің деканы, Шетел тілдері институтының (қазіргі Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар мен шетел тілдері университетінің) ректоры қызметін атқарған жылдарында да ол кісі білікті басшы, білімпаз тұлға, шебер ұйымдастырушы, қамқор жетекші, өзгеге ғана емес, ең алдымен, өзіне биік талап қоятын әділдігімен, қарамағындағылармен кісілік

қатынасына селкеу түсірмеген кісілік биіктігімен, қарапайым қалыбынан таңбаған тектілігімен дараланып отырды. Сондықтан бүгінде Рақыш Әмір есімі шынайы зиялылықтың үлгісіне айналған. Қызмет еткен орталары әрдайым ғалымның ғибратын ұлықтаудан таңған емес. Жақында ғана Абылай хан атындағы Халықаралық қатынастар мен шетел тілдері университетінде өткен мерейтойлық басқосуда ұжым басшыларының, қызметтес болған әріптестерінің, шәкірттерінің аста төк шынайы құрметі жиналған жұртты тәнті етті. Адамның өз тұғырын тек өз адамгершілік қасиеттерімен қалай алатынын, қай ортада, қандай лаузымдық деңгейде болсаң да, айналандағылармен әділ де шынайы адами қатынастың ізсіз кетпейтінін, есейген шақта ізгілік болып алдан шығатынын шын мойындатты.

...1986 жылдағы Желтоқсан дауылы қазақ зиялыларының көбін шарпып өткені белгілі. Кеңестік саясаттың салқыны Рақыш Сәтұлын да айналып өтпеді... Бірақ адамның амалынан Алланың жазуы әлдеқайда күшті. Сондықтан да ұлт тарихының жаңа кезеңінде қазақ тілін оқытудың әдіснамасын анықтап, оның алғашқы соқпағын салу абыройы Рақыш Сәтұлына бұйыруы кездейсоқ емес. Ол кісі еліміз тәуелсіздігін алып, егемендікке алғаш қол жеткізген өліара кезеңде, әр күні жылға татырлық сын уақытта, қоғамдық реформалардың іргетасы қаланған кезде, Қазақстан мектептерінің даму бағытын белгілеу проблемалары күн тәртібіне өткір қойылған жылдарда, жаңарған елдің ұлттық мектебін құрудың ғылыми-тұғырнаамалық жүйесі айқындалған шешуші сәттерде осынау замана жүгіне иық тосқан санаулы педагог ғалымдардың көшбасында болды.

1987 жылдан 1992 жылға дейін Р.Әмір Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтында қызмет етті. Институттың белді ғалымы ретінде қазақ тілі мен әдебиетін оқыту лабораториясының меңгерушісі, профессор Рақыш Сәтұлы «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектептің тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы жалпы орта білім беретін мектептегі білім мазмұнының тұжырымдамасы» секілді ұлттық білім саласындағы жаңарулардың тұғыры қаланған уақытта мемлекеттік деңгейдегі базалық-нормативтік құжаттарды дайындауға атсалысты. Сөйтіп, ол тәуелсіз елдің Ұлттық мектебінің моделін, егеменді ел мектебіндегі Тарих – Білім – Мәдениет ұштағанына негізделген білім мазмұнының жаңа макромоделін айқындауға еңбек сіңірді!

1991-1992 жылдары жоғарыда аталған тұжырымдамалардың негізінде мектептегі әрбір пәнді оқыту

тұжырымдамасын жасау міндеті қойылды. Көп ұзамай профессор Р.Әмірдің «Қазақ тілін қоғам, мектеп реформасына сай жетілдіру концепциясы» жарияланып, онда болашақта қазақ тілін оқытудың негізгі бағыттары сараланып ұсынылды. Бұл еңбек тәуелсіздік алған еліміздің жаңа тұрпатты мектебінде қазақ тілін оқыту жүйесін жаңартудың әдіснамалық негізін қалаған тырнақалды еңбек болды. Әлбетте, жаңа нәрсенің ешқайсысы да жоқтан пайда болмайды, бар нәрсе біржола жойылып кетпейді деген философияның заңдылығына сүйенсек, жаңа тұжырымдама да отандық білім жүйесіндегі өміршен дүниелерді әлем тәжірибесіндегі озық ойлармен ұштастыру нәтижесінде жасалғаны кәміл. Сондықтан да өзіне дейін қазақ тілін оқытуға араласқан қазақтың біртуар ұлы тұлғаларынан тағылым алған Рақыш Сәтұлы ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық өркениетті сабақтастыруда таразының басын тең ұстар басалқалылық танытты.

«Концепцияда» ана тілін оқытудың жаңа бағыттары анықталып, тілді меңгерудің практикалық-прагматикалық жүйесін жетілдіру мәселелері ғылыми негізделді. Бұл тұжырымдамада қазақ тілінің оқытылу жайына кері әсер еткен факторлар алғаш рет ғылыми тұрғыда сараланып, нақты көрсетілді. Ұлтаралық, тіларалық жағдайлар мен идеологияның, әлеуметтің бір орталыққа бағындырылуының салдарынан туындаған жайлар ашып айтылды. Қоғамда белең алған келеңсіздіктердің салдарынан, біріншіден, қазақ тілі пәні оқушының өміріне қажетті дағдыларды қалыптастыратын пән ретінде мойындалмай, тек қазақ халқының этнографиясы мен дәстүрінің көрінісі ретінде танылып келгенін; екіншіден, тілдің грамматикалық жағын (оның өзін жүйесіз) меңгертуге басымдылық беріліп, сөз, сөйлеу шеберлігіне, тіл мәдениетіне үйрету жағы ескерілмегенін; үшіншіден, қазақ тілін оқытудың келелі мәселелері (пән мазмұны, көлемі, жүйесі, әдістемесі) тұтастықта зерттелмей отырғанын атап көрсетті.

Осы құжатта алғаш рет қоғам мен мектеп реформасына сай тәуелсіз қазақ елінің мектептерінде ана тілі деп саналатын қазақ тілін оқытудың жаңа міндеттері анықталды. Ең алдымен, ғалым қоғамдағы адам факторының алға шығарылуы білім саласын жетілдірудің түпнегізі болатынына мән берді. Мұнда ол ұлт, тіл туралы орныққан ескі көзқарасты түбегейлі өзгертудің тетігі ретінде «білім оқушының адами болмысын дамытуға бағытталуы тиіс» деген жаңа педагогикалық парадигма ұсынды.

Құжатта қазақ тілінің білім беру жүйесіндегі жетекші орны дараланды,



қазақ тілінің жеке пәндік қызметі сараланды. Қазақ тілін оқытуда, ең алдымен, оқушының коммуникативтік дағдыларын дамыту керек, екіншіден, қазақ тілінің қоғамдық сипаты мен құрылысы туралы білім беру керек деген идея көтерілді. Ана тілі пәні оқушының тілдік сауаттылығы мен талғамын, эстетикалық қабілетін, ішкі сезімдерін дамытуға, ойлау қабілеттері мен дүниетанымдық мүмкіндіктерін кеңейтуі көздеуі керектігі де осы құжатта алғаш рет ғылыми дәйектелді. Теориялық білімнің көлемі оқушыға коммуникативтік дағды үйрету талабымен ұштасуы керек, теория практикаға негіз қалауы қажет, теория тілдің жұмсалуды жөнінде ұғым қалыптастыруға тиіс, оқу материалдары тілдің жұмсалуды, түрлену диапозонын кеңейтуде ерекше орын алатын амалдар мен тәсілдерді қамтуы міндетті деген қағидаларын негіздеді.

Тілдік білім мазмұнының тәрбиелік сипатына да ғалым айрықша мән берді. Ол тілдің қоғам дамуына қажет әрі әлеуметтік, әрі мәдениеттік, әрі шығармашылық қор, байлық екенін таныту ғана болашақ қоғам иесі ретінде оқушының гуманистік санасын қалыптастыратынын атап көрсетті. Пән мазмұнында тілдің тарихпен, мәдениетпен, қоғаммен, тәрбиемен сабақтастықта меңгерілуі оқушының дүниетанымын, адами қасиеттерін қалыптастыруға оң ықпал ететінін тұжырымдады. Рақыш Сәтұлы «Қазақ тілі тек сауат ашып, қарым-қатынас шеберлігін, мәдениетін үйретіп қана қоймайды, бұл пән оқушыға социологиялық тұрпат қалыптастырады, оны белгілі бір этникалық, мәдени топтың мүшесі ретінде тәрбиелейді, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады» деген ғылыми байламы арқылы тіл мен сананың, тіл мен ділдің өзара байланысына сүйеніп, пәннің тұлға қалыптастыру қызметін ашып көрсетті. Осылайша тіл арқылы ұлттық діл қалыптастырудың, тіл ұлтты ұйыстырушы мәйек екенін жас ұрпақ санасына сіңірудің мәнділігін түйіндеп берді. Осыдан келіп тіл үйретуде, көркем мәтінге талдау жасауда, сөздіктер құрастыруда тілдік таңбаның грамматикалық, лексика-стистикалық мағыналармен бірге ондағы мәдени ақпараттарды да ескеру қажеттігін тұжырымдады.

Профессор Р.Әмір тілді меңгерудің коммуникативтік бағытын күшейтудің басты жолы ретінде функционалдық грамматиканы жүйелеп оқытудың ұтымдылығын дәйектеді. Сөйлеуге үйретудің тәсілдерін, амалдары мен жолдарын табуы ұсынды. Білім мазмұнында ой-пікірді білдіруге қатысатын түрлі күрделі тәсілдерді, тіл бөлшектерін қамту қажеттігіне тоқталды. Бұл орайда тың

ұсыныстың бірі «тіл жұмсауға үйрету үшін оқушыларға коммуникацияның негізгі типтері, соған сай туатын коммуникативтік талаптар, максаттар туралы жинақтап түсінік берген орынды» деген пікірі болды. Осы еңбегінде Р.С.Әмір сөйлеу тілін коммуникативтік-функционалдық жүйе тұрғысынан тани отырып, тілдік амал-тәсілдердің прагматикасын коммуникативтік жағдаятпен орайластыра ашудағы тұжырымдарын ұсынды. Шын мәнінде, бүгінгі таңда ғалымның осы ойлары әлі де толық жүзеге асырылмай келеді. Оның себептері көп. Мысалы, осыған дейінгі кезеңде жаңа буын оқу бағдарламалары мен төл оқулықтарда ұсынылған жаңа идеялар білім министрлігі тарапынан да, мектеп мұғалімдері тарапынан да жете ұғынылмай, көбінде теориялық білімге басымдылық беріп келді. Оған министрліктің мектеп түлегінің білім нәтижесін Бірыңғай ұлттық тестегі жалаң ережелерге «байлап қоюы» дәлел. Соның салдарынан мектеп түлектері қарым-қатынастың қарапайым қағидаларын біле бермейді; өз ойын, пікірін, көзқарасын мәдениетті түрде жеткізуге шорқақ; көпшілік алдында сөйлеуден қашақтайды; өзінің ойын ашып айтуға жасқанады; тілдік-грамматикалық білім көбіне схоластикалық жолмен игерілетіндіктен, ережелерді де құрғақ жаттайды, білімін өмірде дұрыс қолдана алмайды. Ал, өндіріске енген жаңартылған оқу бағдарламасында тіл жүйесі жоққа тән: шашыраңқы әрі жүйесіз, шала қалыпта ұсынылған. Ана тілі ретінде оқытылатын қазақ тілінің білім мазмұны мен оқу талаптары екінші тілді негрту бойынша құрылымданған. Бұлардың ешбірі де ғалым ұсынған жаңа бағыттармен сәйкестенбейді. Сондықтан зерттеушінің «Коцепциясындағы» тұғырлы идеялар мен нақты бағыттарды жүзеге асыратын кезең келді!

Ендігі бір ауыз сөз ғалым аға қалыптастырған ғылыми мектеп туралы. Ғалымның жетекшілігімен диссертация қорғаған шәкірттердің бірімін мен де. ҚазМУ-ді бітірген соң, екі жыл Семей өңірінде мектепте мұғалім болдым. Рақыш Сәтұлы Ы.Алтынсарин атындағы Педагогика ғылымдарының ғылыми-зерттеу институтына қайта оралған 90-жылдары сол ұжымда кіші ғылыми қызметкер едім. Аға біздің қазақ тілін оқыту лабораториясына меңгеруші болды. Сол кездегі институт басшысы болып тағайындалған ұлтжанды қайраткер, біртуар тұлға Немеребай Нұрахметов әр сала бойынша жаңа бағытта қызмет ететін мамандарды дайындау, шәкірт тәрбиелеу міндетін бөлім басшыларына сеніммен тапсырды. Бір жыл бұрын ғана аспирантураға түсу емтиханында алған ұпай саны жоғары бола тұра, конкур-

стан «құлатылған» менің ғылымға деген сеніміме селкеу түсіп, күдерімді үзген едім. Келесі оқу жылында Рақыш аға «аспирантураға тек қана өз кадрларымыз түсуі керек, сонда ғана мықты резерв дайындауға мүмкіндігіміз болады» деген уәжді алға тартты.

Алдымен, Алланың жазуымен, сосын Рақыш ағаның адал шешімімен сол жылы аспирантураға қабылданған топтың ортасында мен де ғылымға бет түзедім. Жетекшім болып Рақыш аға тағайындалды. Бұл – менің ғылым жолындағы ең үлкен бағым. Өйткені Рақыш Сәтұлы – алдағыны алыстан болжайтын, зерттеу жұмысының өміршеңдігіне, қоғамға, білім алушыға қажеттігіне ерекше мән беретін білімпаз ғалым, шәкіртін қияға самғауға үйрететін, жаңашылдыққа үндейтін, таптаурындылыққа жол бермейтін әділ сыншы, ғылымның қыры мен сырын дәл танитын жетекші. Маған қазақ тілін оқушылардың оқу мотивациясын қалыптастыра оқыту жолдарын зерттеу нысаны етіп ұсынды.

Жоғарыда аталған шынайы Ұстаз-Ғалымға тән ТЕРЕНДІК, БИҚТІК, КЕҢДІК бір бойынан табылғандықтан, профессор Рақыш Сәтұлының есімі ғылыми ортада да, шәкірттер арасында да зор беделге ие. Ол кісі терең білімінің арқасында лингвистика саласында өзіндік із қалдырды. Рухы биік, мінезі кішік болғандықтан, айналасына адамдықтың өңегесін таратып келеді. Әр ісі ізгілікке толы, алды кең болғандықтан, тек ғылыми мектебіндегі ғана емес, өзінен дәріс алған барша шәкірттердің жүрегіне жол тапты. Рақыш Сәтұлы ғылым атты киелі өлкеге жол бастаған жетекші ғана емес, әкеміздей қамқор, жанашырымыз болды. Кісіліктің, адамгершіліктің, ғылымға адал болудың, шынайылықтың тағалымын дарытты. Ешқашан дауыс көтермейтін сыпайы һәм нағыз зиялыға тән ерекше қасиеттерімен, қарапайымдылығымен адамдық жолына жетеледі. Сондықтан осынау үлкен белеске көтерілген асыл Ұстазымызды мерейтойымен құттықтай отырып, мықты денсаулық тілейміз. Ағамыздың асқаралы биіктері мен ғалымдық ғибраты бізге ақ жолдан адастырмас Темірқазықтай жарқырап тұра берсін!

### *Ізгі тілекпен, шәкірті,*

*Қазақстан-Британ техникалық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы*

**Жанат Дәулетбекова**

**Қуаныш Жұмабек***PhD докторы,**ҚР БҒМ ҒК А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері***Ержан Жұмабек***Түркия Республикасы Өмер Халисдемир университетінің докоранты***Самал Алиқызы***Түркия Республикасы Эрджиес университетінің докоранты*

## «АЛЛА», «ҚҰДАЙ» СӨЗДЕРІНІҢ ОРНЫНА «ТӘҢІР» СӨЗІН ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕСІ

«Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал», – деп Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев республикалық Egemen Qazaqstan газетіне берген сұхбатында айтқан еді. Тіліміздің жұлдызын биіктетіп, жарқырату үшін ең алдымен тіл тазалығын сақтауға баса мән бергеніміз жөн.

Тарихи, қоғамдық, әлеуметтік және т.б. жағдайларға байланысты тілімізге көптеген шетел сөздері енді. Араб халифатының VIII ғасырда ислам дінін тарату мақсатында Орта Азия мен Қазақстан жеріне жасаған жорықтарының нәтижесінде арабша сөздер және арабтардан кейін Орта Азияда билік құрған парсылардың Саманидтер династиясы кезінде парсыша сөздер тілімізге кірікті. Осы кезеңдерде тіліміз дін арқылы арабшадан Алла, құран, аят, ақита, азан, жамағат, зекет, зікір, имам және парсышадан Құдай, пайғамбар, намаз, ораза, періште, күнә, пір сияқты сөздермен толықты. Уақыт өте келе, «Тәңір» сөзінің орнына «Алла», «Құдай» сөздері тілдік қолданыста жиі ұшырасатын болды.

Дат ғалымы Вильгельм Томсеннің ең алғашқы оқыған сөздері «Тәңір» және «Түрік» болғаны тарихтан белгілі. Тәңір – ежелгі түркілердің және оның ішіндегі қазақтардың сенген бағызы монотеистік (бірқұдайлылық) сипаттағы Жаратушының аты. X ғасырдың бірінші жартысында Сыр бойына саяхаттап келген Аббас халифатының елшісі Ибн Фадлан көшпенді түркілердің «бір Тәңір» деп басын көкке қаратып сыйынатынын айтқан.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде Тәңірге былай деп сипаттама берілген: «Тәңір – 1) Құдай, Алла тағала. 2) Құдыретті күш иесі.» [1] Қазақта «Бір Тәңіршілдік» танымы «Жалғыз Алла тағаланың» ұғымына дәлме-дәл келгендіктен әлі күнге дейін «Тәңір жар болсын», «Алла жар болсын», «Құдай жар болсын», «Тәңір ұзағынан сүйіндірсін», «Алла ұзағынан сүйіндірсін», «Құдай

ұзағынан сүйіндірсін», «Тәңір жарылқасын», «Алла жарылқасын», «Құдай жарылқасын», «Тәңір пана болсын», «Алла пана болсын», «Құдай пана болсын», «Тәңір тілеуінді берсін», «Алла тілеуінді берсін», «Құдай тілеуінді берсін», «Тәңір қуат берсін», «Алла қуат берсін», «Құдай қуат берсін» сияқты фразеологиялық сөйлемшелер қатар қолданылады. Сондай-ақ, тарихи шығармаларымызда да Тәңір жаратушы Алланың синонимі іспеттес көрініс тапқаны байқалады. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Түркітану кафедрасының ақытушысы, PhD докторы Мирас Қосыбаев өзінің «Диуани лұғат-ит-түрік еңбегі негізінде Орта ғасыр түркілері танымындағы әлем бейнесінің этнолингвомәдени көрінісі» атты мақаласында осы ойды былай деп қуаттай түседі: «Ескерткіш тілін зерделей отырып, ғұн дәуірінен бастау алған «Тәңірлік идеяның» орта ғасыр түркілерінің дүниетанымынан да орын алғанын көруге болады. Сөздікте тәңірдің жаратушылық құдіретіне байланысты Теңгі аzun türütti «Тәңір дүниені жаратты» (DLT: II: 303), Теңгі ol yerig uaratgan «Жерді жаратқан тәңір» (DLT: III: 352), Теңгі yaljuk türpütti «Тәңір адамды жаратты» (DLT: II: 303), Теңгі oyl togturdi «Тәңір ұл тудырды» (DLT: II: 173) т.б.; тәңірдің құдіреттілігі мен парасаттылығына байланысты Umunç Teңrige tut «Үмітінді Тәңірден күт» (DLT: I: 133), Теңгі meniñ işim etti «Тәңірі менің ісімді оңғарды» (DLT: I, 171), Теңгі meni bayuttı «Тәңір мені байытты» (DLT: II: 325), Теңгі kar karlattı «Тәңір қар жаудырды» (DLT: II: 347), Men Teңriden umundum «Мен тәңірден үміттендім» (DLT: II: 206), Теңгі meni ködhezdi «Тәңір мені қорғады» (DLT: II: 162), Теңгі ölüg tırgürdi «Тәңірі өлікті тірілтті» (DLT: II: 179), Ol Teңгі seni maңa sevtürdi «Сені маған сүйдірткен Тәңір» (DLT: II: 185) т.б.; тәңірге тиіс мадақтар Uluglug Teңrige «Ұлылық тәңірге (тән)» (DLT: I: 150), Teңgrig öküş oğdümüz «Тәңірді өте мақтан тұтамыз» (DLT: I: 472) т.б.; тәңірге қатысты мақалдар мен тұрақты тіркестер Süsegen udhka Teңгі münüz bermes «Сүзеген өгізге тәңірі мүйіз бермес» (DLT: III: 364), Begim özin ogurladı, Yarag bilip ogurladı. Ulug Teңгі agrıladı, Annın kut

kıv türı togdı «Бегім өзі тасаланды, Сәтін біліп жауып алды. Ұлы тәңірі құрмет тұтты, Содан құт-бақ дәулет туды» (Бегім істің сәтін бағып, қосындардан шеткері кетіп жасырынды; Істің сәтін біліп, уақытында істеді; Ұлы тәңірі әзіздеп, содан құт, дәулет туды; бақыт тапты.) (DLT: I: 301), Toyın tapugsak, Teңгі sevinşsiz «Тойын табынғыш, Тәңірі сүйінішсіз» (Мұсылман болмағандардың дін басылары Ұлы Тәңірге құлшылық етіп табынар, бірақ Ұлы Тәңір оның табынғанына сүйінбес, разы-хош болмас.) (DLT: III: 377) т.б. сынды тілдік бірліктерден Тәңір жаратушы Алланың синонимі іспеттес көрініс тапса, кейбір түркі тайпалары арасында аспан және үлкен, зор нәрселер үшін де тәңір лексемасының қолданғандығын көруге болады (МҚ: III: 505).» [2]

Сонау есте жоқ ескі замандардан ата-бабаларымыз арқылы бізге жеткен Тәңірге қатысты мақал-мәтелдер аз емес. Мысалы, «Бабалар сөзінің» 65, 66 -томдарында Тәңірге байланысты мынадай мақал-мәтелдер кездеседі:

«Тәңірім берейін деген құлының айдап салар жолына,

Бермеймін деген құлының іздесе, таптырмайды пұлына.» [3]

«Тәңір асырағанның малын бөрі жемес;

Тәңір күні тарыдан да көп;

Тәңірі асыраған тоқтыны бөрі жемес;

Тәңірі асырағанның малын қасқыр жемес;

Тәңірі малын сайтан қызғанар;

Тәңірінің күні тарыдан да көп;

Тәңірінің салғанын көрейін.» [4]

Қазақ өлеңі дегенде көз алдымызға қазақтың образы елестейді. Ұлы Тәңірді жырына қоспаған қазақ ақыны жоқ шығар. Солардың қатарында Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы және Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы бар.

«Зарланарсың, ойланарсың,  
Не болам деп енді мен.  
Құрбылардан қорланарсың,  
Тәңірі ісіне сен де көн.  
Қайғысыз пенде,  
Көрдің бе,  
Өмірінде?»

Тәңірі сорлы етсе пенде,  
Не бітірер құр жылап.  
Жігері жоқ ақылы кенде,  
Жамбасыңнан жат сұлап.  
Бір жаман мен бе,  
Дедің бе,  
Көңілінде?» [5]

«Байлықты алып, мұратқа өзің жеттің,  
Кемдікті маған беріп тентіреттің.  
Қымыз ішсең, көже ішіп мен де  
жүрмін,  
Бәрі бір, бай болғанмен қайтып өттің?  
Сүйткенмен мен де өлемін, сен де  
өлесің,  
Қаза келсе – қалмайсың, жөнелесің.  
Тәңрі алдында, білмеймін, кім озады,  
Өлгенде малың жалдап не көресің?» [6]

«Дүниеде көрдім бәрін не барқатты,  
Бес жаста қалам ұстап, жаздым хатты.  
Ат беріп, ақша беріп шашқаным жоқ  
Жүзіне жалған дүние Мәшһүр атты.  
Бұл атты жоқтан бар ғып Тәңірім шаш-  
ты,

Сөзімді жұрт сырға ғып құлаққа асты.  
Бойтұмар басқаларға болған сөзім  
Өзімді қылмас тіпті аяқ асты.» [7]

Мұхтар Әуезов қазіргі таңда 80 жылға жуық тарихы бар Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіне заманында білім ордасының өзіндік ерекшелігі мен маңызын аңғарып «Тәңір жазса, бұл институт болашақ қазақ қыздарының шамшырағына айналды. Осы шамшырақтың жарық сәулесі сөнбесін дейік», – деген екен.

Құранда «Алла» және «Иләһ» сөзі бар. Иләһ сөзі кейде жалпылама мағынасында пұттарға, кейде Алла тағала үшін берілген. «Мұғтазали мен Кәррами мәзһабының өкілдерінің пайымынша Алланың мағынасын беретін өзге тілдегі атауды қолдануға болады. Әл-Бақиллани әшғари ақидасын ұстанса да осы көзқарасты құптаған.» [8] Осы деректерге сүйенсек, діни түсінікте де бұл тақырып бойынша мәселе жоқ.

Абай ағамыз былай дейді: «Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол адамның білімсіз бейшарасы». Сонымен қатар, Бауыржан Момышұлының «Анамыздың ақ сүтімен дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамыздың тарихын ұмыту» деген сөзі бар. Ұлттың рухы қашанда ғасырлар бойғы салт-дәстүрге, құндылықтар мен мәдениетке және тілге сүйенеді. «Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті» дейді дана қазақ. Ана

### Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Тіл комитеті, Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (50 мыңға жуық сөз бен сөз тіркесі), Дайк-Пресс, Алматы – 2008, – 791 бет.

2. Косибайев М., «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегі негізінде Орта ғасыр түркілері танымындағы әлем бейнесінің этнолингвомәдени көрінісі, *Türk Dünyası Dil ve Edebiyat Dergisi*, № 39, Анкара – 2015 жыл, – 169-170 беттер

3. Әдебиет және өнер институты, *Бабалар сөзі, жуз томдық, Қазақ мақал-мәтелдері, 65 том, Фолиант, Астана – 2010, – 65 бет*

4. Әдебиет және өнер институты, *Бабалар сөзі, жуз томдық, Қазақ мақал-мәтелдері, 66 том, Фолиант, Астана – 2010, – 275-276 беттер*

5. Жиренишин Ә., Абай Құнанбаев, *Қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, Алматы – 1961, – 178 бет*

6. [http://kultegin.kz/#!1\\_1\\_45](http://kultegin.kz/#!1_1_45)

7. <https://bilim-all.kz/olen/133-SHaitannyn-saudasy>

8. [https://alashainasy.kz/din\\_islam/allanyi-kuday-tanr-dep-atauga-bolama-126686/](https://alashainasy.kz/din_islam/allanyi-kuday-tanr-dep-atauga-bolama-126686/)

## Уалиев Ж.Р., Тажбағанбетова С.А.

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті*

## ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚҰЖАТ АЙНАЛЫМЫ

Қазіргі уақытта, инновациялық ақпараттық-бағдарланған экономика- ны дамыту кезеңінде басқару процесіне инновациялық технологияларды енгізу, ұйымдарда құжаттар қозғалысы мәселесі өзекті болып отыр. Сонымен, электрондық құжат деп электрондық нысанда және электрондық пошта- мен ақпарат алмасуды қоса алғанда, электрондық, магниттік, оптикалық немесе ұқсас құралдардың көмегімен дайындалған, жіберілген, алынған неме- се сақталатын ақпарат танылады.

Шаруашылық қызметпен айналысатын ұйымдарға электрондық құжат айналы- мы жүйесін енгізу өзекті болып табыла- ды. Электрондық құжат айналымының негізгі ерекшеліктері мен ұғымдарын қарастырайық.

Электрондық құжат айналымы - "қағазсыз іс жүргізу" тұжырымдамасын іске асыра отырып, электрондық түрде ұсынылған құжаттармен жұмыс істеу

жөніндегі бірыңғай тетік.

Электрондық қол - ЭҮ - электрондық құжаттардың тұтастығын бақылау және түпнұсқалығын растау мүмкіндігін қамтамасыз ететін ақпаратты қорғау құралы болып табылатын өз қолымен қойылған қолдың аналогы. Электрондық құжат айналымының негізгі принциптері [1-3]:

- құжатты бір жақты сәйкестендіруге мүмкіндік беретін құжатты бір рет тіркеу  
- құжаттардың қозғалыс уақытын қысқартуға және олардың орындалу жеделдігін арттыруға мүмкіндік беретін операцияларды қатар орындау мүмкіндігі  
- құжаттың (үдерістің) өмір сүру уақытының әр сәтінде құжаттың (міндетті) орындалуына жауапты тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін құжат қозғалысының үздіксіздігі.

- құжаттардың қайталану мүмкіндігін болдырмауға мүмкіндік беретін құжаттық ақпараттың бірыңғай (немесе

келісілген бөлінген) базасы.

- құжатты табуға мүмкіндік беретін, ол туралы ең аз ақпаратқа ие болатын құжатты іздеудің тиімді ұйымдастырылған жүйесі.

- құжат айналымы процестері бойынша құжаттардың қозғалысын бақылауға және есептердегі деректерге негізделі отырып, басқарушылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін құжаттардың әртүрлі дәрежелері мен атрибуттары бойынша есептіліктің дамыған жүйесі.

Электрондық құжат айналымының артықшылықтары мен кемшіліктері бар.

Электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу [4-6]:

1. Құжаттармен жұмыс істеу процесін толық автоматтандыру;

2. Қашықтағы пайдаланушылармен және пайдаланушылар топтарымен жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз ету;



3.Электрондық поштаның сыртқы жүйелерімен интеграцияны қамтамасыз ету;

4.Модульдік және кіріктірілген аспаптық құралдардың болуы арқылы электрондық құжат айналымы жүйесінің базалық мүмкіндіктерін арттыру;

5. Пайдаланушылардың шектелмеген саны жүйесінде бір мезгілде жұмыс істеу процесін қамтамасыз ету;

6.Құжаттармен жұмыс істеу тиімділігін арттыру;

7. Құжаттармен жұмыс істеудің корпоративтік мәдениетін арттыру;

8.Қағаз құжат айналымының көлемін айтарлықтай азайту;

9.Құжаттарды өңдеу және жіберу уақытын, құжаттарды іздеу уақытын, құжаттардың жобаларын келісу және бекіту уақытын қысқарту;

10.Құжаттардың электрондық және қағаз нұсқаларын бір мезгілде пайдалана отырып, барлық Құжаттамалық процестерді қамтамасыз ету;

11. Құжаттардың барлық түрлерін тіркеу процесін ретке келтіру (электрондық пошта мен web-формалардан тіркеу, ағындық сканерлеуді қолдау, кез келген форматтағы файлдарды тіркеу);

12.Жұмыс ағынын басқаруды қамтамасыз ету (орындаушылар арасында құжаттарды беру);

13.Өзара байланысты құжаттармен жұмыс істеу процесін қамтамасыз ету;

14.Өмірлік цикл бойы құжатты басқаруды қамтамасыз ету;

15.Құжат жасалған сәттен бастап оны мұрағатқа тапсырған сәтке дейінгі барлық үдерістердің ашықтығын қамтамасыз ету;

16.Құжаттармен жұмыс істеу тарихын сақтау (уақытты және құжатпен барлық іс-әрекеттердің авторларын есепке алу, жұмыс түсініктемелерін сақтау, қосылған файлдардың нұсқаларын қолдау);

17.Құжатты жасау тарихын қадағалау;

18.Құжаттарды келісу мен бекітудің нақты процесін қамтамасыз ету;

19.Тапсырмалардың реттелген жүйесін құру;

20.Атқарушылық тәртіпті нақты бақылауды қамтамасыз ету;

21.Кез келген критерий бойынша құжаттарды сұрыптауды жүргізу;

22. Әр түрлі атрибуттар бойынша ақпаратты іздеуді және толық мәтінді іздеуді қамтамасыз ету;

23.Құжаттардың қозғалысы туралы статистикалық деректерді жинау мен талдауды автоматтандыруды қамтамасыз ету;

24.Құжаттардың электрондық үлгілерін мұрағаттық сақтауды қамтамасыз ету;

25.Қол жеткізу құқықтарын регламенттеуді қамтамасыз ету;

26.Құжаттарға жылдам қол жеткізуді қамтамасыз ету;

27.Құжаттардың сандық шығынын азайту.

Сондай-ақ электрондық құжат айналымы жүйесінің өз кемшіліктері бар. Оларды электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу туралы шешім қабылдау кезінде ескеру қажет. Егер компания өз негізінен бастап электрондық құжат айналымы жүйесін енгізсе, онда ол қызметкерлерде "стрессті" шақырмайды. Ал егер шешімді ұзақ уақыт бойы қарапайым құжат айналымы бар компания қабылдаса, жүйені реформалау қызметкерлердің бірқатар "стресстерін" тудыруы мүмкін екенін ескеру қажет. Барлық жаңа, қиындықтармен қабылданады. Сондай-ақ, компанияның бағдарламалар мен құжат айналымы жүйелерін сатып алуға, сондай-ақ оларды енгізу мен одан әрі қызмет көрсетуге жұмсалатын шығындарды әкелуі мүмкін фактіні назарға алу қажет.

Сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің бос орындары бар. Нарық "қарақшылық" дисктермен су астында болғандықтан, жақсы мемлекеттік құрылымдарда шағын және орта бизнес кәсіпорындары туралы не айтуға болады? Бәсекелестік - бизнес заңы. Жосықсыз бәсекелестен қағаз тасығыштарда орналастырылған ақпаратты алу қиын: құжаттар әртүрлі үй-жайларда, шкафтарда (үстелдерде, сейфтерде), бөлінген папкаларда сақталуы мүмкін. Электрондық дерекқорлармен оңай. Қазіргі заманғы хакерлер қашықтықтан қол жеткізу арқылы жоғары қорғаныс дәрежесі бар қымбат бағдарламаларды бұзады. Келесі кемшілік-құжат айналымы ағынының күрт өсуі. Нәтижесінде-серверлер жеңе алмайды, Енбек өнімділігі төмендейді. Қағаз құжат айналымы болған кезде мұндай күрт серпіліс мүмкін емес. Тағы бір кемшілік - бұл құжат айналымының ұлғаюының салдарынан еңбек шығындарының артуы. Жұмыс үлгеруді барабар осындай бөйге шешім қабылдау кадрлық мәселелер бойынша. Штат құрамы бұрынғы күйінде қалады.

Электрондық құжат айналымы жүйесін енгізудің негізгі проблемасы техникалық инфрақұрылымды жаңғырту, оның ішінде қажетті жабдықтарды (үздіксіз қоректендіру көздері, серверлер және т.б.) және бағдарламалық қамтамасыз етуді (БҚ) сатып алу болып табылады. Содан кейін серверге және пайдаланушылардың жұмыс орындарына бағдарламалық жасақтама орнату, сондай-ақ компанияның ұйымдық құрылымына сәйкес жүйені баптау жүргізіледі.

Басқа проблема персоналды электрондық құжат айналымы жүйесімен жұмыс істеу дағдыларына үйрету болып табылады. Оқыту кезеңі жүйені пайдаланудың басталуымен жиі біріктіріледі. Әдетте, пайдаланушылар жүйедегі рөліне байланысты

қалыптасатын топтарда электрондық құжат айналымы жүйесінде жұмыс істеу бойынша базалық білім алады. Алынған білім электрондық құжат айналымы жүйесін енгізуді жүргізген мамандардың консультациялық қолдауымен жұмыс орындарында бекітіледі. Құжат айналымы жүйесін тәжірибелік пайдалану техникалық тапсырмадан және ескерілмеген талаптардан жасырын ауытқуларды анықтау мақсатында жүргізіледі. Олар анықталған жағдайда электрондық құжат айналымы жүйесінің баптауларына тиісті түзету жүргізіледі. Біздің пікірімізше, ЭҚЖ енгізу процесі, оның қызметі саласына, оның персоналының санына және қатысу аумағына қарамастан – күрделі көп кезеңді процесс, ол қажет барлық ұйымдарда іске асыру, өйткені бұл жүйе барлық ұйым жұмысының тиімділігін жүйелендіруге, жеңілдетуге және арттыруға мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер тізімі

1.Глекова Н.Л., Жильников А.Ю. Анализ процесса реализации политики импортозамещения // В сборнике: Инновационные подходы к решению социально-экономических, правовых и педагогических проблем в условиях развития современного общества материалы I международной научно-практической конференции. 2015. С. 139-142.

2.Егорихина М.С., Козлов С.Н. Теоретические аспекты программного бюджетирования как процесса повышения эффективности функционирования государственных и муниципальных финансов // Вестник НГИЭИ. 2015. № 7 (50). С. 15-20.

3.Науменко Т.В. Маркетинг и маркетинговые коммуникации в системе современной экономики // Конкурентоспособность в глобальном мире: экономика, наука, технологии. 2016. № 3 (15). С. 171-176.

4.Гришеницев А.Ю., Коробейников А.Г. Постановка задачи оптимизации распределённых вычислительных систем // Программные системы и вычислительные методы. 2013. № 4. С. 370-375.

5.Жильников А.Ю. Региональная инновационная система // В сборнике: Теоретические и прикладные вопросы науки и образования сборник научных трудов по материалам Международной научно-практической конференции: в 16 частях. 2015. С. 62-65.

6.Иванов С.Л., Шамин А.А. Расширение возможностей защиты информации в MS Excel посредством применения макросов // Вестник НГИЭИ. 2016. № 4 (59). С. 93-98.



**Бабакулова Зауре Исабековна**

*Учитель русского языка и русской литературы  
 в казахских классах  
 школы-гимназии  
 №50 имени Ахмета Байтурсынова  
 города Шымкент*

**ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДОВ КРИТИЧЕСКОГО  
 МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ  
 РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ»**

*Цель обучения ребенка состоит в том, чтобы сделать его способным развиваться дальше без помощи учителя.*

**Кин Хаббард**

На каждом уроке учитель стремится узнать пороговый уровень знаний учащихся, применяя для этого различные методы, приемы и виды опросов. Мы знаем, что критическое мышление - это что-то заведомо хорошее, некий навык, который позволит нам успешно справляться с требованиями поставленными перед учителем и учеником.

Критическое мышление - это способность ставить новые вопросы, выработать разнообразные аргументы, принимать независимые продуманные решения.

Критическое мышление – это способ мыслить критически, наивысшая организация мыслительных функций, заключающихся в анализе, синтезе, сопоставлении информации, нахождении причинно-следственных связей, умение делать собственные выводы.

Приемы технологии критического мышления, которые могут быть использованы на уроках русского языка и литературы.

Толстые и тонкие вопросы.

Данный прием может применяться для самостоятельной учебной и домашней работы. “Тонкими” вопросами называют простые односложные вопросы, которые требуют простого ответа на уровне восприятия. “Толстые” вопросы выводят учеников на более высокий уровень мышления: сравнение, анализ, синтез, оценку.

Систематическое применение данного приема учит учеников грамотно задавать вопросы и осознавать их уровень сложности. Вопросы могут задаваться устно или оформляться в таблицу.

Синквейн.

Этот прием позволяет ученикам проявлять свое творчество и выразить свое отношение к изучаемому явлению, объекту. Развивает творческое мышление, речь, обогащает словарный запас. Синквейн –

это стихотворение, которое требует синтеза материала в кратких предложениях. Таким образом, это стихотворение, состоящее из 5 строк.

Правила написания синквейнов:

В первой строчке тема называется одним словом.

Вторая строчка – это описание темы в двух словах (2 прилагательных).

Третья строчка – это описание действия в рамках этой темы (3 глагола).

Четвертая строчка – это фраза из четырех слов, показывающая отношение к теме.

Пятая строчка – это синоним (метафора) из одного слова, которое придает суть темы.

Пример:

Солнце  
 большое, яркое  
 светит, греет, радует  
 Солнце очень горячее тело.  
 Шар  
 Солдат  
 Смелый, выносливый.  
 Защищает, охраняет, служит.

порядке в виде грозди. Делая какие-то записи, зарисовки для памяти, мы часто распределяем, komponуем по категориям. Правила очень простые. В центре записывается слово, вокруг которого фиксируются слова или предложения, связанные с темой. Наши мысли располагаются в определенном порядке, т.е. гроздятся. Целесообразно выполнять данную работу на листе ватмана для более эффективного использования пространства кабинета. В работе над кластерами необходимо соблюдать следующие правила:

1. Не бояться записывать все, что приходит на ум. Дать волю воображению и интуиции.

2. Продолжать работу, пока не кончится время или идеи не иссякнут.

3. Постараться построить как можно больше связей. Не следовать по заранее определенному плану.

Пример.

Тема. Имя прилагательное как часть речи.

Задание: выделить основные отличительные признаки имени прилагательно-



Он бережет родную Землю.  
 Воин.

Кластер. Цель: установить максимальное количество признаков изучаемого понятия.

Кластер (пучок) – схема, применяемая в том случае, если изучаемое явление обладает целым рядом разных по значению признаков. Кластер предполагает выделение смысловых единиц текста и графическое оформление в определенном

го как части речи.

Прием “Верите ли вы?”.

Этот прием позволяет держать учащихся в интеллектуальном напряжении весь урок и придает ему определенную интригу. Данный прием способствует формированию умения критически оценивать результат. Также используются для проверки слова “Да”, “Нет” с последующей самопроверкой.



Кроссворды – это тоже прием критического мышления.

Прием “Письмо по кругу”.

Сочинение на определенную тему по одному предложению.

Прием “Закончи предложение” – позволяет ученикам оценить изучаемый объем, высказать свое собственное мнение, суждение и отношение.

Прием “Взаимоопрос”.

Он направлен на то, что ученику легче ответить своему однокласснику, чем учителю, снимается зажатость, страх перед ошибкой. Работа идет в парах. Преподаватель фиксирует правильные и неправильные ответы. Данный прием весьма эффективен при работе со слабыми детьми. Он позволяет закрепить изученный материал и выявить пробелы у каждого ученика.

Прием “Сбор ассоциаций”

Учитель выделяет ключевое понятие изучаемой темы, предлагает ученикам за определенное время написать как можно больше слов или выражений, связанных с предложенным понятием. Важно, чтобы школьники писали приходящие на ум ассоциации.

1 этап – ученики работают индивидуально

2 этап – обсуждение в группах. Группы

выделяют совпадающие представления, наиболее удачные и оригинальные идеи, вырабатывают коллективный вариант.

3 этап – каждая группа поочередно называет одно из выписанных выражений. Учитель их фиксирует на доске. Основное условие не повторять то, что уже было сказано другими. Прием используется при изучении тем, связанных с раскрытием лексического значения слова, при работе с текстом и словарем.

Пример. Зима (снег, холод, мороз, Новый год, коньки, снеговик, метель, иней и т. д.)

Заповедник (редкие растения и животные, Красная книга, лес, природа)

Прием “Знаете ли вы, что”.

Позволяет настроить ученика на работу, заинтересовать изучаемой темой. Данный прием предполагает использование необычной, увлекательной информации, связанной с темой урока.

Прием “Диаграммы сравнения”

Цель: развитие умения сравнивать и обобщать

Учитель группам дает задание: по опорной схеме сравнить два понятия и отразить их в диаграммах. Отличительные признаки записываются в каждой из диаграмм, а сходные – в месте их пересечения.

Рефлексивные вопросы.

Этот прием заключается в наборе вопросов. Набор рефлексивных вопросов:

Что показалось вам сегодня трудным?

Каким способом была решена задача, нельзя ли иначе?

Что в изученном сегодня для вас самое главное?

Были ли моменты радости, удовлетворения от своих удачных ответов?

Были ли моменты недовольства собой?

Таким образом, применение элементов технологии критического мышления создает условия для творческой самореализации личности, развития познавательных способностей и коммуникативных умений учащихся, их нравственного потенциала.

Будет ли востребована критическая теория в современных реформах, как она будет реализована в отечественной системе образования, зависит от всех нас, а от этого зависит, как мы и наши дети будем думать и жить, учиться и учить в новом мире. Учащихся надо учить критически мыслить, то есть критически слушать и воспринимать, осмысливать и анализировать новую информацию, критически развивать и совершенствовать себя.

## А.Н.Отарова

*ф.ғ.к., доцент, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті,*

*Ақтау қ., Қазақстан Республикасы, e-mail: akmaral.otarova@yu.edu.kz*

## МҰРЫН ЖЫРАУ- ӘЛЕМДІК СӨЗ ӨНЕРІНДЕГІ ЕРЕКШЕ ҚҰБЫЛЫС

Халық ақындарының дені суырып салмалық қасиетке ие. Импровизациялық өлең айтуда творчестволық үлкен жауапкершілік бар, бұл қасиет ақынның жаратылысында сүтпен кірген, сүйекке сіңген қасиетпен бірге бұрынғы машықты үздіксіз үйренуге, бұрынғы дәстүрді дамытуға төселуге байланысты туып, дамып шыңдалатын өнер.

Жатқа айтатын репертуары бай табиғи таланты күшті жыршылар ел эпосының ең шұрайлы көлемді көркем нұсқаларын жадында ұстай білген.

Жыршылар жөнінде белгілі фольклортанушы Ә.Қоңыратбаев: “Олар асқан импровизатор, теңдесі жоқ күйші (домбыра, қобыз), яғни музыка өнерінің білгірі, ғажайып орындаушы, заман, ел жайын толғайтын, ойшыл, ұстаз.” [1,46] - деп анықтама береді. Қазақ фольклорын

төңкеріске дейін жинап бастырған орыс ғалымдарының еңбектерінде жергілікті ерекшеліктерге мән берілмеген, олар жалпы қазақ фольклорын сипаттап тұтас тұрғыдан түрлі пікірлер тұжырымдаған. Мыс: В.В.Радловтың халық шығармашылығының ұзақ даму жолынан өткендігін, кейінгі кітаби ақындардың ауыз әдебиетіне әсерін байқаған тұжырымдары бағалы. Бірақ ғалым қазақ фольклорының барлығын түгел қамти алмауы себепті Маңғыстау өңіріндегі эпикалық дәстүр жайлы пікір білдірмейді. Маңғыстау өңірінде туған фольклорлық мұралардағы – ерлік жырларының молдығы мен эпикалық сипатының басымдығы басым белгі екенін қазақ ғалымдары өз зерттеулерінде түрлі дәрежеде тілге тиек еткен. Бірақ кең ауқымда сөз етуге заман

қысымының ықпалы кедергі келтірген.

Белгілі ғалымдар: С.Сейфуллин, М.Ғабдуллин, Е.Ысмайылов бұл дәстүрді ел басынан өткерген ірі оқиғалардың себебімен байланыстырады. Сондай-ақ өлкеде ерлік жырлары көп пайда болып, оның халық арасына кең таралып, жетуіне қызмет еткен дәстүрлі ақын-жыршылар ортасының өз дәстүрін ұзақ уақыт үзбеуі де себеп болған.

Қоғам дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі халық өміріндегі ішкі-сыртқы шиеленісті жағдайларының бәрі оның фольклорына сәулесін түсіреді. Халықтың дәстүрлі ел қорғау идеясын қайта жаңғыртып, ел қорғаған ерлер жайлы бұрынғы жырлар кең жайылумен қатар, өз дәуірінің ержүрек ұлдарын дәріптеген жаңа сипатты ерлік жырлары туады.

Халық әдебиетін тудырушы және сақтаушы, қазақ халқының өзі болғанымен, халық творчествосын жарқыратып көрсетушілер: өлеңшілер, халықтың суырып салма ақындары және халық билері. Шешендікпен өз ойын ырақ әуенмен жеткізу қабілеті күллі қазақ халқына тән қасиет. Бұл тұрғыдан, әсіресе, ақын, жырау, халық билері ерекше көзге түседі. Қалың бұқара арасынан шыққан олар – халық әдебиетінің мән-мазмұны мен тіл тазалығын сырттан келетін жат әсерлерден қорғаушылар, әрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, қазақ халық әдебиетін сақтаушылар, халық әдебиетін жасаушы бұлардың есімі көп жағдайда ұмыт болған, әйтсе де, қайсыбір шығармаларының туу тарихы белгілі бір есімдермен байланыстырылады.

Халық ақындары өз туындыларын әрқашан табан астында суырып салып шығарады. Және әдетте оны өздері хатқа түсіре қоймайды. Бұл суырып салған шумақтар сол бойда жатталып, белгілі бір адамның туындысы ретінде біреуден-біреуге жеткізіледі. Қайта айтушының өзгерістер енгізетіні, авторы неғұрлым ертеде өмір сүрсе, соғұрлым өзгерістердің де көп болатындығы, әрине, табиғи құбылыс. Сондықтан да қазіргі кезде белгілі ақын атына таңылатын шығармалардың да фольклорлық сипаты басым.

Белгілі халық жырлары, поэмалары, т.б. кімнің аузынан тұңғыш рет жазылып алынса, соған таңылады немесе кейбір ақындар қайсыбір нұсқаның соңғы жеткізушісі өзі болғандықтан, авторлықты өздеріне иеленеді.

Мысалы, Қ.Жұмалиев Абылды қазақ жерінің батыс аймағындағы әдеби ортаның ірі өкілдерінің бірі деп бағаласа, М.Әуезов үздік ақын ретінде, Е.Ысмайылов творчестволық дәстүрлері өз заманындағы ақын-жыршыларды үнемі қызықтырып отырған асқан жүйрік импровизатор ақындардың қатарында атайды.

Сондай-ақ әр шығармашылық тұлғаның өзіндік құлақ күйі, қол қағысы, музыкалық қолтаңбасы болған. Бірде асқақтап, биік шығатын, бірде сорғалап төмен құйылатын сөз ақын жырының мықты сүйенішіндей. Мысалы, Қалнияз, Мұрын жыраулар Батыс Қазақстан, Ақтөбе маңының, Атырау жағалауының ақындарына тән жорық жырларының сарынын беретін екпінді, атойлы күйлерді тартқан. Мұндай жыр сазын Маңғыстау елінде “жыр күйлер” қарақалпақ, түрікмен жеріндегі қазақтар “жыр сарыны” деп атаған.

«Қазақтың батырлық эпосын айтып таратушы Ақтан, Нұрым, Қашаған жыраулар осы соңғы аталған дәстүрдің өкілдері. Желілі жырларды желпіте, дамыта айтқандықтан халық бұларды жырау деп те, жыршы деп те атап

кеткен». ,” [2,85] - Бұл жүйедегі жырауларда заманды тұспалдай айту жоқ, бұлар негізінен ел аузында жатталып келе жатқан, тарихқа байланысты батырлық бейнелерді өзінің сынынан, ой елегінен екшеп өткізіп алып айтатын болған. Жырау бойына тән қасиеттердің көп белгісі маңғыстаулық жыраулар шығармашылығында көрініс тапқан. Жыраулық өнердің мүлде жоғалып кетпей, ақындықпен немесе жыршылықпен сабақтаса дамып, бір кісінің бойынан табылатынына біздің заманымызға дейін жеткен Мұрын жырау, Сәттіғұл жырлары дәлел.

Батыс өңіріне ғана емес, қазақтың эпикалық дәстүрінде оқшау орны бар Мұрын жырау Сеңгірбекұлы (1860-1952) батыс өлкедегі жайлаған адай еліндегі, көрші қоныс тепкен түрікпен Қарақалпақ елдерінде аты шығып, даңқы жайылған ақындардан жыраулардан, жыршылардан көп тағылым алған. Мұрынның рухани тәлімгері Абыл болғанын, ал Абылға жеткен жырлардың түп-төркіні Сыпыра жырауда жатқанын Қ.Сыдықов айтады: “Өлең жылқы секілді еді, шын жүйрік саулағанда жанға шалдырмайтын... Сөздің мәнісін жыршы біледі. Сен бізден кейін елге жыршы боларсың” [2,125] депті деп Абылдың Нұрымға сенім білдіруі дәстүрді жалғастыруға жауапкершілікпен қарағанын көрсетеді.

Мұрын жыршы ғана емес, өз жанынан тың тақырыпқа өлең шығарып айтқан. Оның үлкен қасиеті – желілі жырларды ұзақ уақыт бойы талмай айтқан және уақиғаны шашыратпай, мазмұнын жинақылап, жүйелей, логикалық тұрғыдан бұзбай шебер орындаған. “Мұрынның жыршылығы мен жыраулығы қатар келісімін тапқан, өнердің бір-біріне ұқсас екі басын тең ұстайтын тәлегей адам еді”.

1942-1943 жылдары Мұрыннан “Қырық мың жол Қырымның қырық батыры” мен Нұрпейіс Байғаниннен “Қобыланды”, “Құбығұл”, “Төрехан” сияқты дастандар жазылып алынған. Бірақ ол кезеңде жыршының талант қуатының жан-жақты ашылуына мүмкіндік те болмаған.

“Қырымның қырық батыры” кейде “Ноғайлы жырлары” деп аталады. Бұл эпостағы кейіпкерлердің көпшілігі Алтынорданың ыдырау, Қырым хандығының орнауы кезіндегі адамдар екендігі жайлы құнды пікірлерді алғаш айтушылардың бірі – М.Ғабдуллин мен Қ.Жұмалиев.

Яғни Сонау Асан, Сыпыралар негізін салып, олардың мұрагерлері ұзақ жылдан дамытқан ата-баба аманаты Мұрын арқасында бүгінгі ұрпаққа жеткен. Ол тәлегей теңіздей мол дүниені сан жылдар жадында сақтап, ерекше шеберлікпен жүйелі орындайтын біздің дәуірімізге жеткен бірден-бір үздік жыршы болды.

Алайда, кеңес үкіметі тұсында жазып алуға әрекет жасалғанмен өз дәрежесінде нәтижелі болмаған. Себебі: Нұрпейісше айтсақ: “Түйдектелген, ақындықтың ажары болған түйінді сөз жүйрік ат сияқты тобырлы жерден шығады”.

Сондай-ақ ақындық шабыт пен көңіл-күй, түрлі ахуал да ақынға әсер етеді. “Суырып салма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тоқ еткізіп жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайтып ақынға соқпайды”

Қазіргі таңда зерттеушілер бұл тарихи-қаһармандық эпостың әлемдік деңгейдегі Гомердің “Илиадасы” мен “Одиссеясы” шығыс халықтарының “Мың бір түні”, қырғыздың “Манасы” тәрізді адамзаттың мәдени құндылықтары қатарынан орын алуы тиіс екендігін айтуда. Қ.Сәтпаев, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Н.Сауранбаев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібай, С.Қасқабасов, Қ.Сыдықұлы, С.Қондыбай т.б. еңбектерінде «Қырымның қырық батыры» жыры әр қырынан зерттеледі. Ғұмырнамалық тұтастануға түскен жыр В.М.Жирмунский, Е.М.Мелетинский еңбектерінде талданған.

Аты аңызға айналған атақты жырау халқымыздың сан ғасыр бойы жинаған асыл мұрасы – рухани қазынасын жаңғырта, жасанта жырлап, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Сонау заманда Сыпыра жырау негізін салған «Қырымның қырық батыры» жырлары кезінде батыс Қазақстан, Атырау бойы өңірінде кең тарап, оны жүйелі жырлау дәстүрі ғасырдан ғасырға ұласқан. Бұл дәстүр әр дәуірде дарынды жырауларды дүриеге әкеліп отырған. Жоғарыда аталып өткен жыршы- жыраулар осы дәстүрдің дамуына үлес қосқан өнерпаздар. Сол дәстүрді дамытып, біздің дәуірімізге жеткізуші – осы Мұрын жырау.

Мұрын батырлық жырларды қандай ұзақ болса да, бір-екі айтқаннан-ақ ауызша үйреніп, жаттап алатын аса зерек, қабілетті кісі болған. Оны өзінше дамытып, тыңдаушыға қызықтыратындай сан түрлі саз-әуенмен жырлап отырған. Ол жыр айтып көптеген жерлерді – Маңғыстаудың ойы мен қырын, Атырау алқабын, Қарақалпақ, Өзбек, Түрікпен елдеріндегі қазақ ауылдарын аралайды. Мұрын өзі айтқандай Хиуа, Бұқар, Байрамалы, Теджент, Көне Үргеніш, Нөкіс секілді отыздан астам қалаларда болып, жыр айтып, атағы жайылған.

Мұрын қырық жасқа келгенде жыр айтуды азайтып, өзінің ата кәсібі зергерлік, ұсталықпен айналысады. Бұл кездерде оған Сәттіғұл, Дүйсенбай, Айтқұл, Сәду, Өткелбай, Шамғұл секілді ақындар мен жыршылар келіп, жыр тыңдайды.

Қырық екі жыл бойы ұсталық,

зергерлікпен айналысқан Мұрын сексеннен асқан шағында жыршылық өнерге қайтадан ден қояды. Ұлы Отан Соғысының қиын күндерінде 1942 жылы Мұрын жырау Алматыға шақырылады. Онда баласы Дәуітбай екеуі бес айдай болып, СССР Ғылым академиясының қазақ филиалының өтініші бойынша «Қырымның қырық батыры» деген жырдан отыз алты батыр туралы жыр айтып, жаздырады. Төрт батыр туралы жырды 1947 жылы жаздырып жібереді.

Үлкен еңбекпен жазып алынған «Қырымның қырық батыры» деп аталатын «Ноғайлы жырлары» қазір Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының Орталық Ғылыми кітапханасында сақтаулы тұр. Қырық батыр туралы жырлар «Ала тайлы Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Ер Қосай», «Манашы ұлы Тұяқбай», «Телағыс», «Айсаның ұлы Ахмет», «Қарға бойлы Қазтуған», «Асанқайғы», «Абат», «Тоған», «Алау», «Әмет», «Төрехан», «Ақжонасұлы Ер Кеңес», «Қыдырбайұлы Қобыланды» сияқты батырлар жырынан тұрады. Қырымның қырық батырында» ХІҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы және одан кейінгі дәуірдегі батырлар жырланады.

Академик Н. Сауранбаев бұл жырларды қазақтың халық болып қалыптасу кезеңімен байланыста қарайды. «Қырық батыр» құрамындағы жырлар әр дәуірде туған. Ел тағдыры сыналған елеулі оқиғалар кезінде жыраулар сол жырларды қайта жаңғыртып, өткен дәуір батырларын өнеге ретінде жырлаған.

«Қырық батыр» жырларында ноғай, қазақ батырларының қалмақ, қызылбас, ыңдыс-қалмақтар басқыншылығынан елін, жерін қорғауға, өз елінің тәуелсіздігі үшін ерлік күрестері суреттеледі. Ғалым С. Садырбаев байыптағандай, «Қырық батыр» жырларында, әсіресе, батыр өмірінің туғаннан өлгенге дейінгі әр кезеңін нақты суреттейтін өмірбаяндық және тұқым қуалап, үрім- бұтағының бәрі батыр болатын генеологиялық сипат басым». [3,1056].

«Қырық батыр» жырларында өмірде болған адам, ел, жер, су аттары кездесе тұрса да, оған нақты тарихи дерек ретінде қарауға болмайды. Бұрынғы жыраулар да, Мұрын да тарихта болған оқиғалар мен адамдарды дәлме-дәл өмірдегі қалпында, шындық тұрғысынан көзсетуді мақсат етпеген, олар баба жыраулар арқылы ұласқан көне сюжеттерді халықтың арман-мұраты тұрғысынан қиялға бөлеп суреттеген.

Профессор Р.Бердібаев батырлық жырларды зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып: «Эпостан тарихта ерекше роль атқарған дәл, нақты тұлғалар мен оқиғаларды іздемеу керек, табиғаттың мейірімсіз дүлей күші мен басқыншы жырауларды жеңген, халық

ой- санасында қорытылған батырдың жинақы образын іздеу керек», - дейді. [4]. Бұл пікірдің халық эпосына, оның ішінде «Қырық батыр» жырларына да тікелей қатысы бар. Ғалым осы мақаласында «Қырық батыр» құрамындағы «Едіге», «Қарасай,Қази», «Орақ, Мамай», «Нәрік», «Мұсахан», т.б. жырлардың қай- қайсысы да дәл тарихи дерекке емес, аңызға, ертегілік сюжеттерге негізделгенін жазады.

«Мұрын ноғайлы оқиғасын реалдық сурет деп алмайды, - дейді Ә.Қоңыратбеу, - сол оқиғаларға қазақ еліне тән ертедегі аңыздарды қосып, эпизм стиліне сүйенеді. ... Мұрын тарих емес, аңыз қуады». Расында да, «Қырық батыр» жырларында батырларды ерекше әсерлей суреттеу, жауды да дүлей күш иесі етіп бейнелеу сияқты ертегілік, аңыздық, қиял-ғажайыптық сипаттар басым. Бұл – эпосқа тән жарасымды белгілер, жырдың көркемдік құнын әйгілейтін қасиеттер.

Жырау жасының ұлғаюы, арнайы құнттап жазып алмау нәтижесінде тізімде аталған мұралар түгелдей хатқа түсіп үлгермеген. Себебі, Қашағаннан үйренген «Көрұғлы» туралы жыр әңгіме, Нұрымнан үйренген « Оғыз», «Құлыншақ батыр туралы жырлар», «Араб елінің Рамуз патшасы немесе Қысырау патша туралы жыр, әңгімелер» мұрағат қорларында кездеспейді. Мұның бәрі өкінішті десек те, «Қырық батыр» жырының кейінгіге жетуі аз олжа емес. [5,197].

Қазақ фольклорының алтын қорына «Қырық батыр» сияқты қымбатты қазына алып келген Мұрын жырау еңбегін М.Әуезов, В.М.Жирмунский, Қ.Жұмалиев, М.Ғұмаров, Р.Бердібаев, Қ.Сыдықов сияқты ғалымдар жоғары бағалаған.

Белгілі ғалым Ж.Тілепов: «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы берісі қазақ халқының, әрісі бүгінгі таңда екі жүз миллионға жуықтап отырған, отыздан астам ұлт пен ұлысты құрайтын барша түркі нәсілдестерінің мақтан етуге лайық, бірнеше ғасырда дүниеге бір рет келетін ерекше жаратылыс иесі» деп бағалайды.

Мұрын жырау өз заманында теңдесі жоқ мол жырды зердесінде ұстай білген құймақұлақ орындаушы ғана емес, сонымен қоса үлкен диапазонның ақыны, сөз зергері, суреткер жан. Ол көбінесе басқа атакты ақын- жыраулардан естіп үйренгенін жүйелей, дамыта айтатын айтулы жырау болған. Сала-сала батырлар жырын ұзақ уақыт шебер орындайтын үздік жыршылығы үшін халық оны жырау атаған. Әрине, сонша мол дүниені үйрену, ұзақ жырларды сан жылдар есінде сақтау үшін де ғаламат қабілет, жаттағанын ұмытпайтын зеректік керек. Осы қасиеттің бәрі Мұрын жыраудан табылған.

Оның бар өмірін «Қырымның қырық батыры», Көрұғлы сияқты жырларды жырлауға арнауының өзі тегін емес. Ұстаздары Нұрым, Мұрат, Қашаған сияқты жыр дүлдүлдері. Атырау, Қарақалпақ,Түрікпен аймағында Мұрын деңгейіне жетпегенмен, онымен бір кезеңде өмір сүрген Мұса мен Сүгір, Өмір мен Айтқұл, Өткелбай мен Дүйсенбай сияқты жыршылар болған. Бұлар да Мұрын сияқты Нұрым мен Қашағаннан үйреніп, Қалнияз бен Қарасайлардан өнеге алған.

«Қырымның қырық батыры» туралы эпопеялық туындысы Мұрынның бүкіл өмірі бойы төккен терінің, үздіксіз творчестволық ізденісінің жемісі. Ғасырлар бойы қырық бір батыр туралы жыр ел аузында шашыраңқы күйде айтылып келсе, аса дарынды тұлға болмаса, қырық бір жыр поэмалардың бәрін біртұтас эпопеялық шығарма деңгейіне жеткізу мүмкін емес еді [6,323]. Міне, осындай аса күрделі де жауапты міндетті орындау Мұрын Сеңгірбекұлының үлесіне тиді.

Мұрыннан кейін жырауды көрген, одан өнеге алған Шадыман мен Жанжігіт, Әлқуат пен Ұзақбай, Құмар мен Назарбек, Сәду мен Сұраубай сияқты ақын, жыршылар елге танылады. Бұл дәстүрді кейін Қобылаш пен Бүркітбай жыршылар жалғастырса, қазіргі Амандық Көмеков пен Масат Аяповтар да осы дәстүрдің ізбасарлары еді. Өмір бойы ерлік, елдікке үндеген батырлық жырлардың рухымен ерекше шабытқа бөленіп, әсем әуен, сырлы саз қанатында самғап келген Мұрын жырау феномені - әлемдік сөз өнеріндегі ерекше құбылыс, қазақ жыршылық, жыраулық дәстүрінің бірегей болмыс-бітімі деп білеміз.

Қорыта айтқанда, өмір бойы ерлік, елдікке үндеген батырлық жырлардың рухымен ерекше шабытқа бөленіп, әсем әуен, сырлы саз қанатында самғап келген Мұрын жырау феномені - әлемдік сөз өнеріндегі ерекше құбылыс, қазақ жыршылық, жыраулық дәстүрінің бірегей болмыс- бітімі деп білеміз.

### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- [1]Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. А., 1972. 355 б.
- [2] Сыдықұлы Қ. Ақберен. Ғасырлардағы қазақ ақын жыраулар шығармалары.– Алматы: «Нұрлы әлем», 2007. 576 б.
- [3] Садырбаев С. Фольклор және эстетика. А., 1977. 490 б.
- [4] Бердібаев Р. Эпостың тарихилық мәселесі. А., 1982. 490 б.
- [5] Қоңыратбаев Ә. Эпос және айтушылар. А. 1994. 450 б.
- [6] Сыдықов. Қ. Бес ғасыр сөйлейді. А. 2014. 392 б.



### Ш.А. Алдахметова

Абай атындағы ҚаҰПУ География,  
экология және туризм кафедрасы  
6М011600 – «География» мамандығының 2 курс магистранты,  
shuglalkh@mail.ru

## ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ГЕОСАЯСИ ҮРДІСТЕРДІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

### Аңдатпа

Мақалада геосаясат ұғымының пайда болуы мен ғылым болып қалыптасу тарихы туралы айтылады. XVIII ғасырдың соңына қарай пайда болған бұл ғылым саласының бүгінгі күнге дейінгі уақыттың аралығында мағынасы, өзектілігі мен мақсаты қалай өзгеріп отырғаны жайлы сипатталады. Және де қазіргі заманғы геосаяси үрдістердің сипаттамасы жайындағы мәліметтер толық қамтылған.

**Түйін сөздер:** Геосаясат, жаңа әлемдік тәртіп, геокеңістік, бірполюсті және көпполюсті әлем күштері, геосаяси үрдістер

Ш.А. Алдахметова

Магистрант 2 курса специальности 6М011600 – «География», Ка-  
федра географии, экологии и туризма  
КазНПУ им. Абая shuglalkh@mail.ru  
**ОСОБЕННОСТИ СОВРЕМЕННЫХ  
ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ**

### Аннотация

В статье рассказывается об истории возникновения понятия геополитики и история становления наукой. Описывается хронологический цикл о том как менялось значение, актуальность и цель данной науки начиная с становления в конце XVIII века до наших дней. Также в полной мере содержатся сведения о характеристике современных геополитических процессов.

**Ключевые слова:** Геополитика, новый мировой порядок, геопространство, однополюсные и многополюсные силы мира, геополитические процессы

Sh.A. Aldakhmetova undergraduate of 2nd course specialty 6M011600 - "Geography», Department of geography, ecology and tourism in KazNPU named Abai, shuglalkh@mail.ru

**THE PECULIARITIES OF THE  
MODERN GEOPOLITICAL PROCESSES**  
Abstract

The article describes the history of the concept of geopolitics and becoming a science. At the end of the XVIII century, characterized by how the meaning, relevance and purpose of this science changes in the period since the end of the XVIII century up to the present day. It also contains full information about the nature of modern geopolitical processes.

**Keywords:** Geopolitics, the new world order, geopolitical, unipolar and multipolar forces of the world, geopolitical processes

Саяси география салыстырмалы түрде кейін пайда болған ғылым саласы. Ол XVIII ғасырдың соңына қарай дүние жүзі елдерінің ерекшеліктері мен олардың өзара қарым-қатынастарын зерттейтін ғылым ретінде қалыптаса бастады. Саяси географиялық ғылым негізін неміс ғалымы Фридрих Ратцель қалаған, оның осы салалары негізі тұжырымдамалары 1897 жылы жарияланып, «Саяси география» атты еңбегі жарық көрген.

Қазіргі заманғы саяси география саясаттану ғылымымен қатар дамуда.

Географтардың анықтамасы бойынша, саяси география геосаясат, географиялық мемлекеттану мен саяси аймақтану, аймақтың саясаттануды біріктіретін ғылымның саласы. Саяси география саласындағы маман ғана елдің әкімшілік-аумақтық бөлінуі мен мемлекеттік құрылымның сапасына мемлекеттің біртұтастығын сақтау тұрғысында баға бере алады.

Геосаясат мемлекеттердің сыртқы саясаты мен олардың бір-бірімен қарым-қатынастарын саяси, экономикалық және әскери-стратегиялық өзара байланыстар тұрғысынан зерттейді.

Геосаясаттың міндеттері:

1. Геокеңістікке бақылау жасаудың тетіктері мен формаларын зерттеу;
2. Ғаламдық деңгейдегі әртүрлі күштердің кеңістік шегараларын айқындау және болжам жасау;
3. Жетекші геосаяси күштердің ықпал аймақтарын жіктеу негізінде дүниежүзін геосаяси аудандастыру;
4. Геосаясат субъектілері үшін геосаяси кодтарды жасау;

Танымдық функция ең алдымен елдер мен халықтардың геосаяси даму үрдістерін зерттеумен, түрлі құбылыстардың, процестердің, оқиғалардың өзгеруімен байланысты. Геосаяси өмірді ғылыми танымда көбінесе салыстыру, ұқсастық, экстраполяция әдістерін пайдалана отырып, мемлекеттер, елдер мен халықтардың өмірінен теориялық білім жиынтығын пайдаланады.

Геосаясаттың болжамдық функциясы танымдық.

Шын мәнінде, кез келген зерттеулер — теориялық және эмпирикалық көп жағдайда геосаяси күштердің, өрістердің дамуына, елдердің немесе одақтардың конфигурациясын, олардың халықаралық, этникалық қатынастардың дамуына әсерін белгілеу,

ықтимал жергілікті қақтығыстарды ретке келтіру және оларды болдырмау немесе өтеу үшін ұсынымдар әзірлеу үшін жүргізіледі.

Геосаясаттың басқару функциясы ең алдымен эмпирикалық ақпаратты жинау мен талдауда, нақты басқарушылық шешімдер мен ұсыныстарды әзірлеуде көрінеді. Сонымен, геосаясаттың басқару функциясы оның қолданбалы бөлігі геосаяси оқиғаларды басқару үшін, оларды қалыптастыру және оларды басқару үшін практикалық ұсыныстарды дайындау мен әзірлеуге тікелей қатысады.

Геосаясаттың идеологиялық функциясы да алдыңғы сияқты көп қырлы. Бұл тәртіптің өзі ұзақ жылдар бойы КСРО-да лженаука, империализм идеологиясы, фашизм, жоғары дамыған елдердің әлемдік үстемдікке агрессивті ұмтылысын ақтайтын болып саналды. Шынында да солай болды.

Осылайша, геосаясат-бұл үлкен кеңістіктер туралы, жаһандық саяси, экономикалық және басқа да процестер мен оларды басқару өнері туралы ғылым.

Қазіргі кезде әсіресе саяси географияның құрамдас бөлігі болып табылатын саясаттың ғылыми-қолданбалы маңызы артып отыр. Геосаясат терминін швед ғалымы Рудольф Челлен өз сөзінде кез келген мемлекет нығайтып, күшеюі, демографиялық, әлеуметтік, әскери саясатты жүргізумен қатар, геосаясатқа үлкен көңіл бөлуі қажет деп есептеген. XX ғасырдың басында саяси географияда геосаяси бағыт басым дами бастады. Бұл саясаттанушылар мен тарихшылар және басқа да ғалымдар үніле зерттеп, ден қойып отырған ғылыми сала десек те болады. Әлемде болып жатқан түрлі құбылыстар мен оқиғалар өзінің шынайы себеп-салдарының, оның орын алуының мәнісімен жан-жақты зерттеуді және әлем өңірлеріндегі өзіне тән, одан тыс ерекшеліктерді мұқият зерделеп, салыстыра қарап, ой топшылауға жетелеп отыр. Бұл кезеңдегі геосаясат белгілі бір мемлекеттің саяси жағдайына талдау жүргізу арқылы оның саясатқа қатысты нақты мақсатын көздеді. Осы тұрғыдан алғанда, түрлі аумақтарға бақылау жасалып, қамтитын мемлекеттердің экономикалық және саяси мүмкіндіктері зерттелді.

Қазіргі заманғы геосаясаттың басты мақсаты - мемлекеттің геостратегиясын анықтап, тұжырымдау. Жаңа әлемдік тәртіп - белгілі бір уақыт кезеңінде

**Қолданылған әдебиеттер:**

1. «Современная геополитика» Н.Н. Аиенкамф, С.В. Пагарельская; М.: Академия ГПС МС, 2005. – 8-11бб;
2. География 10 сынып; К. Каймулдинова, С. Әбілмәжінова, А. Саипова; Алматы «Мектеп» 2019. – 118-140бб;

әлемдегі геосаяси күштердің арасалмағын бейнелейтін геосаяси құрылым. Жекелеген күштердің сандық және құрылымдық өзгерістері әлемдік тәртіпті өзгертеді. Мысалы: 1991 жылы Кеңес Одағының ыдырауы әлемдік тәртіпті түбегейлі өзгертті: екі полюсті әлем көпполюсті сипат алды. Сонымен, әлемді күштердің кеңістіктік арасалмағы деуге болады. Қазіргі әлемдік саясатта мемлекеттің орны, ең алдымен, оның экономикалық қуатымен анықталады. Осыған сәйкес геосаясаттың негізі де ауысты, яғни бұрын физикалық географиялық

факторларға басым көңіл бөлінсе, қазіргі кезде экономтикалық факторға көп көңіл бөлінеді. Геосаясатшылардың пайымдауынша, дүниежүзінде "жаңа әлемдік тәртіп" орнықты. Бұл көпполюсті әлем экономикалық фактордың алғашқы орынға шығуы, интеграциялық және сауда одақтарының, ғаламдық деңгейде қарама-қарсы жаңа топтардың пайда болуымен сипатталады

Қорыта келгенде, геосаясат қазіргі заманда өте өзекті ғылым салаларының бірі болып табылады. Және уақыттың өтуіне байланысты геосаясаттың мақсаты,

## Қауя БҰХАРБАЙ Жанар АБДИКАРИМОВА

*"Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің  
№115 орта мектебі" ММ  
Бастауыш сынып мұғалімдері*

### ЖАҢА БІЛІМ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАЙДЫ

Жаңартылған білім аясында оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді акпараттандыру - ХХІ ғасырдың басты талабы. Білім беру бағыттары әрбір оқушымен болатын жеке кері байланысты да есептен шығармауға жетеледі. Әріптестеріңмен пікірлесу, ой бөлісу, тәжірибе алмасу - қол жеткен табыстың бір бөлшегі. Күнделікті оқыту тәжірибемізде жаңаша түрде құрылған сабақ жоспарлап, оны өткізу барысында жаңа тәсілдерді, «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырып, әлеуметтік-сындарлық көзқараспен тығыз байланыстырамыз. Жаңартылған білім шеңберінде "Ізденген жетер, мұратқа" дегендей шәкірттеріміз дәстүрлі кездегідей қонақ болып отырмай, нағыз кейіпкерге айналды. Әрбір сабақ барысында мерейлі мақсатымыз - білім алушыларды ойландыру, іздендіру сол арқылы өз беттерінше ізденіп оқуға баулу. Жаңа білім мазмұнының тиімділігі неде? Осы орайда пікірімізді тарқатып айтып кеткіміз келеді. Жаңа білім берудің тиімділігі, мақсаттың нақтылығы жоспарда бөлім, бөлімшелердің айқындылығы, сыни тұрғыда көзқарастың қалыптасуы, өздігінен білім алушы, кері байланыс т.б ұтымды тұстары жетіп артылады. Жаңа білім беру мазмұнына сай, қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін назарда ұстау дағдымызға айналды. Мәселен, "Бес саусақ", "Бутерброд", "Тазалық" т.б тиімді дәсек, "Бағдаршам" бағалау сәтінде оқушылар тек жасыл, сары, қызыл түсін көрсетіп қана қоймай, кері байланыс жасап отыруы қажет. Әйтпесе, тек түсті

көрсетсе, басқалар не үшін көтергенін ажырата алмай қалуы мүмкін. Немесе, жетістік ағашында оқушы өзінің орташа деңгейде екендігін мойындамай өзін жоғары деңгейде көрсетуі әбден мүмкін. Сондықтан бағалаудың тиімді жақтарын қарастырып қана қоймай, тәжірибемізде назарда ұстап келеміз. Қазіргі таңда жиынтық бағалауға модерация өткізу де жаңа білім берудің тиімді тұсы болып отыр. Оқушылар өз еңбегінің бағасының дәлдігіне сараптау арқылы көз жеткізсе, парталасы да досының бағаны нақты алғанына көзі анық жетеді. Яғни, оқушылар әділдікке, айқындылыққа куә болады. Үштілділік те жаңа білімнің бір жетістігі. Шәкірттеріміздің ағылшын тіліне деген қызығушылығы да зор. Тапсырма бойынша оқушы ізденіп, керек мәтіндерді ғаламтордан, кітаптан іздеп, аудармасына ағылшынша, орысша жасап келеді. Бастауыш сыныпта шығармашылық зерттеу - оқушының ең жоғары қасиеті. Осы орайда жаңартылған білім мазмұны шәкірттің өздігінен ізденіп, жаңалық ашуына жағдай туғызып отыр. Яғни, шығармашылық арқылы оқушының дүниетанымы кеңейіп, іс - әрекетін өмірмен байланыстырады. Тақырыпты меңгеруде өз күшіне сену дағдысы қалыптасып қана қоймай, ақыл - ойы, икемділігі дамиды. Шығармашылық жұмыс арқылы жолдасымен, ұжыммен ынтымақтастық қарым-қатынасы нығая түседі. Яғни, бірлескен жұмыс арқылы, бірі-бірімен достығы күшейе түседі. Шығармашылықты тежейтін кедергілер "орындай алмаймын", "қолымнан

келмейді" деп қорқынышқа бой алдырса, екіншісі өз талантын ашуға ең-жар болады, ал үшіншісі ұяндыққа жеңдіреді. Осы орайда жантанушы ролінде оқушыларға "Жарайсың!", "Керемет", "Тамаша", "Талпын" деген сөздер арқылы қанат бітіріп отырамыз. Әсіресе, жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасын, эстетикалық және адамгершілік танымы, эмоциясы, пікірі, талдау, қорытындылау, салыстыра білу қасиеттері байқалып тұруы қажет. Шығармашылық жұмыстарда көбінесе, тіл мәдениеті бірінші тұруы шарт. Міне, осы тұста, жаңартылған білім аясында төрт тілдік дағдылар шәкірттеріміздің өмірінде білім сапасын арттыруға үлесін қосуда. Сабақ барысында жеке, жұппен, топпен жұмыс жасау да оқушылардың білімдерін тереңдетті. Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасау өе қызықты. Мысалы, сыныпқа кіріп келген мезеттен бастап оқушылармен амандасу, сабаққа деген көңіл күйлерін сұрау, қал жағдайларын білуден оқушы мен мұғалім арасындағы диалог басталып кетеді. Сабақ басталысымен тренинг өткізгенде мұғалім мен оқушы арасындағы, оқушы мен оқушы арасындағы диалог жүзеге асады. Ендеше, «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», - деп Ж.Аймауытов айтқандай болашақта ой-өрісі кемелденген, жаңалыққа құмар, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуде еңбегімізді еселей берейік!

Асылжанова Дана

*Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық  
Қатынастар және Әлем Тілдері  
Университетінің докторанты*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖҮЙЕСІ

Қазіргі уақытта ағылшын тілін оқыту Қазақстанның білім беру жүйесінде ең өзекті тақырыптардың біріне айналып отыр. Бұған елдің көптілділік пен тілдік плюрализмге ұмтылған тілдік саясаты әсер етіп отыр. Бұл саясат 1995 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаннан басталған еді. Оның үстіне, ғаламдық ақпараттық кеңістікке ұмтылу, адам капиталын қалыптастыру мақсатында ағылшын тілін келешек ұрпаққа мектеп, тіпті, балабақша жасынан бастап үйрету үрдісі басталды. Кеңес үкіметі кезінде ағылшын тілі неміс, француз тілдерімен бірге шет тілі ретінде оқытылса, қазір ағылшын тілі дербес, негізгі шет тілі дәрежесіне көтерілді.

Президенттің 2007 жылғы жолдауындағы «Үш тұғырлы тіл» жобасында ағылшын тіліне «әлемдік экономикаға интеграциялану» тілі деген анықтама берілді [1]. Ал 2011-2020 жылдарға арналған тілдерді дамыту бағдарламасы бойынша 2020 жылға дейін мемлекет халқының 20%-ы ағылшын тілін меңгеруі керек деген индикатор қойылған. Мұндай мемлекеттік тіл саясатын жүргізудің басты кілті білім сапасы болып отыр. Бұған дейін ағылшын тілі бастауыш сыныптан кейін оқытылса, енді ағылшын тіліне ерекше көңіл бөліне бастағаннан кейін оны бастауыш сыныптан бастап оқыту тәжірибесі басталды. Мәселен, 2004 жылдан бастап елдің білім министрлігі ағылшын тілін оқытуды ерте бастауыш сыныптан (2-сыныптан) бастау бекітілді. Одан бөлек, осы жылдан бастап 32 мектепте пәндерді бастауыш сыныптан бастап тек ағылшын тілінде ғана оқыту қолға алынды. Ал 2010 жылы мұндай мектептердің саны 165-ке жетті.

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың бастапқы кезеңдеріне тоқталатын болсақ, мұғалімдердің тәжірибесінде шет тілін коммуникативтік жағынан гөрі ақпараттық әдістемелік тұрғысынан оқыту жағына баса назар аударылды. Кейін оқушының қарым-қатынас қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдістер басшылыққа алына бастады. Ағылшын тілін ерте оқытудың мақсаты – оқушылардың ағылшын тілінде қарым-қатынас жасай алуы менгеруі болып табылады деп танылды. Ерте жастан ағылшын тілін оқыту оқушылардың коммуникативті

даму біліктілігін арттырады, оған деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілде сөйлеуге мүмкіндік алады [2] – дейді білетіндер.

Қазіргі уақытта шет тілін еуропалық тілді үйретудің классикалық үлгісіне (А–В–С деңгейлері) ұқсатып оқыту жолға қойылды. Бастауыш және мектепке дейінгі мекемелерде ағылшын тілінің А1 деңгейі, негізгі орта білім беру құрылымында А2 деңгейі, орта білім беру құрылымында В1, жоғарғы оқу орны корпусында В2 және ЖОО кейінгі білім беру парадигмасында С1, С2 деңгейлерін оқыту қолға алынды. Осылайша ағылшын тілін оқыту үрдісі үздіксіз білім беру үлгісіне негізделіп, кезең-кезеңімен өндіріске енгізіле бастады.

Әсіресе, ағылшын тілін ана тіл деңгейінде оқыту бастамасы, оны тындап үйрену ғана емес, түсіну мен сөйлеу, жазу мен айту дағдысына дейін көтеру қазақстандық білім беру жүйесінің негізгі өзегіне айналды. Соның арқасында ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап коммуникациялық дағды деңгейінде оқыту проблемасы қойыла бастады. Бастауыш сыныптың өзінде есту, көру, тындау, жазу қабілеттерін түгел қамти отырып, оқушыға коммуникативтік білім беру моделі енгізілді [3].

Ақпараттық технологиялар енді дами бастаған сәтте, ақпараттық-коммуникативтік оқыту технологияларына мән беріле бастады. Интерактивтік сипат алған мұндай оқыту әдістемелері, М.Ушаков атап өткендей, балалардың телекоммуникациялық қасиетін дамытып, лингвомәдени құзіреттілігін арттыратын жол деп танылды. Ағылшын тілін оқытудағы ақпараттық бағыт лингвистикалық, тақырыптық, әлеуметтік мәдениет, оқу дағдыларын қалыптастыруды мақсат тұтады [4].

Алғашында ағылшын тілінің бастауыш сыныпта оқытылуы қоғамдық қатынас тұрғысынан аса назарлық тудырмаған еді. Алайда «Үштілділік» жобасы жайлы сөз қозғалып, ол кейін мектеп қабырғасында жүзеге асырыла бастаған кезде қоғамда көңілтолаушылық пайда болды. Қазақстан Республикасында ағылшын тілі екінші шет тілі ретінде бірінші сыныптан бастап оқытылмақшы болғанда, бұл өзгеріс кейбір ата-

аналардың арасында біршама қарсылық тудырды. Бұл жаңа өзгеріске қарсылық білдірушілер ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқыту балаларға кері әсерін тигізуі мүмкін деген пікір білдірді.

Бұл жерде БАҚ өкілдері мен түрлі әлеуметтік зерттеу орталықтарының, сарапшылардың талас тудырып отырған жері – бұл ағылшын тілін бастауыш сынып оқушыларына қай жастап бастап оқытқан жөн деген мәселе. БАҚ-тағы материалдар мен пікір білдірген сарапшылардың айтуына қарағанда, ағылшын тілін бірінші сынып оқушыларына оқытуға қарсы, 3-5-сыныптан бастап оқытуды жөн санап отыр.

Соған байланысты 2019 жылы өткен Тамыз конференциясында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ағылшын тілін оқушыларға 2-3-сыныптан, тіпті, 5-сыныптан бастап оқытуға ұсыныс жасады. Мемлекет басшысының айтуынша, аталған мәселе оқытушылар мен білім беру бағдарламаларының дайындығын ескере отырып, жан-жақты зерттеуді қажет етеді. "Жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде оқыту білім орталықтарының кадрлық мүмкіндігіне қарай, оқушылар мен ата-аналардың қалауы бойынша іске асуы тиіс" деді ол бұған қатысты. Бұл жерде ата-аналардың пікірімен санасу қажеттігі баса айтылып отыр. Мұндай ойды Қасым-Жомарт Тоқаев президенттікке келмей тұрған кезінен бастап айтып жүрген болатын. Мәселен, 2018 жылы сенат төрағасы болып жүрген кезінде Қасым-Жомарт Тоқаев "Қыркүйектен бастап жаңа оқу жылы басталады, бұл оқу бағдарламалары туралы ойланатын қисынды себеп. Мысалы, ағылшын тілін бірінші сыныптан үйретудің қаншалықты қажеті бар? Осы тілде толығымен дайындалған мұғалімдер жеткілікті ме?" деп жазғаны бар Твиттерде.

Ал зиялы қауым өкілдері «Жапондар шет тілін 12 жастан бастап оқытады екен. Сондықтан да біз де ағылшын тілін 5 сыныптан бастап оқытуымыз керек» деген уәж айтуда. Жапон балалары барлығы 12 жыл білім алады. Олар бастауышты 6 жастан 12 жасқа дейін оқиды. Бастауышта жапон тілі, музыка, өнер, дене шынықтыру, гуманитарлы ғылым, жаратылыстану, дінтану сынды сабақтарды оқиды. Яғни, ағылшын тілін оқыту ту-



ралы сөз жоқ. Ал 12 жастан бастап 15 жасқа дейін балалар орта білім беру жүйесінен дайындықтан өтеді. Ол кезде мемлекеттік тіл (жапон тілі), математика, гуманитарлы ғылым (жағырапия, тарих, дүниетану), жаратылыстану (физика, химия, биология, геология), музыка, еңбек, дене шынықтыру және ағылшын тілінен сабақ алады. Ересек сыныпта да жапон балалары ағылшын тілін оқиды.

Ғалым Айгүл Исмакова «Жапонияда, Еуропа елдерінде, тіпті бүкіл әлемде мектепте ең алдымен ана тілі оқытылады. Бала тоғыз жасқа дейін өз ана тілінде білім алуы керек. Тоғыз жастан кейін ғана шет тілдерді өз таңдауымен үйренеді. Баланың психологиясы 9 жасқа келгенде ғана басқа тілді меңгеруге толық қабілетті болады дейді. Психолог О.В.Соловых зерттеу еңбегінде 10-12 жастағы баланың психикалық дамуына шолу жасап, бастауыш сыныпты бітірген оқушылардың психикалық дамуында келесідей ерекшеліктер болатынын атап өтеді:

1. Теориялық ойлау қабілеті қалыптасады;
2. Рефлексиясы қалыптасады;
3. Өзін-өзі реттеуге, назары мен зейінін басқаруға қауқарлы;
4. «Ересек» сезімі пайда болады.

Тізім басындағы үш психикалық жайкүй бастауыштағы оқушыларға шет тілін үйреткенде міндетті түрде ескерілуі тиіс.

Ал Е.Негнинецкийдің ойынша, бала туғаннан 8-9 жасына дейін шет тілін меңгеруге қабілетті болады. Сөзді, клишені жаттауға бейім келеді, интонация мен сөзді айтуға имитациясы жеткілікті. Ал жапон диалектісін зерттеген В.А.Гротерс жапонның әдеби тілі мен диалектісінің арасында айырмашылық барын әрі балалардың көбі отбасында жүріп диалектіде сөйлейтіндігін, тек кейін мектепке келгенде ғана әдеби тіл мен диалектісінің (күнделікті сөйлеп жүрген тілі) арасында айырмашылық барын байқайды дейді. Яғни, 5-6 жасынан бастап қана жапон балаларды қос тілдің айырмашылығын сезеді. Ал диалекті мен әдеби тілдің арасындай айырмашылық көп. Одан бөлек, жапон тілінің иероглифі де балалар үшін қиындық келтіретіндіктен, олардың көбі орта білім беру жүйесіне өткенде ғана (12 жаста) біршама меңгереді. Ғалымның айтуынша, ағылшын тілі жапон балаларына иероглиф үйренген сәттен бастап оқытыла бастайды. Бұл жапон тілінің әдеби тілі мен диалектісінің арасында байланысты әрі күрделі иероглифтерді тез жаттап алуға кедергі келтірмес үшін шет тілін ерте мектеп пәніне қоспайды [5.329].

Жапон ғалымдарының айтуынша, балалар басында тек сөзформаны,

лексиконның белгілі бір бөлшектерін, аффиксі жоқ тілдік бірліктерді есте сақтайтынын, кейін оны – сөзді толықтырудың механизмі іске қосылады, морфема, аффикс жалғауды меңгереді. Яғни, бала басында кез келген сөзді жаттап алуға әуес келеді. Ол оның есте сақтау қабілетінің қорғаныш қасиеті саналады. Одан кейін ғана көмекші құралдарды (жұрнақ, жалғау) тану, қолдану тетігі іске қосылады. Балалар грамматикалық аффикстер де сөздің бөлшегі екендігін белгілі бір дәрежеде түсініп тұрады. Бірақ оны жалғауға келгенде қиындық болады [6.1-3]. Сондықтан жапонның психолінгвист ғалымдары балаға әзірше өз ана тілінің грамматикалық құрылымын толық танып алмай оған басқа тілдің грамматикалық белгілерін қабаттастыру, тілдік афазияға әкелетіндігін айтады. «Итак, и для носителей японского языка нормой является хранение в памяти некоторых средних по протяженности единиц (больше морфемы, но меньше предложения), то есть слов; представление об этих единицах отражено в японской традиции» дейді В.Алпатов [7].

Бала психологиясын, тілі мен дүниетанымының қалыптасуын біршама зерттеген еңбектерімен танымал болып, бала дамуының когнитивтік теориясын жасаған швейцариялық атақты психолог әрі философ Ж. Пиаже бала 6-7 жасында өзінің қай ұлтқа жататындығы жайлы алғаш рет есітіп, хабардар бола бастайды, ал 8-9 жасында өзінің, ата-анасының қай ұлттан екендігін, ана тілін, туған жерін біледі, кейін 10-11 жасында ол өзін сол ұлттың өкілі ретінде толық сезініп, тарихының, мәдениетінің өзгешеліктерін айыра алады, яғни, оның ұлттық сана-сезімі, болмысы толық қалыптасады деп жазады. [8] Демек бала 10-11 жасында белгілі бір ұлттың өкілі болып қалыптасады. Ал бұл кезде баланы басқа тілде тәрбиелеу – оны көзбе-көз басқа ұлтқа қарай итеру болып шығатындығы ешбір дәлелді қажет етпесі анық.

Ал қазақ ардақтысы А.Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің 1914 жылғы №61 санында жарық көрген мақаласында «... әр халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп, әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек... Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу керек... Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағырапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы» деген болатын. [9] «Әуелі біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстықта, билікте, халықтық та оқумен түзеледі.

Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» [10] дейді ұлт ұстазы тағы бір мақаласында.

Қалай десек, бұл ойлардың еш қайсысын әзірше өкілетті органдар есепке алып отырған жоқ. Мемлекет басшысы ағылшын тілін оқытудың шектік сыныбын әлі құжат түрінде бекітпеген соң, қай жаста қандай әдістеменің қолданылуы қажеттігі іс жүзіне асар емес. Бала бақшадағы ағылшын тілін алып тастадық. Бұл бар бітргеніміз. Ал біздің парызымыз ғылымның үжәнін көпшілікке жеткізу ғана.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Новый Казахстан в новом мире. Послание Президента Н.А.Назарбаева народу Казахстана. [Электронный ресурс]. – Архив за 2007 год. – М.: Астана, 2007.*
2. *Шет тілін оқытудың әдістемесі Г.Амандықова, Ш.Мұхтарова, Б.Баймұқанова, А. Бисенғалиева. Оқу құралы: «Фолионт» баспасы, Астана, - 2007 жыл.*
3. *Ағылшын тілі пәнін оқыту үдерісін ұйымдастыруда ақпараттық технологияның маңызы / Ұлт тағалымы. № 3, 2007 жыл*
4. *Применение информационных технологий на занятиях по иностранному языку. Материалы научно-практической конференции. -Алматы, 2005 жыл*
5. *Grootaers, Shibata, 1982 - Grootaers W. A.(with T. Shibata). Dialectology and Sociolinguistics: a General Survey\* // Lingua. Vol. 57. No 2-4. 1982.*
6. *Hayakawa Katsuhirou. Yooji gengo ni okeru tagobun dankai no koosatsu. Gakudai-kokubun, 25. Oosaka, 1982. P. 1-30.*
7. *Алпатов В.М. О психологической адекватности основных понятий европейской и японской лингвистической традиции // Лингвистическая полифония. Сборник в честь юбилея профессора Р.К. Потаповой. М.: Языки славянских культур, 2007. С. 67-77.*
8. *(Ж. Пиаже. Избранные труды. Психология интеллекта. Генезис числа у ребенка. Логика и психология. М., 1964, 659-бет).*
9. *Байтұрсынұлы А. Қазақша оқу жайынан. «Қазақ», 1913, №14»*
10. *Байтұрсынұлы А. Оқыту жайынан «Қазақ», 1913, №63*

Ахметова А.М.<sup>1</sup>, Торбаева И.Ж.<sup>2</sup>,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

<sup>1</sup> PhD, аға оқытушы, <sup>2</sup> 2-курс магистранты

## ZIGBEE СЫМСЫЗ ЖЕЛІСІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ӨНЕРКӘСІПТІК АВТОМАТТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІН ӨЗІРЛЕУ

**Аңдатпа.** Мақала Zigbee сымсыз желісіне негізделген өнеркәсіптік автоматтандыру жүйесін әзірлеуге арналған. Zigbee технологиясы сенсорлар мен басқару құрылғыларының төмен таратылу жылдамдығымен сенімді түрде желі арқылы таратуға арналған. Zigbee технологиясы өнеркәсіптік автоматтандыру процесінің тиімділігін арттырады және өндіріс деңгейі мен сапалы өнімді шығару деңгейін арттыруға үлес қосады.

**Кілттік сөздер:** Zigbee, желі, автоматтандыру, технология, сенсорлар, процестер.

**Аннотация.** Статья посвящена к разработке системы промышленной автоматизации на основе беспроводной сети Zigbee. Технология Zigbee разработана для надежного передачи данных с низкими скоростями датчиков и управления. Технология Zigbee улучшает процесс промышленной автоматизации и способствует повышению уровня производства и качества продукции.

**Ключевые слова:** Zigbee, сеть, автоматизация, технология, датчики, процесс.

**Abstract.** The article is devoted to the development of an industrial automation system based on Zigbee wireless network. The Zigbee technology is designed for reliable data transmission with low sensor speeds and control. The Zigbee technology improves industrial automation and improves production and product quality.

**Keywords:** Zigbee, network, automation, technology, sensors, process.

Zigbee технологиялары бастапқыда деректерді беру жылдамдығы төмен сенсорлар мен басқару құрылғыларының сенімді таратылған желілерін құру үшін жасалынған. Бұл технологиялар желілік торологияны, жылжымалы тораптарды, сонымен қатар релелік және өзін-өзі қамтамасыз ететін алгоритмдердік тораптарды қолдайды.

ZigBee желілерінде байланыс сенімділігі құрылғылар арасында артық қосылыстардың болуымен жоғарылайды. Ұйқы режиміне кірмейтін барлық құрылғылар желінің трафигін басқаруға, оңтайлы маршрутты және релелік пакеттерді таңдауға жауап беретін маршруттизаторлар ретінде әрекет етеді. Желіні ұйымдастырушы рөлін атқаратын құрылғы істен шыкса да, ZigBee желісі одан әрі жұмысын жалғастырады.

Кедергі немесе кедергі пайда болуы, сондай-ақ маршрутизаторлардың кез-келгенінің істен шығуы шамадан тыс қосылыстардың болуына байланысты маңызды емес. Сондықтан, стационарлық қуатқа не және маршрутизатордың тапсырмаларын орындай алатын қосымша түйіндерді енгізгенде, желі неғұрлым сенімді бола бастайды.

Бүгінгі таңда технологияның дамуы өндірістің барлық салаларында автоматтандырылған өнеркәсіптік жүйелерді енгізуге мүмкіндік берді. Өндірістік процестерді өнеркәсіптік автоматтандыру еңбек өнімділігін арттырады және шығындарды азайтуға және өнімнің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жабдықтың қызмет ету мерзімін арттырады, материалдар мен шикізаттарды үнемдейді, тұтастай өндіріс қауіпсіздігінің деңгейін жоғарылатады.

Өндірістік автоматтандыру жүйелерін енгізудің негізгі міндеттері:

- технологиялық факторға адам факторының әсерін шектеу;
- өндірістің сенімділігін арттыру;
- өндіріс жылдамдығы мен сапасын арттыру;
- өндірістік төтенше жағдайлардың алдын алу және болдырмау;
- өндірістік бақылау деңгейін жоғарылату.

Байланыс орнатуды басқарудың анықталмаған жүйесін жасау процессі келесі түрде жұмыс жасайды. Жаңа байланыс орнату кезінде собилді түйін базалық станцияға трафик кезінің шамамен алынған параметрлерін (яғни, АС-н келіп түсетін дестелердің қарқындылығы) және кезекке тұрудағы тоқтауларды хабарлайды. Осыдан кейін жаңа байланыстың сигнал/бөгеулік қатысының орташа мәнін есептейді және оның мәндерін лингвистикалық айнымалыға айналдырады. кіріс айнымалыларының нақты мәндері анықталған тиісті қызметтердің көмегімен лингвистикалық айнымалылардың мәндеріне түрленеді. Сұралатын ресурстар бұл ақпаратты тағайындалатын ішкі арналардың санын алу қолданады. Ішкі шамаларымен шектелген болады, ол және арналардың саны Сымсыз арналарды бұрын байланыс желісі ретінде сымдар қолданылған жерлерде қолданатын барлық мүмкін болатын жүйелерді құру міндеттері

әртүрлі қолданбалы салаларда өзекті. Сонымен қатар, сымсыз байланыс тарату жүйелерінде мәліметтерді жинау, басқару және автоматтандыру мәселесі маңызды, мұнда желідегі құрылғылар саны жүздеген және мыңға жетуі мүмкін. Сымсыз жүйелерді іс жүзінде пайдалану ұзақ уақыт сымдық қосумен салыстырғанда радиоарнаның сенімділігінің төмендігі, элементтік базаның жоғары энергия тұтынуының жоғары құны, сондай-ақ орнату объектісіндегі жүйені күйге келтіру және күрделі болғандықтан, бүгінгі күні " радиоарна бойынша кемінде үш сымсыз байланыс стандартын жиі қолданамыз: GSM телефония, үй офистік желілер және перифериялық құрылғыларды қосу Bluetooth үшін тамаша құрал ретінде. Алайда, стандарттар жиынтығы "желілік есептерді" оңтайлы шешу үшін жеткіліксіз. Өлеуетті пайдаланушылардың сұрауларына жауап ретінде көптеген "балама" ерекшеліктер пайда болады. IEEE 802 бірі. 15.4 онымен байланысты ZigBee . Бұл жағдайда Zigbee 802.15.4 технологиясын қолдану қарастырылады. Zigbee құрудың өзектілігі. әзірлейді жаһандық ерекшелікке сенімділігі жоғары, тиімді, энергосауымалы сымсыз пайдалана отырып, берілу механизмі. ZigBee хаттамаларының бағдарламалық стек спецификациясын негізгі өңдеу, "жұлдыз", Бұл жұмыста ұсынылған тақырыпқа сәйкес, өрт қауіпсіздік жүйелерінде Zigbee сымсыз технологиясын қолдану және жүзеге асыру мүмкіндігі қарастырылды. Жобанда сымсыз желі жұмысының теориясы, құрылу принципі және ерекшеліктері, технологияның қолданыстағы түрлері, сонымен қатар IEEE 802 стандартының негізінде желіні іске асыруды таңдау және негіздеу қарастырылады. сонымен қатар кластерлік ағаш", "көп ұяшықты Желі" қауіпсіздік функцияларымен және әр түрлі қосымшалардың профилдерімен, ZigBee совмес спецификациясы 250 Кбит/с дейін тарату жылдамдықтарын қолдайтын бірыңғай жанама стандартқа негізделген сымсыз желілік шешімді жүзеге асыруға мүмкіндік береді, ақпаратты қорғауды қамтамасыз ететін төмен энергия тұтынумен шектік жүйе сенімділігі. сонымен қатар, WiMAX технологиясын қолдану үшін, қажет. Консорциумға қатысу арқасында барлық белсенділер ZigBee бойынша барлық

техникалық ақпаратқа ZigBee-де толық қол жеткізе алады. ZigBee / 802.15.4 жалғыз стандартталған сымсыз спецификациясы бастапқыда мынадай мониторинг және бақылау қосымшаларына, датчиктердің таратылған желілеріне, өнеркәсіптік және үй автоматикасында пайдаланылатын аз тұтынатын жүйелер үшін сымсыз ақпараттық желілерді өрістетуге арналған.

рапаттау» белгіленген. Жүйенің негізгі мақсаты марапаттау санын максималдандыратын басқару саясатын табу. Әр агент жеке өзі оқиды, қиылыстардағы машиналардың күту уақытын азайтуға тырысады. Оның әрекет етуінің жауабы ретінде алынған әр әрекеті мен марапаты жадысында сақталып, келесі ретте әрекет таңдауда алдыңғы жолы ортамен байланысқа түскенде жинаған тәжірибесін пайдаланады [7,8].

Қиылыс интеллектуалды агенті

Интеллектуалды көлік жүйесі, ары қарай ИТС (ағылшын тілінен Intelligent Transport System and Services) - бұл қазіргі заманауи ақпараттық технологиялар мен автоматтандыру құралдарының көлік инфрақұрылымы, көлік құралдары және қолданушыларының жол қозғалысын басқару тиімділігін арттыруға және оған қатысушылардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі интеграциясы.


Интеллектуалды көлік жүйелерінде бірнеше құраушылар бар: ол қала бойынша орнатылған құрылғылар (бағдаршамдар, бақылау камералары, ақылды белгілер, ақпараттық табло, мобильді метеостанциялар) және осы объектілерді басқаратын көпдеңгейлі жүйе. Кейбіреулер ИТС – ті қала бойынша қойып тастаған жоғары деңгейлі техникалық басқыштар деп ұғады. Бірақ

ды.

### Сурет -2. Интеллектуалды көлік жүйесінің құрамдас бөліктері

Атқарылған жұмыс нәтижесінде көлік желілері бойынша пән саласы егжей-тегжейлі зерттелді. Қойылған мақсатқа жету әдісі – көпагентті тәсіл таңдалып алынды. Агенттік моделдеудің негізгі принциптері мен парадигмалары, көпагентті жүйелерді ұйымдастыру жан – жақты зерттелді. Интеллектуалды агенттер мен олардың шешім қабылдау механизмдері пішімделді. Жұмыста қиылыстардағы көлік құралдарының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, жол қозғалысын басқаратын көпагентті жүйе сипатталды.

VISSIM, Transmodeler, SIDRA Intersection, AnyLogic тәрізді көпагентті жүйелерді құрастырушы құралдардың кең ауқымы қарастырылды. Бұл өнімдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін анализдегеннен соң, Anylogic имитациялық моделдеу ортасы таңдалып, зерттелді. Интеллектуалды көлік жүйесінің моделі AnyLogic ортасында дискретті-оқиғалық және көпагентті моделдеу инструменталдық құралдарын қолдана отырып жасалды. Моделдеу кіріктірілген AnyLogic жол кітапханасын қолдану арқылы жүргізілді. Anylogic жол кітапханасының ағымдағы нұсқасында



бұл олай емес. Әдеттегі бағдаршамдар жол үстінде үлкен көлік кептелісін тудыруы мүмкін, ал кейбірі керісінше оларды болдырмауы мүмкін – барлығы оның бапталуы мен басқарылуына байланысты [9,10].

Бұл жұмыста интеллектуалды көлік жүйесі үш компоненттен тұрады.

- Сенсорлар – жол жағдайы туралы ақпаратты жинақтайды.

- Қиылыс интеллектуалды агенттері – оларсенсорлардан ақпарат жинап, онымен басқа агенттермен бөліседі және бағдаршамды басқару шешімін қабылдайды.;

- Бағдаршамдар – қиылыстардағы қозғалысты реттеу үшін пайдаланыла-

бағдаршам қарастырылмағандықтан бағдаршамды қиылыстарды өзіміз жасадық. Интеллектуалды агенттердің негізгі қасиеттері (мақсаткерлік, менталды модель, реактивтілік пен әлеуметтік әрекеті) функциялар мен айналымы арқылы жасалды.

«Жасыл толқын» жүйесі бойынша корпоративті реттеуді енгізудің әр қиылыста жеке реттеуге қарағанда артықшылықтары көп: магистраль бойынша қозғалыс жылдамдығы артады, қиылыстарда көліктердің тоқтап тұруы азаяды. Тәжірибе көрсеткендей, ауысымды белгіленген бағыттары бар қиылыс желілеріндегі бір машина үшін орташа жалпы күту уақыты :

қатаң белгіленген жасыл/қызыл ауысым уақыты бар жол айрықтары үшін 3-4 рет;

- интеллектуалды кооперативтік емес бағдаршамдары бар қиылыстар үшін 2-3 рет.

### Әдебиеттер тізімі

1. Рассел, Норвиг. Искусственный интеллект. Современный подход. 2-е изд. 2006 год.

2. В. Гордеецкий, О. Карсаев, В. Самойлов, С. Серебряков. Многоагентные системы и групповое управление. Журнал "Искусственный интеллект и принятие решений" № 2, 2009.

3. В. И. Гордеецкий. Самоорганизация и многоагентные системы. I. Модели многоагентной самоорганизации. Известия РАН "Теория и системы управления", 2012, № 2, с. 92–120

4. M. Wiering, J. van Veenen, J. Vreeken, and A. Koopman. Intelligent Traffic Light Control. Technical Report UU-CS-2004-029, University Utrecht, 2004.

5. M. Wiering, Multi-Agent Reinforcement Learning for Traffic Light Control, in Proc. 17th International Conf. on Machine Learning, pg. 1151-1158, 2000.

6. David Sislak and Premysl Volf and Michal Pechoucek: Agent-Based Cooperative Decentralized Airplane Collision Avoidance. IEEE Transactions on Intelligent Transportation Systems. 2011, vol. 12, p. 36-46.

7. Camurri M., Mamei M. and Zambonelli F. Urban Traffic Control with Co-Fields // Series Lecture Notes in Artificial Intelligence. V. 4389/ Eds. D.Weyns, H.V.D.Parunak and F.Michel Springer, 2007. P. 239–253.

8. Reinforcement Learning of Traffic Light Controllers under Partial Observability MSc Thesis of. Artificial Intelligence, (0010774). Kuyser, L., Whiteson, S., Bakker, B.

9. Mitchel T. Machine Learning. McGraw-Hill Education (ISE Editions). 1997.

10. Sutton R., Barto A. Reinforcement Learning: An Introduction. MIT Press. Cambridge, MA. 1998



## ЦИФРОТИЗАЦИЯ В УПРАВЛЕНИИ В ЖИВОТНОВОДЧЕСКОМ КОМПЛЕКСЕ

Развитие сельского хозяйства и в частности животноводства является приоритетной отраслью обеспечения пищевой безопасности населения Казахстана. Рост численности населения Казахстана в последующие годы и десятилетия диктует необходимость актуализации потребности в пищевых продуктах. Создание и применение механизмов цифротизации животноводческого комплекса ввиду этого становится приоритетным направлением развития животноводства в Казахстане. Опыт зарубежных государств указывает, что применение цифровых технологий во многом повышает уровень удоев, снижает использование труда персонала, а также повышает экономическую эффективность и контроль всего процесса производства животноводческого комплекса.

Ключевые слова: цифротизация, животноводство, развитие, автоматизация, применение, SMART-фермы.

Цифротизация басқармада мал шаруашылығы кешенінде

Ауыл шаруашылығын Дамыту, соның ішінде мал шаруашылығы басым сала болып табылады қамтамасыз ету азық-түлік қауіпсіздігі, Қазақстан халқының, Қазақстан халқы санының өсуі, кейінгі ондаған жылдарға қажеттігін өзектендіру қажеттілігін азық-түлік өнімдеріндегі. Құру және қолдану механизмдерін цифротизация мал шаруашылығы кешенінің бұл айналада басым бағыты-Қазақстанда мал шаруашылығын дамыту. Опты шет мемлекеттердің көрсетеді цифрлық технологияларды қолдану, көбінесе, денгейін арттырады удоев төмендетеді, пайдалану персоналының еңбек, сондай-ақ, арттырады экономикалық тиімділігі және бақылау барлығы өндіріс процесінің мал шаруашылығы кешені.

Digitalization in management in animal breeding complex

The development of agriculture and, in particular, animal husbandry is a priority industry for ensuring the food safety of the population of Kazakhstan. The growth of the population of Kazakhstan in subsequent years and decades dictates the need to actualize the need for food. The creation and application of mechanisms for the digitalization of the livestock complex is therefore becoming a priority for the development of livestock in Kazakhstan. The experience of foreign countries indicates that the use of digital technologies in many respects increases the level of milk yield, reduces the use of personnel labor, and also increases the economic efficiency and control of the entire production process of the livestock complex.

Введение В Послании Президента Республики Казахстан народу от 10 янва-

ря 2018 года указано, что цифротизация сельского хозяйства - необходимый инструмент его развития в последующие годы, что продиктовано все возрастающей необходимостью [1].

Животноводство, являясь трудозатратной отраслью сельскохозяйственного производства, требует применения современных достижений науки и техники в области цифротизации и механизации на различных этапах производственных процессов. Данное направление является актуальным ввиду стремления АПК к повышению рентабельности и эффективности деятельности предприятий животноводческого комплекса.

Оценка По состоянию на 1 января 2019 года, крупные животноводческие хозяйства Казахстана с высоким уровнем механизации трудозатрат на производство единицы животноводческой продукции составляют в два-три раза меньше количество, в сопоставлении в среднем по всей отрасли, а себестоимость ниже того же среднего по отрасли показателя в полтора-два раза.

Исследования показывают, что только примерно 75% ферм молочного животноводства применяют комплексную автоматизацию производства, из которых на цифротизацию приходится всего 45%. Рассматривая деятельность предприятий, производящих говядину цифротизация животноводства применяется менее, чем в 30% хозяйств, а комплексная цифротизация в свиноводстве охватывает только 35% предприятий [2].

Высокая трудоемкость в животноводстве Казахстана имеет тенденцию к сохранению, что крайне негативно воздействует на итоговую себестоимость производимой продукции.

Например, в молочном скотоводстве доля ручного труда расположена на уровне 55%, а в таких областях животноводства, как овцеводство и репродукторные цеха предприятий свиноводства эта доля составляет не меньше 58%. На мелких сельхозпредприятиях уровень цифротизации производства вообще очень низкий и в среднем в два-три раза хуже, чем в целом по всей отрасли.

В развитых зарубежных государствах цифротизация применима на всей цепи производства продукции, включая процессы разведения, содержания, откорма и забота сельскохозяйственного скота.

SMART-фермы представляют собой автономный, роботизированный, сельскохозяйственный животноводческий объект, который предназначен для разведения сельскохозяйственных видов/пород животных (мясные, молочные и др.) с применением автоматического режима, не требующего участия человека (оператора, животновода, ветеринара и др.). Также SMART-ферма самостоятельно осуществляет анализ экономической целесообразности производства, потребительской активности, уровня общего здоровья населения региона (страна, край, область, и др.) и других экономических показателей, применяя требуемые для этого цифровые технологии (искусственный интеллект, интернет вещей, большие данные, нейронные сети и др.). Данный анализ дает возможность принимать решения о видах/породах сельскохозяйственного животного (с заданными качественными и количественными показателями) которые перспективно разводить. Основные виды цифротизации SMART-ферм приведены на рисунке 1.



Рисунок 1 - Виды цифротизации SMART-ферм [3]

Казахстан планирует к 2022 году осуществить создание 10 «цифровых ферм» и 2000 «продвинутых» ферм по всей Республике. Внедрение начало с декабря 2018 года и будет осуществлено до декабря 2021 года в соответствии с рисунком 2.



Рисунок 2 - Этапы внедрения цифротизации животноводческого хозяйства в Казахстане

Результаты и рекомендации Полагаем, что внедрение SMART-ферм в Казахстане должно проходить поэтапно, начиная

с Казахстана являются те, что выделены на рисунке 3.

Основными игроками на рынке умного фермерства являются: John Deere (США), Trimble, Inc. (США), Raven Industries (США), AGCO Corporation (США), Ag

необходимым механизмом повышения эффективности мясного и молочного производства, а также обеспечения населения Казахстана продовольствием для целей продовольственной безопасности.




Рисунок 3 - Проблемы цифротизации животноводческой отрасли в Казахстане

с определения наличествующего положения и перспектив развития каждого отдельно взятого хозяйства. В настоящее время необходимо сосредоточиться на создании SMART-ферм первого уровня, который включает:

- проведение индексной оценки коров с определением племенной ценности животноводческого хозяйства;
- организацию доильного зала с программным обеспечением (респондеры, болусы) (осуществление доения каждой коровы на основе индивидуального подхода);
- применение роботов навозоудаления с автоматизированной техникой удаления навоза.

На самом высоком этапе развития цифровых ферм в Казахстане необходимо применить:

- Интеграцию МТФ с ИАС (по количеству молока и животных)(устройство для спутникового слежения за техникой, животными и другими объектами);
- Роботов-кормораздатчиков (обеспечение каждой коровы индивидуальным кормлением);
- Роботов-дояров (выявление заболеваний животных на самых ранних этапах, увеличение надоя и улучшение качества молока);
- Использование альтернативных источников энергии (возобновляемый ресурс, заменяет собой традиционные источники энергии) [2].

Основные причины замедленного применения цифротизации в животновод-

Leader (США), Autonomous Solutions (США), CNH Industrial (Нидерланды), CLAAS (Германия) и Farmers Edge (Канада).

Рассматривая применение системы цифротизации фермерского хозяйства в Казахстане выделен «Проект «Умная» молочная ферма», которые реализуется на базе ТОО «Олжа Садчиковское» с участием 770 голов дойного стада.

Именно здесь впервые в Казахстане была внедрена автоматизированная система «Смактек», которая позволяет отслеживать физиологическое состояние крупного рогатого скота и РН-среду, продуктивность животных, своевременное осеменение маточного поголовья. По результатам внедрения выявлено, что экономический эффект достигается за счет увеличения выхода молодняка от 100 маток с 67 до 90 голов, выручка составит 44 млн. тенге.

В результате контроля над состоянием животных также изменены рационы кормления, что позволит увеличить надой молока от одной фуражной коровы с 6 до 7 тонн по итогам года, прибавка составит 77 млн. тенге.

Ввиду успешности применения, повсеместно по всем областям Казахстана совместно с акиматами районов проводится работа по определению потенциальных хозяйств с привлечением поставщиков цифровых услуг.

Исходя из вышесказанного полагаем, что внедрение цифротизации в животноводческий комплекс является не-

**Список литературы:**

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана. 10 января 2018 г. Новые возможности развития в условиях четвертой промышленной революции. Электронный ресурс: <https://www.akorda.kz>;
- 2 Концепция реализации инвестиционной отраслевой программы автоматизации АПК. Электронный ресурс: [moa.gov.kz/documents/1548136649.pdf](http://moa.gov.kz/documents/1548136649.pdf)
- 3 Умная ферма. Электронный ресурс: <https://www.mcxac.ru/digital-cx/umnaya-ferma>;
- 4 Точное земледелие и «умные» фермы: что даст цифровизация АПК в Костанайской области. Электронный ресурс: [https://www.inform.kz/ru/tochnoe-zemledelie-i-umnye-fermy-chto-dast-tsifrovizatsiya-apk-v-kostanayskoy-oblasti\\_a3423797](https://www.inform.kz/ru/tochnoe-zemledelie-i-umnye-fermy-chto-dast-tsifrovizatsiya-apk-v-kostanayskoy-oblasti_a3423797).

## Оспанов Нұрберген

Қызылорда облысы Арал ауданы  
№59 мектептің тарих пәні мұғалімі

### АТА-БАБА МҰРАСЫ – ӨРКЕНИЕТІМІЗДІҢ ЖӘДІГЕРІ

Археологиялық қазбалар - көне заман мен орта ғасырлардан қалған мәдениет ескерткіштерін, жан-жануарлардың сүйектерін қазу, зерттеу жұмыстары.

Оны ғылым академиясының арнаулы рұқсаты бойынша ғылыми дайындығы бар, қазудың әдіс-тәсілдерін білетін және археологияның талаюына сай жүзеге асыра алатын тәжірибелі адамдар жүргізеді. Қазу объектісі

- қаланың жұрты болса, оның ұзындығын, көлденеңін, биіктігін анықтайды, барлық бөліктегі мәдени қабаттың құрамын, демек, археологиялық стратиграфиясын зерттейді.

- Зираттар қазылғанда, топырақтан үйілген обаның құрылысы, қабырдың қабырғасы, өліктің сүйегі зерттеуге алынады. Өлікпен бірге қойылған нәрселер кейде бүтін қалпында сақталады, олардың жатқан орнына қарай, қандай кәдеде жаратылғандығы айқындалады. Қабырдың құрылысын зерттеу арқылы өліктің жерлеу ғұрпы, оны тудырған діннің сипаты білінеді. Табылған қаңқа сүйектердің антропологиялық қорытынды жасауға мәні зор. Бірге қойылған бұйымдар өлген адам бай, келдей екенін, ал сүйектер сол замандағы шаруашылықтың түрін анықтауға көмектеседі.

Көне мекендерде ғасыралар бойы пайда болған мәдени қабаттарды (ғылыми құжаттарды жасай отырып) мұқият зерттеу хронологиялық дерек береді. [1]

#### ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНАН ТАБЫЛҒАН ЖӘДІГЕРЛЕР

Ұлы Жібек жолы - әлем өркениеті тарихының маңызды жетістіктерінің бірі. Жолдары жан жаққа тараған керуен жолдары Еуропаны, Азияны қиып, Жерорта теңізінен Қытайға дейін ежелгі сауда желісі болды.

Қытайдан жібекті, Үндістаннан қоспалар мен тастарды, Ираннан күміс бұйымдарды, византиялық полотнолар, түрік құлдары, афрасиабты керамика және басқа көптеген тауарлары Қаратау және Алтай, Тянь Шань және Памира өткелдерінен өтіп, Мерв және Хорезм оазистері, Сары Арқа даласы арқылы Қарақұм және Қызылқұм шөлдерінен өтетін.

Қызылорда облысының Ұлы Жібек жолының тарихи орталығы болады, оның дәлелі 500 астам қазақ халқының мәдениеті және тарихи ескерткіштердің мекеннің дамуында ерекше орынға ие. Бұл қазақ халқының өкілдерінің сәулет, археологиялық ескерткіштері және кесенелері.

Ежелгі жерде өмір сүреген Қорқыт баба, Әйтеке би және Жалантос Бахадүр, Жанқожы, Бұхарбай, Тоғанас батырлары

халықтың мақтанышы. Осы жерде туған Ғани Мұратбаев, Мұстафа Шоқай және белгілі жер өңдеуші Ибраһим Жахаев – Отанның патриоттары, өз елінің батыр ұлдары. Олардың аттары өлкетану тарихна кіріп, үйлердің қабырғаларында қашалған.

Тарихи қалалар Сауран және Сығанақ, археологиялық ескерткіштері және кесенелер Сунақ Ата, Айқожа ишан, кесенелер Қарасопы, Оқша Ата, Досбол би, Есабыз, Ақтас мешіті, Қорқыт Ата мемориалдык комплексі Ұлы Жібек жолының туристік бағыттарына кіреді.

Жетіасар— группа городищ конца б.э.д. I мыңж. аяғы — б.э.VIII ғ. қалалық топтар ежелгі Сырдарияның солтүстік бөлігінде орналасқан. Қаланың негізгі бөлігі Қазақстанның Қызылорда облысының Байқоңыр қазіргі қаласы және Жусалы ауылынан оңтүстікте 45 — 90 км қашықтықта орналасқан.

Алтынасар, Құрайлыасар, Қараасар, Базарасар, Томпақасар, Жалпақасар қорғандары мағызды болып келеді. Қалашықтарды биіктігі қоршаған ортаның үстінен екіден он метрге дейін.

Жетіасар мәдениетінің барлық қалашықтары өзендер маңайында, қоғамдық үйлердің орнында қызмет ететін бірнеше бір-екі этажды қорғандардан тұрады. Тұрғындары балық, мал, жерді өңдеу шаруашылығымен айналысып, қалашық райондары арқылы Тянь-Шаньнан Волгаға дейін маңызды караванды жол өтетін болған.

Жетіасар мәдениеті археологтарды ежелгі тохарлар және эфталиттермен, басқа канғой тайпаларының мәдениетімен байланысты болады.

1946—51 ж.ж. ескерткіштер С.П. Толстовтың жетекшілігімен СССР ҒА Хивин экспедициясымен алғашқы рет зерттелген болатын. 1973-1993 жылдары зерттеулер Л.М. Левиннің жетекшілігімен жалғасқан болатын. Ал-

тынасар қаласының маңызды қазбалары және и ескерткіштерге қосымша 1980 ж. екінші ортасында - 1990 ж. Ленинск (қазіргі Байқоңыр) қаласымен Қызылқұмда артезианның су көздері біріктітерін су құбарларын салуда сақтау жұмыстары ретінде орындалған еді.

Сығанақ— қалашық қазіргі Қазақстанның Қызылорда облысының шығысында, Түмен-Арық теміржол станциясынан солтүстік-шығыс 18 км, Сырдария өзенінің солтүстігінде 20 км қашықтықта орналасқан. Қаланың көлемі 10 га шамасында 15 төбеммен құрылған сақталған қабырғаларымен қапталған. Орынның жалпы көлемі 13 га шамасындай бекітілген. Мешіттер, кесенелер, ғимараттардың біліктері сақталды. Сырдариядан Түмен-Арқадан, одан басқа таулы өзендер Қаратау баурайларынан 20 километрден тұратын каналы қалаға дейін созылған.

Қала алағашқы рет X ғасырдағы араб географы Махсиди жазуларында айтылатын оғыздар қаласы, XI ғасырдың ортасындағы Каспийдің солтүстік жағалауынан Тянь-Шань тауларынан Сырдариямен өтетін караван жолдарының ірі кәсіпті және сауда орталығы, қыпшақтар астанасы.

1219 жылы қала моңғолдармен жойылып, XIII ғасырдың екінші жартысында Алтын Орданың ақша орталықтарының бірі пайда болған еді. XIV ғасырдың ортасында – Ақ орданың астанасы. XVI ғ. —XV ғасырдың бірінші жартысында Түркістан және Сауранмен тең, Қазақ хандығының орталығы.

1948 жылы алғашқы археологиялық қазбалар мәскеу археологтарымен жүргізіліп, б.э. V ғасырдағы заттар табылған болатын. 2004 жылдан бастап қаланы зерттеу «Мәдени мұра» қазақстан мемлекеттік бағдарламысының аясында жүргізіліп, зерттелуде.





Қызылорда облысында тағы бір тарихи жәдігер табылды. Шіркейлі ауылының аумағынан ғалымдар ескі қаланың орны мен бірнеше қабаттан тұратын екі үлкен бекіністі ашты. Табылған дүниелерді археологтар Жетіасар мәдениетіне тиесілі деп отыр.

Жоғарғы қабаты 9-шы 10-шы ғасырды сипаттаса, төменгі қабат 7-ші ғасыр мәдениетін көрсетеді. Кеңінен керамикалық ыдыстар қолданған шаһарда оғызға, түркілер дәуіріне, қаңлыға жататын жәдігерлер шыққан. Үлкен ғимараттың орнынан шамамен шамандар дәуіріне тиесілі сүйектен жасалған бойтұмар қалдықтары да табылған. Алып шаһар дуалмен қоршалыпты. Бізге сақталған дуалдың биіктігі төрт метрді көрсетіп тұр.

«Бір таңғаларлығы, бұл үйлерді сәулет өнерінен хабары бар адамдардың салғандығы көрінеді. Үйдің қабырғаларының бірдей болуы, кірпіштердің қалануы, бөлмелердің өлшемдерінің бірдей болуы, есіктерінің төбесі ағаш бөрелелермен жабылуы осы жерде қоныстанған халықтың қала құрылысы мәдениетінен жақсы хабары бар екенін көрсетеді», - дейді Қорқыт Ата атындағы ҚМУ археология және этнография ғылыми зерттеу орталығының

жетекшісі Өзілхан Тажекеев.


Ғалымдардың айтуынша, Жетіасар мәдениеті тұсында өмір сүрген халықтың гені әлі күнге дейін анықталмаған. Осы күнге дейінгі зерттеулер Жетіасар ш а т қ а л ы н д а ғы қалалар VII-VIII ғасырларда өмір сүруін тоқтатты деп пайымдауға негіз болған. Ал, жаңа деректер Ескідариялық арнаның Сырдарияға жақын жерде қала мәдениетінің жалғасын тапқандығына көз жеткізуге мүмкіндік беріпті. Жалпы Қызылорда облысында бүкіл әлемге әйгілі тарихи ескі қалалар орналасқан. Сақ көсемдерінің астанасы саналған Шірік-Рабат қаласы, оғыздардың мекені - Жанкент және қыпшақ империясының астанасы - Сығанақ қаласы. XV ғасырда Сығанақ қазақ хандығының астанасы болғаны белгілі.

Қазақ тарихы тағы бір тың дерекпен толықты. Оңтүстік Қазақстан облысында қазба жұмыстарын жүргізіп



жатқан археологтар бес қаруы сайланған жауын-гер әйелдің қабірін тапты. Ғалымдар мүрдедегі сүйекке қарап оның біздің дәуірімізге дейінгі II және біздің заманымыздың IV ғасырларында өмір сүрген болуы мүмкін деп отыр.

Археологтар моланы тарихы аз зерттелген Қаңлы мемлекетіне тиесілі дейді. Күні бүгінге дейін тарихи оқулықтарда көшпенді тайпалардың жауынгерлігі туралы деректер тым аз кездеседі. Сондықтан бұл қазба Қазақ тарихының тағы бір қырынан ашып көрсетуге мүмкіндік береді дейді археологтар.[2]



## Искакова Жайна

Түркістан облысы Келес ауданы Абай ауылы №2 Өзбекәлі Жәнібеов атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

## СИНТАКСИСТІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ

Қазақ тілі пәнін оқытуда синтаксис деген саласы бар екені белгілі. Синтаксис саласының зерттелу барысында көптеген ғалымдарымыз өз тұжырымдарын айта кеткен. Сөйлеу дағдысы бойынша сөздер өзара белгілі бір жүйемен тіркеседі. Сол тіркестердің де, сөйлемдердің де өз жүйелері, өз заңдары болады. Синтаксис саласына тоқтала келіп, өз тәжірибем мен түйгендеріммен бөлісем.

Синтаксис(гр – құру, тәртіп, тамал-тәсіл) сөз тіркесу туралы, сөйлем туралы ғылым. Сөйлеу дағдысы бойынша сөздер өзара белгілі бір жүйемен тіркеседі. Сол тіркестердің де, сөйлемдердің де өз жүйелері, өз заңдары болады. Синтаксис сөйлеудің қалыптасу ережелерін зерттейді.

Синтаксистік байланыс — сөздерді түрліше грамматикалық тәсілдер арқылы мағыналық, формалық жақтарынан өзара байланысқа түсіретін, сөз тіркесін, сөйлем жүйесін құрастыратын формалардың көрінісі. Сөздер негізінен бір-біріне бағыныпқылық және тең дәрежеде қатынас жасау арқылы

Синтаксистік байланысқа түседі. Синтаксистік байланыстың екі түрі қалыптасқан: сөйлеудің қалыптасу ережелерін зерттейді.

Синтетикалық байланыс — сөздердің қосымшалар арқылы бір-біріне бағына байланысуы: жасымда ескермедім, өмірде кездесу, түсініп сөйлеу.

Синтетикалық байланыс сабақтаса байланысу арқылы жүзеге асады.

Аналитикалық байланыс — сөздердің қосымшасыз, орын тәртібі, интонация арқылы тең дәрежеде байланысуы: темір пеш, ағаш курек, осы ауыл.

Аналитикалық байланыс салаласа байланысу арқылы жүзеге асады.

Сөйлемдегі сөздер бір-бірімен грамматикалық байланыста қолданылады. Кез-келген қатар тұрған сөздер бір-бірімен байланыса бермейді. Сөздердің сөйлемде байланысуының белгілі бір заңдылығы бар. Қазақ тілінде сөйлемдегі сөздер жалғау арқылы, шылау арқылы, сөздердің орын тәртібі арқылы, интонация арқылы байланысады.

Сөздер септік, тәуелдік, жіктік

жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түседі. Осы жалғаулардың қатысуымен сөздің өзара байланысына белгілі синтаксистік қатынас, грамматикалық мағына беріп отырады.

Мысалы: Мен өз Отан+ым+ды сүйе+мін. Мұндағы (-ым) тәуелдік жалғауы (-ды) табыс септігінің жалғауы, (-мін) жіктік жалғауы.

Сөздер ретіне қарай шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: Қазақ елі бейбітшілік үшін ынтымағын нығайтады. Мұнда көмекші рөл атқарып тұрған үшін шылауы, ол мақсаттың мағынасын тудырып тұр.

Сөздер орын тәртібі арқылы да байланысады. Мысалы: Тас жолды ағаш күрекпен күредік деген сөйлемде тас пен жол, ағаш пен күрек сөзі қатар тұруы арқылы анықтауыштың қатынаста орын тәртібі арқылы байланысқанын көрсетеді. Ал егер осы сөздердің орнын өзгертіп жіберсек, мүлде басқа мағына немесе мағынасыз сөйлем туады (тас күрек, ағаш жол). Бұл сөздер бір-бірімен тиянақты орын тәртібі арқылы байланысқа түседі.

Интонация арқылы байланысу. Мұнда екі сөздегі орын тәртібі тиянақты болуымен бірге, екеуінің арасында айтылуда дауыс ырғағы сақталып, екінші сөз сәл көтеріңкі естіледі, ал жазуда ол сөздер сызықшамен ажыратылады. Мысалы: Ол – бухгалтер.

Қазақ тіліндегі сөздердің өзара байланысу түрлерінің бес түрі бар. Олар: қиысу, матасу, меңгеру, қабысу, жанасу

Қиысу: Бастауыш пен баяндауыштың жіктік жалғауы арқылы бір жақта және 1-2 жақтарда жекеше, көпше түрде байланысуын қиысу дейміз.

Мысалы: Илияс дүкеннен жүгіріп шықты деген сөйлемде Илияс пен шықты, бастауыш пен баяндауыш III жақта қиысып тұр.

Матасу: Ілік септік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздердің байланысу түрін матасу деп атайды. Мысалы: Менің әкем Бауыржанның батырлығын,

камқорлығын айтып отырушы еді. Осындағы менің әкем, Бауыржанның батырлығы, Бауыржанның камқорлығы тіркестері матасып тұр.

Меңгеру: Бағыныңқы сыңар мен іліктен басқа септік жалғауларының біреуі жалғану не шылауы арқылы байланысу түрін меңгеру деп атайды. Мысалы: Игілік Қызылжардан бұл жолы да ренжіп қайтып еді. Сөйлемдегі Қызылжардан қайтып еді меңгеріле байланысып тұр.

Қабысу: Сөздердің қатаң орын тәртібі нәтижесінде қатар тұру арқылы байланысу түрін қабысу деп атайды.

Мысалы: Отаным десем ойыма Айдын шалқар көл түсер...

Осындағы айдын, шалқар көл дегендер берік орын тәртібі арқылы байланысқан, олардың орнын ауыстырсақ, байланыс бұзылады.

Жанасу: Басыңқы сыңар мен бағыныңқы сыңардың орын таңдамай, жақын да, қашық та тұруы арқылы байланысу түрін жанасу деп атайды. Мысалы: Биыл ол мектепті бітіреді. Бұл сөйлемдегі биыл (бағыныңқы) сөзі бітіреді (басыңқы) сөзімен арасына сөз салып та, ол мектепті биыл бітіреді болып қатар тұрып та байланысады.

Сабақ өту барасында осы ережелерге сүйене отырып, синтаксис саласын жақсы меңгерту менің міндетім. Сол себепті ережемен қоса әдіс-тәсілдер мен дағдыларды пайдалана отырып, өз сабағымды жақсы меңгертемін. Оқушылардың тақырыпты меңгергенін тест тапсырмалары мен кеспе қағаздары арқылы, жұптық жұмыс арқылы, топтық жұмыс арқылы тексеріп, пысықтап, олардың жақсы оқушы болып шығуы үшін аянбай еңбек етемін.

## Бакирова Жазира

Түркістан облысы Келес ауданы Абай ауылы №2 Ж.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназияның қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәні мұғалімі



## ЕЛІКТЕУ СӨЗДІ ОҚЫТУДЫҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ тілі пәнін оқытуда еліктеу сөзді оқытудың ережелері мен ерекшеліктері бар. Біріншіден, табиғатта ұшырайтын сан-алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуы я соқтығысуынан туатын, сондай-ақ, неше түрлі жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен шығатын әр қилы дыбыстарға еліктеуден пайда болған түсініктерді білдіреді. Екіншіден, сол табиғатта ұшырайтын сан-алуан құбылыстар мен заттардың және неше түрлі жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл әрекеттерінің де қилы-қилы көріністерінен пайда болатын түсініктерді білдіреді. Анықтамасына қарай бұл сөздер іштей екі салаға бөлінеді. Олар: еліктеуіш (еліктеме) сөздер мен бейнелеуіш (бейнелеме) сөздер.

Еліктеуіш сөздер – табиғатта ұшырасатын сан-алуан құбылыстар мен заттардың бір-біріне қақтығысу, соқтығысуларынан туатын дыбыстарды есіту қабілеті арқылы белгілі түсініктер ретінде қабылдаудан болған және сол түсініктердің атаулары есебінде қалыптасқан сөздерді айтамыз. Мысалы: Мылтық тарс етті; қарға қарқ етті деген сөйлемдерді алсақ, ондағы тарс деген сөз мылтықтың атылуынан туған дыбыстың атын білдірсе, қарқ деген сөз қарғаның дыбыстау мүшесінен (қарқылдауынан) шыққан дыбыстың атын білдіреді.

Бейнелеуіш сөздер – табиғатта кездесетін белгілі елес, құбылыстарды көзбен көру қабілеті арқылы туатын түсініктердің аттарын білдіреді. Мысалы: «Ырғалып қарға қарқ етті; ірімшік ауызынан салп» етті деген сөйлемдердің екіншісінде «салп» деген сөз дыбысты емес, қарғаның аузынан ірімшіктің жерге қарай түсіп бара жатқанын түскен кезіндегі көрініс елесін, сол көріністердің бейнесін білдіреді.

Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктері. Оқушыларға сабақ өту барысында Еліктеуіш сөздердің дыбыстық ерекшеліктерін сөз еткенде, үш түрлі мәселе ескерілуге тиіс:

1) дыбыстық құрамы 2) буын жігі 3) айтылу ырғағы

Еліктеуіш сөздердің дыбыстық құрамында, демек олардың дыбыстарының тіркесуінде белгілі бір ізге түсіп, қалыптасқан әрі орнықты, әрі жүйелі заң бар деуге болады. Еліктеуіш сөздер тұлғасына қарай: негізгі түбір, туынды түбір болып бөлінеді. Негізгі түбір – бөлшектеуге келмейтін түбір еліктеу сөздер. Мысалы: тарс, тырс, күрс, жылт, жалт, топ, шіңк, морт.

Туынды түбір – аң, ең, ың, -ің, -ң жұрнақтары арқылы жасалған еліктеу сөздер. Мысалы: арс-аң, ырж-ың, қиса-н. Еліктеуден жасалған туынды еліктеу сөз: 1) –аң борт-аң, болп-аң, арс-аң. 2) –ең елп-ең, желп-ең, селт-ең 3) –ың сымп-ың, жылт-ың, быж-ың. 4) –ің кілт-ің, кірж-

ің, шілп-ің. Етістіктен жасалған туынды еліктеу сөздер: 1) – аң ағар-аң, қызар-аң; -ең иір-ең, едір-ең; 3) –ң домала-ң, жайқа-ң, аң, ең, -ң жұрнағы арқылы жасалған кейбір туынды еліктеу сөздердің түбірі қазіргі кездегі қолданылмайтын өлі түбірге айналып кеткен. –Аң түбірінен түбірлес басқа сөздер мен салымстырып сол арқылы болжауға болады. Мысалы: бағж-аң, бақшаң (ежірей), жарб-аң (жарби), тарп-аң (тарпи), адыра, адырақ, Шапш-аң (шапши). Мысалы: Қорқып кетіп көзі бағжаң ете қалды. Қараңғыда алдынан жарбаң етіп жапалақ ұрды. Мұның алдын орауға тырысып, арттағылап шапшаң қимылдады.

Еліктеуіш сөздердің сөйлемдегі қызметі. Еліктеуіш сөздер – негізгі я туынды түбір күйінде де, қосарланып я қайталанып күрделенген күйінде де көбінесе көмекші етістікпен тіркесіп жұмсалады. Еліктеуіш сөз көмекші етістікпен тіркесіп қолданғанда, көбіне күрделі баяндауыш құрамында жұмсалады немесе етістіктің әр түрлі тұлғасында келіп басқа да қызмет атқарады. Мысалы: Самат келіншегінің сөзіне мыңқ етпеді. Жаппамыз теңселіп тұрғандай, астымыз дір-дір етеді. Қасқыр тыпырлап жатқан қозыны көре сала, ыр етіп барып бас салды. Қалт еткенді аңдып отыр. Оның сөзіне елң еткен адам болмады. Берілген мысалдардағы көмекші етістікпен тіркескен мыңқ етпеді, дір-дір етеді деген еліктеуіш сөздер (Самат қайтпеді? астымыз қайтеді?)

күрделі баяндауыш болса, ыр етіп барып (қалай бас салады?) пысықтауыш, қалт еткенді (нені аңдып отыр?) толықтауыш, елең еткен (қандай адам?) анықтауыш қызметін атқарып тұр. Еліктеу сөздер қайталанып, я қосарланып келіп, негізгі етістікке тіркесіп, қимылдың амалын, бейнесін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқарады. Мысалы: Колхоздың қара сабалары күмп-күмп пісілді.

Еліктеу сөздерден өзге сөз табын тудыратын жұрнақтар

Туынды зат есім жасайтын жұрнақтар

мынадай: -ыл, -іл, -л, -ғыр, -гір. Мысалы: тарс-ыл, ыр-ыл, сыр-ыл, ыңқ-ыл, күж-іл, гүр-іл, күр-іл, даңғ-ыр, шіңг-ір.

Туынды етістік жасайтын жұрнақтар мынадай: -ыра, -іре, -да, -де. Мысал сөздері: желб-іре, салб-ыра, былб-ыра, үлб-іре, қалб – ыра, күрк-іре, бұраң-да, ербен-де.

Туынды сын есім жасайтын жұрнақтар –ыр, -ақ, -ек, -іш, -ық. Мысал сөздері мынадай: жылт-ыр, жалб-ыр, еңк-іш, бырт-ық, бұлт-ақ, еңк-ек, желб-ір.

Қазақ тілі пәнінің мұғалімі өз пәнін

жетік менгерген және сол тақырыпқа сай дайындалып, өз деңгейінде сабағын өту қажет. Өз тәжірибемнен алған ережелер мен мысал сөздерді келтіре отырып, тақырыпты аша алдым деп ойлаймын. Қазіргі таңдағы жаңашыл мұғалімдер өз сабағында төрт дағдыны қолдана отырып, сабағын өз оқушыларына менгертеді. Бұл мұғалімнің үлкен жетістігі. Жаңашыл ұстаз – жаңаша көзқарас пен ізденісте болу керек. Ол мектеп ұстаздарының мәртебесі жоғары болу үшін аянбай еңбек ету қажет болып табылады.

## Контек Айым Майбекқызы

ҚазҰУ

Филология және әлем тілдері факультетінің

II курс магистранты

### ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ТАЛДАУДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ АСПЕКТІСІ

#### Аңдатпа

Мақалада мәдениет пен тіл білімі салаларының нәтижесінде қалыптасқан «лингвомәдениеттану» ғылымы туралы ғалымдардың пікірлері мен тұжырымдары талданған. Сонымен қатар, Қалиев Ғ. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» негізге алынып, тіл біліміндегі кейбір атау сөздер лингвомәдени аспектіде қарастырылды.

Кілт сөздер: лингвомәдениеттану, тіл білімі терминдері, сөздік, мағына, қазақ әдеби тілінің сөздігі, мәдениет, тіл.

Тіл мен мәдениеттің өзара байланысына қатысты мәселелер тіл білімінде әртүрлі бағыттарда зерттеліп, қазіргі уақытта белсенді зерттеу нысанына айналып отырғандығы белгілі. Тіл мен мәдениет өзара абсолютті байланыста өмір сүреді, оның нәтижесінде тілдік фактілер, «мәдениет тілі» арқылы мәдени-ұлттық көзқарасты, тілдік стереотиптерді тану және халықтың тілдік санасының көрінісін, тіл арқылы оның мәдени-антропологиялық бейнесін тануға болады.

Бүгінгі таңда әртүрлі халықтар арасында қарым-қатынас орнату үшін ұлттық таным-түсініктің өзіне тән арнайы ерекшеліктерін білу айрықша маңызды, ал ұлтаралық қарым-қатынас қандай да бір ұлтқа тән маңызды тілдік бірліктерді зерттеу қажеттілігін айқындап берді.

Тіл білімінің жиырмасыншы ғасырда қарқынды дамуы тарихта жалпы адамзат жайлы ілімге зор үлес қосумен қатар аталатындығын соңғы жылдары белең алған ғылымдағы тың бағыттардың өзі дәлелдеп отыр. Тіл иесі – сөйлеуші адамның ішкі әлеміне назар аударуды місе тұтқан көптеген зерттеулер тұтас лингвистикалық парадигманың өзгеруіне әкеп соқтырды, сөйтіп ғалымдардың назары сөйлеу құралдарының көмегімен жүзеге асатын күрделі адами өзара қатынастардың жиынтығына ойы-

сты. Қазіргі лингвистикалық ғылыми парадигманың антропоцентристі тілді сөйлеу, когнитивтік, әлеуметтік және оны қолданушының басқа да қызмет түрлерімен байланыстыра зерттеудің бірқатар бағыттарына бастау алды.

Тілдің мәнін айқындауға қажетті басқа зерттеу бағыттарының туындауы тілді тек қана қатынас құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен, қандай да бір этнос мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде зерттеуден тұрады. Тіл кез келген ұлттық мәдениеттің ажырамас және маңызды бөлігі болып табылады, ұлт мәдениетімен толыққанды танысу деген қандай да бір мәдениеттің тек тарихи, географиялық, экономикалық және басқа да жай-күйін білу емес, сондай-ақ ұлттың ойлау бейнесіне енгізе тырысу, әлемге осы мәдениет иесінің көзімен қарауға ұмтылу деген сөз.

Тіл бір мезгілде мәдениетті жасаудың, дамытудың, сақтаудың қаруы болып табылады, сондықтан тілдің көмегімен материалдық және рухани мәдениеттің нақты, объективті шығармалары жасалады. Соның негізінде жаңа ғылым саласы лингвомәдениеттану пайда болды. Бұл ғылым жеке сала ретінде алғаш рет XX ғасырдың 90-жылдарында қалыптасты.

«Лингвомәдениеттану» термині соңғы онжылдықта В.Н.Телияның фразеология мектебінің нәтижесінде пайда болған. Лингвомәдениеттану – бұл мәдениет пен тіл білімі салаларының нәтижесінде қалыптасқан ғылым. Ол қандай да бір ұлттың тілінде айқындалған мәдени құндылықтарды зерттейді. Лингвомәдениеттану – тіл мен мәдениет қатынасы нәтижесінде жаңадан қалыптасқан синтездеуші ғылым. Сондықтан да тіл – мәдениет айнасы. [1; 10].

Жалпы алғанда, лингвомәдениеттану – енді-енді қалыптаса бастаған, әлі де болса ғылыми ұстанымдары мен межелері, тұжырымдамалары нақтылана

қоймаған ғылым, екіұдай түсінік тудыратындар да бар. Бірақ ХХІ ғасырда гуманитарлық ғылымдардың алдыңғы сапында болатындығы сөзсіз. Тіл мен мәдениеттің өзара қиысуының тілдегі көрінісін қарастыратын жаңа ғылыми арнаның жекелеген мәселелеріне шолу жасауымыздың себебі – лингвомәдениеттану ғылымның көп мәселесін бірнеше тілдердің материалдарын салыстыру арқылы дәлелдеу, түсіну оңтайлы. Әрбір тілдік единицаның мәдени-этникалық жүгінің қандай екені аудару процесінде айқын белгі береді [2; 122-123 ]

Термин жасауда А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тілдің танымдық болмысына аса мән беру керектігін атап өткен. Бұл ғалымдардың еңбектерінде таным теориясының ерекшелігі – тіл мен мәдениет тұтастығын бірлікте қарастыра отырып, адамзат болмысын тереңірек білуге ұмтылған. Тілтаным тіл мен мәдениет тұтастығына ерекше мән бере келіп, тіл арқылы ұлттың, халықтың мәдениетін танып, зерттеуге мүмкіндік береді.

Тіл мен мәдениеттің өзара әсері және өзара байланысу үдерісін қарастыратын ғылым саласы бүгінде лингвистикалық мәдениеттану, этнолингвистика, әлемнің тілдік бейнесі, мәдениаралық коммуникация және т.б. лингвистикалық бағыттардың аясында жиі зерттеу нысаны болып жүргенмен, аталған мәселе бүгінгі тіл ғылымындағы жаңа ақпараттардың бірі емес. Яғни, этностың тілі мен мәдениетінің ерекшеліктері соңғы кезде жаңаша көзқараспен қарастырылғанымен, бұған дейін лингвист ғалымдар бұл мәселені психология, әлеуметтік лингвистика, этнопедагогика, тағы басқа пәндердің негізінде зерттеп келді.

Тіл мен мәдениет байланысын зерттеумен айналысқан көптеген ресейлік және шетелдік ғалымдар (Е.М. Вереща-



гин, В.Г. Костомаров, С.Г. Тер-Минасова, А. Вежбицкая және т.б.) тілдің лексика-семантикалық деңгейіне айрықша назар аударады. Зерттеушілердің пікірінше, әрбір тілде белгілі бір тіл мәдениетіне ғана тән арнайы реалийлерді беретін лексикалық белгілі бір қабат болады. Е.М. Верещагин мен В.Г. Костомаров өздері зерттеген сөздің лингвоелтанымдық теориясында қалыптасуына белгілі бір этномәдени және ұлттық-мәдени семантикалық үлестің болатындығы жайлы айтады.

Ендеше жоғарыда атап өткеніміздей, мәдениет ұлттық менталитет құндылықтарының түп негізі тіл қасиетінде көрініс табады. Тілдің құдіретімен бейнеленіп, шынайылықты танытады. Осы тұрғыда әр халық тілінде өзі жасаған және табиғат дарытқан ұлттық мәдениеттің ізі бар деуге болады. Бұл – тіл мен мәдениеттің тоғысуы жолын көздеген лингвомәдениеттану пәнінің негізі болмақ.

Орта ғасырдың соңғы бөлігінде, ғасырлар тоғысқан тұста әлемдік озық лингвистика тілтанымның теориялық бағыттарын имманентті, құрылымдық лингвистикадан өзгешелеу жаңа арналарға – яғни тілді жеке адаммен, оның ойлау өрісімен және рухани-практикалық қызметімен байланыстыра қарауға қарай бет бұрып отыр. Когнитивті, антропологиялық лингвистика деп аталатын мүлде жаңа салалардың қатарында соңғы жылдары лингвомәдениеттану, мәдениаралық коммуникация, әлемнің тілдік бейнесі, этнопсихолінгвистика деп аталатын тың лингвистикалық бағыттар да аталып келеді. Бұлардың қай-қайсысы да – қазақстандық тіл ғылымында енді ғана даму арнасын тауып келе жатқан соны салалар.

Бүгінгі қазақ тіл білімінде лингвомәдениеттану ғылымы пән ретінде жаңа қадам басып жатқанымен, ұлттық мәдениетпен болымсыздық ерекшеліктерді таныту, лингвомәдениеттану пәніне қатысты Ш. Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Қ. Жұбанов, М. Әуезов еңбектерінен бастап ғалым-тілшілер І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Е. Жұбанов, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзақов, Н. Уәлиев, Ж. Манкеева және т.б. ғалымдар еңбектерінде тіл фактілерінің сипаты ретінде танытылды. Осы аталған авторлар еңбектерінде сөз етілген ұлттық тіл деректерінің зерттелуін лингвомәдениеттану пәнінің зерттеу аясына жатқызуға болады.

Бүгінде лингвомәдениеттану ұлттық тілді танудың негізі екені соңғы кездегі біраз зерттеулерде Г. Смағұлова, А. Алдашева, Р. Авакова, А. Салқынбай, А. Сейсенова және т.б. сөз болуы, назар аударылуы, лингвомәдениеттану ғылымының пәні ретінде қалыптаса бастағанын байқатады.

Тіл деректеріне сүйеніп, этнолингвистикамен сабақтас этнос болмысының сан түрлі қырын зерттейтін ғылымдарды академик Ә. Қайдар екіге бөледі: а) этнос тіліне жалпы қатысы бар (мәселен, мәдениеттану, этнография, этнология, өлкетану фольклористика, мифоло-

гия, астрономия, педагогика, дидактика т.б.) ғылымдар; ә) этнос тілінің тілдік табиғатын айқындауға тікелей қатысты ғылымдар (мәселен, этимология, диалектология, онамостика, фразеология, паремология, терминология, лексикография, социолінгвистика, этнолінгвистика, псиолінгвистика т.б.).

Профессор Р.А. Авакова лингвистикалық мәдениеттанудың тіл білімі мен мәдениеттану негізінде пайда болып, халық мәдениетінің тілде сақталған көрінісін зерттейтін сала екендігін айта келе, оның негізгі мақсатын былай деп тұжырымдайды: «Бұл саланың негізгі мақсаты – ата-бабалар рухани дүниесінің тілде қаншалықты дәрежеде көрініс тапқанын анықтау. Болжамды дәлелдеу мақсатында миф-мәдениет, миф-тіл, фразеологизм-миф концептері қарастырылады».

Аударма саласындағы лингвистикалық мәдениеттанудың теориялық мәселелеріне қатысты ғалым А. Алдашеваның пікірі бойынша: «Лингвистикалық мәдениеттану саласы – этнолінгвистикамен де, лингвоелтанумен де ортақтасатын ғылым; лингвомәдениеттану әрбір тілдік единицаның белгілі бір халықтың төл элементі, халық тілімен жасасып келе жатқан өз сөзі; өзгелерден ауыстүйіс емес, өз меншігіндегі сөз, сөз тіркесі, афоризм, мақал-мәтел екендігін дәлелдейтін белгі қайсы; ұлттық «бет-пішін» бар деп есептелінген сөз ұлттық, әлеуметтік, этникалық, саяси адамгершілік, тұрмыстық нормаларынан қандай мәлімет жеткізе алады дегенді зерттеуге назар аударады».

Лингвомәдениеттанудың өркениеті, қоғамдық ғылымдармен қатар дамуын тілдік тұрғыдан сөз ету оның зерттеу нысанын нақтылай түседі. Осы жайт тұрғысында, сондай-ақ, көне тіл деректері лексикамызда сөзжасам саласының қызметін арттыруда халқымыздың мәдени өмірімен байланысты екенін тілші А. Салқынбайдың мына пікірі толықтырады: «Тілдік деректерді лингвомәдени аспектіде зерттеу – ең әуелі тілдер арасындағы жалпыадам-гуманитарлық, мәдени, өркениеттік қырларды айқындау болып табылады. Табиғаттағы, әлемдегі құбылыстар, қоғамдағы сана мен салт, бәрі де тілде өз көрінісін табатындықтан, атау мен оның жасалу сипаты лингвомәдени аспектіде қарастырылады». А. Сейсенова этикет формаларына лингвомәдениеттану аспектісінде салыстырмалы талдау жасап, халық мәдениеті мен ұлттық мәдениеттің бірлік қызметіне ерекше тоқтайды: «Лингвомәдениеттану – мәдениеттің тілдік жүйеге қалай әсер ететінін, яғни фактор мен адам бойындағы тілдік факторлардың байланысын қарастырады» деп түйіндейді.

Ресей зерттеушісі В.А.Маслованың «Лингвокультурология» атты оқулығында қазіргі Ресейдегі лингвомәдениеттаным жайлы зерттеудің бағыттары айтылды және аталған ғылым саласының әдіснамалық негізіне қатысты мәліметтер келтірілген. Автор лингвомәдениеттаным туралы «...

мәдениет тіл ішіне енеді, онда дамиды және сол тілдің мәдениетін білдіреді, ол – халық мәдениетін танытушы ғылым саласы» [3; 76],– деп баяндайды.

Осымен қатар Ресей ғалымы Н.Ф.Алиференко лингвомәдениеттану ғылымының қарастыратын мәселелерін былай түсіндіреді: «Лингвомәдениеттаным – әлемнің тілдік бейнесін, тілдің мәдениеттанымдық ерекшеліктерімен байланысты әртүрлі аспектілердегі мәселелерді қарастырады [4; 16].

Ал қазақ тіл білімінде антропологиялық сипатын алғаш мәдениетпен байланыстырып зерттеген ғалым Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атта еңбегінде: «Антропозенттік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулердің барысы тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие екендігін көрсетіп отыр. Бұл екі фактордың тоғысы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде танылады» [5; 19] – дей келе, «кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мүдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұтастығы, этностың материалдық кеңістігі [5; 18] – деп тілдің материалдық және рухани қырын ашып береді. Демек тіл халықтың тек ұлттық сана-сезімін, мәдениетін, дүниетанымын ғана емес, сол ұлттың мәдени өмірін және рухани дамуын да қарастыратынын айқындайды.

Лингвомәдениеттаным туралы жоғарыда ғалымдардың еңбектерін қарастыра келе, қазақ тіліндегі атау сөздерге лингвомәдени талдау жасалынды. Бұл талдауды жасау барысында, Әлметова Ә.С. «Лингвомәдениеттану негіздері» еңбегін басшылыққа ала отырып, өзіміздің тұжырымымыз бойынша зерттеп, қарастырдық.

Терминді талдауда негізгі еңбек ретінде Қалиев Ғ. «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі» алынды. Тіл біліміндегі терминдердің түсіндірме сөздігі: жалпы тіл білімі мен қазақ тіл білімі саласына (фонетика, лексика, морфология, синтаксис, фразеология, стилистика, тіл тарихы, аймақтық тіл білімі, этнотіл білімі, т.б.) қатысты 1500 термин сөз қамтылып, оларға ғылыми түсінік берілген. Сөздік тіл білімінің өзекті теориялық мәселелері жайында түсінікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Біз терминдерді лингвомәдени талдауда бірнеше бөлікке бөліп қарастыруды жөн көрдік. Біріншіден, терминнің анықтамасын анықтау және де сөздікпен жұмыс жасау; Екіншіден, берілген терминнің мағынасын талдау; Үшіншіден, берілген терминнің мағынасын анықтағаннан кейін, қай тілден енгендігін, сол тілде қандай мағына беретіндігін ашу. Төртінші, басқа тілде берілген термин қандай мағынаға ие екендігін салыстыру арқылы лингвомәдени аспектіде анықтау.

Калиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде аралас құрмалас сөйлем терминінің талдауда жоғарыда айтылған төрт кезең бойынша талдауды мақсат еттік.

Бірінші кезең: тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде аралас құрмалас сөйлем терминіне берілген анықтамасы: орыс. смешанные сложные предложения (с сочинительной и подчинительной связью) – құрамындағы компоненттері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем. Аралас құрмалас сөйлем жай сөйлемдердің құрмаласа байланысуының салалас пен сабақтастан бөлек тұратын үшінші тәсілі емес, сол екі тәсілдің бір құрмалас сөйлем ішінде бірдей қатысқан түрі. Салалас, сабақтас құрмалас сөйлемдерді жасайтын амал-тәсілдер А.қ.с-ді жасауға да қатысады. Мысалы: «Қырық минут күткенше, қырық адым жер жүресің, біз ендігі бірсыпыра жерге барып қалатын едік қой», - деп, мен өз кінәсінің салмағын өзіне аударып тастадым да, тез киіне бастадым (Ә.Әбішев) [6; 31] анықтамасы берілген. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «аралас» сөзіне берілген анықтама: 1. АРАЛАС. Сын. Бірдей емес әр түрлі, ауыс –түйіс. 2. Аралас құрмалас сөйлем. Лингв. Құрамына енген компоненттері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысатын құрмалас сөйлем түрі. Қазіргі қазақ тілінде аралас құрмалас сөйлем төл сөздерге ену арқылы да құмаласады. (Қазіргі қазақ тілі.) [7; 583].

Екіншіден, қазақ әдеби сөздігінде көрсетілгендей, аралас сөзі – бірдей емес әр түрлі, яғни А.қ. сөйлем болу үшін оның құрамында ең кем дегенде үш жай сөйлем (синтаксистік компонент) болу керек (Қаз.тілі.энциклопедиясы).

Аралас құрмалас сөйлем терминін қазақ филологиясының көрнекті қайраткері, қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, белгілі түрколог С.Аманжолов қазақ тіл біліміне енгізген болатын.

Төртінші кезең: орыс тілінде смешанные сложные предложения (с сочинительной и подчинительной связью) деп айтылады. Бұл тіл біліміндегі терминді қолданғанда, әр тілдің өзіне тән ерекшелігін ескере отырып қолданады. Аудармаға назар аударсақ, аралас сөзі орысша: смешанные, өзі айтып тұрғандай дәлме дәл аударылған, ал құрмалас сөйлем сөзі: сложные предложения, құрмалас сөзін жеке қарастыратын болсақ: примыкающий, присоединяющийся деп аударылады. Яғни қосылу деген мағына береді. Сондағы сабақтастың да, салаластың да бір сөйлемде қосылып және де араласып келуін мағыналы түрде аралас құрмалас сөйлем деп термин туындаған. Мысалы, осы терминді қазақ тілін білмейтін шетел азаматтарына айтатын болсақ, олардың құрмалас, аралас сөздерінің аудармасын, мағынасын түсінбеуі мүмкін. Сондықтан да, лингвомәдени жағынан қарастырғанда бұл терминнің мағынасы да түсініксіз болса, кез келген адам терминді меңгере алмайды.

Келесі берілген термин: әке текті есім. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме

сөздігінде берілген анықтамасы: (орыс. Патрионим, гр. Pater-әке, оупа-есім – әкесінің атынан жасалған есім). Мысалы: Айдарқызы, Төлеутайұлы, Тұрсынұлы, т.б. [6; 46] анықтамасы берілген.

«Тектілік» деген сөзін мағынасына, тереңірек ұғынып, қарастырсақ. Текті де терең тамырлы бай тарихы бар қазақ халқы қашанда асылы мен жасығын, жаманы мен жақсысын парықтауға айрықша мән беріп, тектілік қасиетті ерекше классикалық биік-деңгейге көтерді. Тектің һәм ұрпақтың тағдыры ұлттың тағдыры. Ата қазақ келешек ұрпағының кемел болуы үшін өзіне талапты биік қойған. Зерделі, тапқыр, жігерлі, қайратты, ақылды, білімді, т.б. болып өсуді ер жігіттің басындағы асыл қасиеттерге теңеген.

Бұл термин негізінен грек тілден енгендігін көреміз. гр. Pater-әке, оупа-есім, орысша аударғанда, орыс. Патрионим терминін орыс тілінде Патрионим деп қолданылғанымен, оларға бұл сөз румын тілінен енгендігі айтылған. Сонымен қатар, мына бір мысалға назар аударсақ, «В Великом Княжестве Литовском [слово] ЛИТВИН использовалось как патрионим. Патрионим самоидентификация по принадлежности к своему Отечеству от слова PATRIA, PATRIO»[8].

Төртіншіден, әке тектілігі қазақ халқының мәдениетінде орны ерекше. Қазақта біреудің баласы жақсы өнегелі азамат болып өссе: «Оның әкесі жақсы кісі еді, өнегелі жерден шыққан ғой», – дейді. Тектілік сөзі қазақ халқында аса ерекше бағалағандығын көре аламыз. «Тектілікті» жырға қосқан Бекасыл Әулиенің (1822-1915) толғауын мысалға келтірсек:

Тектіден текті туады,

Тектілік тұқым қуады.

Тектілердің тұяғы,

Таңдайды күз-қияны.

Шын тектілер халқы үшін,

Өлімге басын қияды.

Жақсы, жаман деместен,  
Жанына жұртын жияды...

Келесі берілген термин: бейнелеуіш сөздер. Бірінші кезеңде: тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде терминнің берілген анықтамасына тоқталар болсақ: орыс. Образоподражательные слова. Еліктеу сөздер. [6; 58]; Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі анықтамасы берілген. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «бейнелеуіш» сөзіне берілген анықтама: лингв. Қандай да бір көріністің я құбылыстың бейнесін білдіретін сөздер. Еліктеу, көру қабілеті арқылы пайда болған бейнелеуіш сөздер. Мысалы: жалт, жарқ, лып, маймақ, талтақ, көлбең, ербең-ербең, олар көмекші етістікпен тіркесіп күрделі мүшенің құрамына кіреді [9; 207].

Екінші кезең: Бейнелеуіш сөздер : табиғаттағы заттардың қозғалысын, күйін көру арқылы сипаттайды.

Үшінші кезең: Бейнелеуіш сөздер қазақ тіл білімінде мағынасына қарай табиғатты немесе қандай да бір көріністі бейнелейді. Мысалы бейнелеуіштің «жалт» деген сөзін орыс тіліне «слово выражает быстрое движение» деп ауда-

рылады. Маң маң бейнелеуіш сөзін орыс тіліне – неторопливое движение верблюда деп аударылады. Яғни бұл бейнелеуіш өзіміздің төрт түлік малымызға қатысты айтылған. Сондықтан да әр ұлттың өзіне тән тұрмыс-тіршілігіне сай бейнелеуіш сөздер қолданылады.

Төртінші кезең: бейнелеуіш сөздің әдебиетімізде Ж.Жабаевтың өлең шумағының үзіндісін мысалға келтірсек,

Мысалы: ...Селк ете қалды кең далам,

Селк ете қалды тау іші. (Ж.Жабаев) Берілген шумақтың үзіндісінде «селк ете» бейнелеуіш сөз болып тұр. Кең далам, тау біздің табиғатымыздың көрінісін сипаттап тұрғандай. Салыстыру үшін орыс тіліндегі өлеңнің үзіндісіне назар аударсақ:

Как носят капли весте о езде,

И всю-то ночь всё цокают да едут,

Стуча подковой об одном гвозде

То тут, то там, то в тот подъезд, то в э тот. (Б.Л. Пастернак).

Қорыта келгенде, Ф.Қалиевтың «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» берілген бірнеше терминдерді мысалға алып, өзіміздің тұжырымымыз арқылы терминді лингвомәдени талдауды төрт деңгейге бөліп қарастырдық. Терминдерге лингвомәдени талдау жасаудың маңызы зор, себебі қазақ тілі мемлекеттік тіл болу үшін терминдеріміздің құрамы сандық қатынасы жағынан тіліміздегі терминдердің 70–80 пайызы қазақтың төл сөздері болу керек те, қалған 20–30 пайызы кірме сөздер болуы керек дейді терминология мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалымдар, терминолог-мамандар. Сондықтан да, терминдерді танымдық тұрғыдан талдау, атау сөздердің мағынасын терең түсініп жан-жақты қарастыру қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отыр.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Б.Оспанова *Лингвомәдениеттану: оқу құралы.* – Астана: Фолиант, 2018 – 152.

2. Алдашева А. *Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері.* – Алматы «Арыс», 1998. – 215.

3. В.А.Маслова. *Когнитивная лингвистика.* Минск: Тетрасистемс, 2004. – 256.

4. Н.Ф.Алиференко. *Лингвокультурология.* Москва: Флинта, 2010. – 224с.

5. Манкеева Ж. *Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері.* Алматы: Жібек жолы, 2008. – 354.

6. Калиев Ф. *Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі* – Алматы. «Сөздік-словарь», 2005. – 440.

7. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том.* Құр: Жанұзақов, С.Омарбеков – Алматы, 2011. 1-том – А-А-752

8. <https://nicolaev.livejournal.com/1280166.html>

9. *Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 3-том.* Құр: Б.Сүйерқұл, Т.Жанұзақов, О.Жұбаева және т.б. – Алматы, 2011.



## Бейсекова Назым

КМҚК 167 бөбекжай-балабақшасы»

### «Таңғы шеңбер»

**Тақырыбы:** Қыс қызығы.

**Мақсаты:** Табиғат көріністерін сипаттау. Қыс мезгілі, қыстағы адамдардың тіршілігі туралы түсініктерін қалыптастыру. Қыс мезгілінде болатын құбылыстар туралы

**Топ:** Ересек

түсіндіру.

Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру арқылы табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Тілдік мақсаттар: Қайырлы таң!

Сәлеметсіздер ме? Көңіл - күй сұрау?

(күн ашық, күн жылы, қар жауып тұр,

аяз)

**Компаненттері:** Қыс мезгілінің көрінісі слайд, амандасу, көңіл-күй, ауа –райы, табиғат құбылыстары, ертенгілік жаттығулар

### Балалардың тілдік дағдыларын дамыту және жандандыру әдістері:

- Көрнекілік (Қыс мезгілінің көрінісі слайд) карточкалар; Сықырлы қалам
- Қалыптастырушы сұрақтар;
- салыстыру, түстер схемасы;
- қыс туралы өлең;
- такпақтар.

### Көрнекілік

**Шана - сырғанау**

**Қар – Қар жауды**

**Аққала - аққала жасады**

**Аяз – қатты суық**

### Шаттық шеңбері:

- Балалар, көңіл-күйлерің қандай?

- Тамаша

Естімедім, қайталап жібересіңдерме

-тамаша!тамаша! тамаша!

Өйткені ауа райы тамаша, қар

жапалақтап жауып тұр.

Бәріміз көрсетейік қолымызбен қар қалай жауады.

- Балабақша қандай?

- Керемет!

- Біздің топтың балалары қандай?

- Жақсы.

Жарайсыңдар, балалар.

Үлкенге де сіз,

Кішіге де сіз.

Барша жұртты құрметтеп,

Бас иеміз біз.

Әдептен озбай бүгінгі келген қонақтармен сәлемдесіп алайық.

Қонақтарға сәлемін алақанмен үрлеу арқылы жібереді.

Балалар, жылдың қазір қай мезгілі?

- Қыс мезгілі.

Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Үш ай

Қәне атап жіберейікші

Желтоқсан, қаңтар, ақпан

Қазір қыс мезгілінің қай айы?

-Қыс мезгілінің екінші айы қаңтар айы

Джан қайталашы, қыс мезгілінің қай айы екен?

-Қыс мезгілінің екінші айы, қаңтар айы.

Бәріміз қайталайықшы.

(Балалар хормен қайталап айтады)

Аптаның қай күні?

-Аптаның 5 күні Жұма

Жұманы қандай түспен белгілейміз?

Жасыл (балалар жасыл карточканы көтереді)

Қыс мезгілінің ауа райы қандай болады?

- Қар жауады, аяз болады, боран соғады, мұз қатады.

Қыс мезгілінде қалай киінеміз?

- Қалың киімдер киеміз,

Жони, айтып жіберші қыс мезгілінде қандай киім киесін?

Тон, етік, шалбар, жейде, қолғап, баскиім киеміз.

Жарайсыңдар, өте жақсы!

Балалар енді бәріміз тыңдайықшы! Ненің дыбысын естіп тұрсыңдар?

- Боранның.

Ендеше боранды қимылмен, дыбыспен қалай көрсетеміз?

(қолдарын жоғары көтеріп жәй және қатты дыбыс шығарып гүілдейді.)

Джан, Амина, Егор, Фатих, Милена қайталап жіберші.

Ал, қатты аяз болғанда не істейміз?

(қолдарын қусырып, аяқтарын топырлатады).

Қәне, қайталап жіберейікші.

-Ал, күн шыққанда не істейсіңдер?

(«алақай» деп қолдарын шапалақтайды).

-Жарайсыңдар! осындай көңіл – күймен одан әрі жалғастырамыз.

Балалар бәріміз тактаға көңіл күйімізді аударайық.

Слайд. (Қыс көрінісі).

Балалар қане қыс мезгілін көрсетейікші?

Балалардың жауабы. (Тактаға Егор шығып көрсетеді)

Керемет! дұрыс айтасыңдар

- Шырша, ағаштар, айналаның бәрі аппақ.

-Балалар шана мен сырғанап

жүр(шанамен сырғанап жүрген

балалардың суреттері).



Шана – қыста сырғанайтын ойын көлігі. Шана туралы такпақты кім айтып береді?

**Самира**

«Шана»

Қыр басына шарқ ұрып,

Бір орында тұрмаймыз.

Шана сүйреп барамыз.

Қырдан төмен ағамыз.

Қалдық тіпті алқынып,

Ұшқан құстай зулаймыз,

Қандай ауыр шанамыз.





Жарайсын! Самира  
 Тағы не көріп тұрсындар?  
 Қыста күн суық, аяз болады.  
 - Балалар аққала жасап жатыр.  
 - Суретте балалар жылы киім киген.  
 - Қолдары мұздап жаурап тұр  
 Дұрыс! Ағаштар мен шыршаларды  
 және жерді қар жамылып тұр.  
 Ендеше, қыс туралы тақпақ білесіңдер  
 ме?

**Нұрайым:**

Қандай суық қыс деген,  
 Қалтырайды құс деген.  
 Құлақшыңды кимесең,  
 Құлағыңды тістеген.  
 - Ия, қар аппақ, үлпілдек, мамық,  
 жұмсақ, жеңіл. Қар туралы тақпақ  
 білесіңдер ме?

**Айя:**

Қар жауыты далаға,  
 Қар жауыпты қалаға.  
 Сырғанаймыз біз енді,  
 Отырып ап шанаға.

**Даулет:**

Аппақ, аппақ қар аппақ,  
 Айналаның бәрі аппақ.  
 Қырау-қырау жол аппақ,  
 Қар жамылған тал аппақ.  
 Ал, қардың үлпілдек екеніне көзімізді  
 жеткізу үшін мына үстел үстіндегі  
 ыдыстағы түтікшені үрлеп көрейік.  
 (Балалар үстел үстіндегі ыдыстағы  
 түтікшені үрлейді, ондағы қағаз  
 кикымдарының ұшқанын көреді).  
 Ыдыстағы қар ұшты ма? - Ия.  
 Қар ұшқындап, жапалақтап, борандатып  
 жауады екен.  
 Қарды жеуге болады ма? - Жок.  
 Қар аппақ, үлпілдек, мамық, жұмсақ,  
 жеңіл екеніне көзімізді жеткіздік.

-Мына суреттен нені көріп тұрсындар?  
 Сұр қоянды. Олардың да түстері өзгеріп  
 кетіпті. Қоянды байқап алмайсың. Оның  
 тоны аппақ қар сияқты.  
 Ендеше балалар бәріміз қоянды білеміз  
 ба ?

-Білеміз

**Онда бойымызды жазып алайық  
 Сергіту сәті:**

Ұзын құлақ сұр қоян  
 Естіп қалып сыбдырды,  
 Ойлы-қырлы жерлермен  
 Ытқып-ытқып жүгірді.

Қарап еді артына  
 Қиығын сап көзінің,  
 Келе жатқан томпаңдап,  
 Көжегі екен өзінің.

**Жарайсындар!**

**Қыс мезгілінде күн суық болады  
 Суық болса далада ойнаймызба?  
 -Ойнаймыз.**

Балалар, аяз - қыс мезгілінің қатты суық  
 күні.

Боран - қарды, топырақты бұрқыратып  
 соғатын қатты жел. Қыста ақ түтек боран  
 соғады. Ондай күні далада ойнауға  
 болмайды.

Су аязда мұз болып қатады. ҰОҚ  
 барысында, мен сендерге айтып өткен  
 болатынмын. Мынау ыдыстағы  
 мұзымыз, неге айналатынын

бақылаймыз дегенмін. Енді мұз неге  
 айналғанын көреміз.  
 Сөздік жұмыс. Аяз, боран, мұз, шана.  
 Қыс қандай екен? Көңілді екен.  
 Қыста не жауады? Қар жауады.  
 Қандай қысқы ойындарды білесіңдер?  
 Аққала жасаймыз, шанамен  
 сырғанаймыз, қармен ойнаймыз.

Ал енді аққала неше бөліктен тұрады,  
 соны санап жіберейік  
 - Неше бөлік екен?  
 - Басы қандай балалар?  
 - Басында несі бар?  
 - Ал енді денесіне қараңдаршы, денесі  
 қандай пішінде?

- Денесінде несі бар?  
 - Балалар сендер өте жақсы біледі  
 екенсіңдер, біз бұл аққаланы бұрыннан  
 білеміз, аққаланы тек қыс мезгілінде  
 болады.

Ендеше, балалар екі топқа бөлінеміз  
 қыздар , ұлдар болып мына үстелдердің  
 үстінде тұрған мақта мен ермексаздан  
 аққаланы жасаймыз.

(Қыздар мақтамен тұту , ұлдар  
 ермексазбен ұсақтау арқылы қол  
 моторикасын дамытады ).

**Қорытындылау. Мадақтау.**





## Баймуратова Жанбота Абеневна

Қызылорда облысы Арал қаласы  
 №13 Т.Шевченко атындағы мектептің  
 ағылшын тілі пәні мұғалімі

### АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР

Дидактикалық ойындар оқушылардың ой — өрісін дамытып, ойлау қабілетін арттырумен қатар, үйретілген, өтілген тақырыптарды саналы да, берік меңгеруге үлкен әсер етеді. Ойындар оқушылардың шығармашылық ойлау қабілеттерін жетілдірумен қатар, сөздік қорларын молайтып, сауатты жазуға да баулиды. Оқушылар ойын ойнау барысында үйренген сөздерін айтып қана қоймай, оның қандай мағынада қолданылатынын да біледі. Ойын оқу пәндерінің мазмұнымен тығыз байланыста жүргізілгенде ғана дұрыс нәтижелер береді.

#### Ойын арқылы оқушы нені меңгереді?

- оқушылар нақты қызмет тәжірибесін меңгереді.
- оқушылар тек бақылаушы ғана емес, өздері қатыса отырып қиын мәселелерді өз бетінше шеше білуге үйретеді.
- оқу процесінде алған білімді нақты істе қолдана білуге мүмкіндік береді.
- оқушы әрекетіне негізделген оқу көлемін басқарады.
- уақытты үнемдеуге үйретеді.
- оқушылар үшін психологиялық жағымды.
- ойын барысында шешім қабылдау оқушылардан аса жауапкершілікті талап етеді.
- оқушылар үшін қауіпсіз.
- кейде қарапайым оқу қызметімен салыстырғанда көп уақыт мөлшерін алады.
- ойын материалдары дәстүрлі оқу материалдарымен салыстырғанда күрделірек.
- кейбір ойын түрлерінде қатысушылардың саны шектеулі.
- ойын нәтижесі, өз жетістіктері, әсерлері, алған білімі, дағдысы жөнінде оқушылар ата-аналарымен, өзге балалармен, мұғалімдермен көбірек әңгімелеседі, кітапханада өз бетімен іздене білуге, қажетті материалдарды іріктеу білуге үйренеді.

Ойын әрекеті балалардың бағалы өмірінің алғашқы күндерінен бастап-ақ маңызы зор Ойынға тек ойын деп қарамай халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп

қарау керек. Дидактикалық ойындарды мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында қосымша материал үшін, баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады.

Сабақта ойын түрлерін пайдалану сабақ түрлері мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын түрлерін оқу процесін пысықтау, жаңа сабақты қорытындылау кезеңдерінде, қайталау сабақтарында пайдалануға болады. Ойын түрлерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұнына неғұрлым сәйкес алынса, оның танымдылық маңызы да арта түседі.

Оны тиімді пайдалану сабақтың әсерлілігін, тартымдығын күшейтеді, оқушылардың сабаққа ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Ойынмен ұйымдастырылған сабақ балаларға көңілді, жеңіл келеді.

Педагогикалық ойынның маңызы зор. Ойын біріншіден, білу және үйрену, екіншіден, адамның ойнай отырып, өзіндік білім алуы өмір тәжірибесін жинақтауға көмектеседі. Ойынның кәсіптік, әуестену, оқу-жаттығу ойындары сияқты түрлері бар. Ол дем алу, көңіл көтеру бола тұра оқуға, шығармашылыққа, емдеуге, адам қарым-қатынасының типтерінің модельдеріне, еңбекте көрініс табады.

Ойынды ерте заманнан үлкендердің іс-тәжірибесін жеткіншек ұрпаққа жеткізу үшін пайдаланған. Ойын халық педагогикасында, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелерде кеңінен пайдаланылады. Қазіргі мектепте ойын әрекеті ойын пәнінің тарауын және тақырыбын түсіну үшін өздік технология ретінде, жалпы технологияның элементі ретінде, сабақ немесе оның бір бөлігі ретінде, сыныптан тыс жұмыстың технологиясы ретінде қолданылады.

**Жарыс сабақ:** - «to have» и «to be» осы шақтағы етістіктердің жіктелуі

Тапсырма:

«have», «has», «is», «are» етістіктері карточкаға жазылады, сынып оқушыларына таратылып беріледі. Мұғалім бастауышты айтады, мысалы, «a table», «two girls», ал оқушылар соған сәйкес баяндауыштарды қосып айту керек.

«Kіpіce» тақырыбы. Екі командаға бөлінген оқушылар бір-біріне сұрақт арқояды, сұрақтар өтілген тақырып төңірегінде болу керек. Ұпай жинап, салыстырмалы түрде жеңіске жетеді.

«to have» және «to be» етістіктерін қолдана отырып, сөйлем құрай және аудару. Әрбір дұрыс жауапқа ұпай саны белгіленеді

**Қатесі бар сөйлемді табу.** Мұғалім үш сөйлем оқиды, олардың біреуінің қатесі бар. Ал оқушылар дұрыс сөйлем оқылған кезде, қолдарындағы карточкаларын көтереді.

« Тындау.»Тындар алдында олар сұрақтарды оқып алады. Мәтін бір-ақ рет оқылады. Мәтін оқылып болғаннан соң сұрақтары бар парақшалар толтырылады. Сұраққа қарама-қарсы «я» немесе «жоқ» деген жауаптар қою керек.

«Суреттегі заттарды анықтау». Оқушы мұғалімнің қолынан суретті карточканы алады. Келесі команда балалары оған «Is it an animal?», «Is it big?», «Is it blue?» сұрақтар береді. Кім дұрыс жауап берсе, сол оқушы мұғалімнің қолынан карточканы алып, сұрақтарға жауап беруге тырысады.

«Капитандар жарысы.»

Әрбір капитанға 2 ойыншығы бар сөмке беріледі, біреуінде, мысалы, түлкі мен маймыл, ал екіншісінде – піл мен мысық. Капитан олардың атын айтпай, тек сипаттау керек. Мысалы: «It's an animal. It's lives in Africa. It's brown. It lives in the trees. It likes bananas.» (a monkey). Ойын қорытындысы шығарылып, мадақталады.

«Математикалық лото»

**Ойын мақсаты :** оқушылардың ағылшын тіліндегі сандар туралы ұғымдарын бекіту..

**Ойынға сипаттама:** оқушылар 4-5 оқушыдан топтарға бөлінеді, мысалдар құрастырып, есептер шығарады, әрбір санды ағылшынша айтады, содан кейін олар мысалды оқи отыра, келесі партаға «қонаққа» барады. Осылайша олар бірі оқушының, бірі мұғалімнің ролін атқарады.

**Ойын «What's missing?» (Не жоғалды?)**

**Ойын мақсаты:** сөздердің лексикалық мағыналары туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру;

**Ойынның сипаты:**

Столдың үстінде тақырыпқа байланысты біріктірілген немесе кесілген карточкалар жатады. «Shut your eyes!» командасы бойынша оқушылардан осы заттарды есте сақтай отырып, қайталап айтуды сұрайды. «Open your eyes!» командасы бойынша бір суретті алып қояды да, көздерін ашқызып, қандай сурет жетіспейтіндігін сұрайды.

Мысалы:

- Shut your eyes!
- Open your eyes! What's missing?
- A dog!

**Ойын «Жаңғырық»**

**Ойын мақсаты:** оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.

**Ойынның сипаты:** Теріс қарап тұрып, сыбырлап бір сөз айтады. Балалар жаңғырық ретінде бірінен соң бірін дыбыстап айта береді.

**Ойын «Кәнеки, көрсет»** («Please, show me...»)

Ойын мақсаты: жануарлар аттарын жаттату.

Ойын сипаты:

Оқушылардың өздеріне таныс жануарлар суреттері салынған карточкаларды столдың үстіне тастау.. «Please, show me...» (мысалы, a cat) жануарлар суреттерін көрсетеді.

**Ойын «Не жасай аласың?»** («What can you do?»)

Ойын мақсаты: тілдерін дамыту, мысалы: «мен ...» » («I can»)

**Ойын сипаты:**

Балалар әр түрлі жануарларлар маскасын киіп, сол жануар болып сөйлейді. Мысалы: «What can you do?» деген сұрақ беріп, «I can jump» немесе «I can run» деген жауап қайтарады.

**Ойын «Маған келуіңізді өтінемін»** («Come up to me»)

**Ойын мақсаты:** Сын есім тақырыбын бекіту

**Ойын сипаты:**

Скамейкаға отырған балаларға үлкен-кіші карточкалар таратылып беріледі, онда иттердің, қояндардың суреттері бейнеленген. «Little dog, come up to me!» баланың сұрауы бойынша, кімнің қолында кішкентай күшік болса, жақындау керек. «Big dog, come up to me!» сұрауы бойынша кімнің қолында үлкен күшік болса, тағы да солай ойын қайталана береді.



**Ойын «Бұзылған телефон»**

**Ойын мақсаты:**

- берілген тапсырмалар бойынша білімдерін бекіту;
- есту қабілеттерін дамыту;

**Ойын сипаттамасы:**

Балалар екі топқа бөлінеді. Бірінші топ жүргізушісінің құлағына бір сөз немесе тіркесті сыбырлап айту керек, ал екінші сөз бен тіркесті екінші команданың жүргізушісінің құлағына сыбырлап айту керек. Балалар тізбектеліп тізбекті бұзбай сөздерді айту керек. Егер сөздер бірінші баладан соңғы балаға дейін бұзбай айтылып жеткізілсе, сол команда жеңіске жетеді.

**Нұсқалары:** This is a little mouse.

This is a big dog.

**«Shopping» ойыны**

**Ойын мақсаты:** оқушыларды диалогтық сөйлеуге үйрету

**Ойынның сипаты:**

Балаларды дүкенге шақыру «Let's play shop!». Дүкенге бірнеше ойыншықтар қойып, сатушы таңдаңдар.

Сатып алушы: knock, knock, knock! May I come in?

Сатушы: Come in, please.

Сатып алушы: Good morning!

Сатушы: Good morning!

Сатып алушы: Please, give me a brown box.

Сатушы: Here you are.

Сатып алушы: Thank you. Good bye.

Сатушы: Good bye.

**«I have» ойыны**

**Ойын мақсаты:** «too» үстеуін енгізу

**Ойын сипаты:**

Тақтаға екі баланы шақырып, бірі мысық, екіншісі тышқан кейпінде болуын сұрайды. Ойынды мысық бастайды, ал тышқан «too» үстеуін қайталап, соңынан ереді.

Мысық: I have one tail.




Тышқан: I have one tail too

**«Үйшік» ойыны**

**Ойын мақсаты:** сөз қолданыстары туралы өтілген материалдарды қайталау

**Ойын сипаты:**

Орындықтардың арқалығын бері қаратып қойыңдар. Одан «үйшік» жасандар. Кішкентай жасыл құрбақаның, үлкен қоңыр түлкінің, күшкентай күлгін қоянның, үлкен қара мысықтың, кішкентай ақ күшіктің ролін бөліп алыңдар.



Ойын есікті қағудан басталады. Балалар терезе көзінен көрініп, хормен

«Who are you?» деп сұрайды.

Құрбақаның роліндегі бала: «I'm a little green frog», «May I come in?» дейді. Балалар хормен:

«Come in, please». Құрбақа: «Thank you!» деп жауап береді. Содан соң балалар кезекпен «Who lives in the house?» деп сұрайды. Келесі қонақты кездестіріп:

«Let's live together!» дейді.



**Г.А.Елеусізова**

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Филология және көптілді білім беру институтының  
II курс магистранты*

## ТІЛДЕГІ ҮНЕМДЕУ ЗАҢЫНЫҢ ТАБИҒАТЫ

Үнемділіктің жалпы адамзат өркениетіндегі маңызы мен өзектілігі жайында айтылатын бұл мақалада ең алғаш сол үнемдеу құбылысының табиғатына, ол туралы пікірлердің ең алғаш антикалық дәуір ғұламаларының еңбектерінде жарық көргендігі туралы айтамыз.

Үнемдеу заңының тіл біліміндегі рөліне жете назар аударып отырып, әр ғалымның заңдылықты ашудағы еңбектерін, кемелді пікірлерін мысал ретінде келтіреміз. Үнемдеу заңының тілдегі қолданысының маңызы мен ерекшелігі, жиілігі жайында сөз ете отырып, оның табиғатын толықтай ашуға тырысамыз.

**Түйін сөздер:** үнемдеу заңы, үнемдеу құбылысы, табиғи тіл, жасанды тіл, халықаралық тіл, өндіріс күші.

Г.А.Елеусізова

Природа закона экономии в языке

В статье рассказывается о значении и актуальности закона экономии в общей человеческой цивилизации, мы расскажем о природе этого явления, и о том, что первые исследования о нем были опубликованы в трудах ученых античной эпохи.

Особое внимание обращаем на роль закона экономии в языке, в качестве примера мы приводим высказывания ученых, и их труды. Мы стараемся полностью раскрыть закон экономии, говоря о важности и специфике применения данного закона в языке.

Ключевые слова: закон экономии, явления экономии, язык, искусственный язык, международный язык, производственные силы.

G.Yeleussizova

The nature of the law of economy in language

The article describes the significance and relevance of the law of economy in the General human civilization, we will talk about the nature of this phenomenon, and that the first research on it was published in the works of scientists of the ancient era.

We pay special attention to the role of the law of economy in language as an example, we cite the statements of scientists and their works. We try to fully disclose the law of economy, speaking about the importance and specifics of the application of this law in the language.

Key words: law of economy, phenomena of economy, language, artificial language, international language, production forces.

Үнемдеу адамның ойлау қабілетінің, қоғамның дамуына және танымның да өзгеруіне байланысты қалыптасатын күрделі де табиғи құбылыс. Адамзат баласы ықпалы заманнан бері үнемділікке

ұмтылғандығы жасырын емес. Уақыт үнемдеу, күш үнемдеу, қуат үнемдеу, сөз үнемдеу, т.б. Демек, үнемдеу бұл тұрмыстың етене қалыптасқан бөлігі. Қазіргі таңда адам еңбегін түрлі технологиялармен алмастыру арқылы өндіріс күші мен қызметкерлерге жұмсалатын қаржы мөлшерін үнемдеу - озық технологиялар ғасырында белең алған үрдістердің бірі. Ал лингвистикада бұл заңдылық қалай түсіндіріледі? Тіл біліміндегі үнемдеу құбылысының ерекшелігі, мақсаты, өзектілігі неде? - деген сұрақтарға өз зерттеулерімізде жауап беруге тырысамыз. «Өндірістің адам қажетін алуан түрлі деңгейде қанағаттандыру үшін дамуы тәрзіді, тілде ең алдымен қарым-қатынас құралы ретіндегі рөлін жоғары деңгейде орындау үшін дамиды. Алайда өндірістің адамды едәуір үнемді әдіспен қанағаттандыруын ешқашан ескермей кетпеуі мүмкін еместігі сияқты, тіл де оны елемей қоюы мүмкін емес» [1, 146]. Бұл салыстырудан өндіріс пен тілдегі үнемділіктің қоғамның, соның ішінде адамзаттың қол жеткізген үлкен жетістігі екендігін білеміз. Ендеше үнемдеу заңы туралы сөз қозғамас бұрын, оның пайда болу тарихына көз жүгіртейік.

Үнемдеу құбылысының көріністері сонау антикалық дәуірден бастау алатыны сөзсіз. Алайда ол «тілдегі үнемдеу» термині аясында қарастырылмады. Аристотельдің еңбектеріне сүйенер болсақ, оның өзі үнемді сөйлеу негізінде ұғымның орнына атауды енгізуді ұсынды. Сөйтіп, философ «барлық нүктелері орталықтан бірдей қашықтықта орналасқан жазық бет» деген ұғымның орнына бір ғана «дөңгелек» атауын ұсынған болатын. [2, 69]. Бұл тұжырымнан, жер бетіндегі барлық материя берілген атаудың өзі үнемділіктің жемісі - деген қорытындыға келеміз.

«Тілдегі үнемдеу» ұғымы ең алғаш XVII-XVIII ғ.ғ. француз философы Рене Декарттың халықаралық тіл жасау мақсатында қалыптасты. Декарттың ғылыми-зерттеу жұмыстары халықаралық тіл жасаудағы ілімнің алғашқы теориялық базасы ретінде қалыптасып, интерлингвистиканың жаңа сатыға өтуіне елеулі әсер етті. Зерттеушінің пайымдауынша, халықаралық тілде бұрыс етістіктер болмау керек. Жаңа сөздер префикс, суффикс, аффикстердің көмегімен ғана жасалуы тиіс болатын. Ең бастысы сөз тудырушы аффикстердің тұлғалық мағыналарының тұрақты болуы шарт еді. Сонымен қатар сөздікке түбір сөздермен қатар префикс, суффикс, аффикстерді енгізу арқылы оларды қолданысқа енгізу көзделді. Декарт бұл пірімен мағынадан көрі формаға жете

назар аударуға шақыратын секілді. Бұл біздің ойымызша, тілдің тайыздығына, сөз мағынасының солғындауына алып келеді. Себебі, тілдің көрінісі ондағы тілдік құрылымның, грамматикалық категориялардың үнемі қарқынды дамып отыруында деп түсінеміз.

Р.Декарттың пікірінше, басқа табиғи тілдерге қарағанда, халықаралық тіл үнемдеуге бейім болып келеді. Себебі онда орыс тіліндегідей «спряжение, склонение, построение слов» терминдерінің бір ғана түрінің болатындығымен түсіндіреді. Кейін табиғи тілдердің диахрондық тұрғыда өзгеруі барысында оның бірігуге, үнемділікке қабілеті бар екендігі дәлелденді. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің зерттеулерінде, сөзсіз, тілдің даму барысында оның үнемділікке ұмтылысын, артық грамматикалық формалар мен басқа да құбылыстарды ығыстырып, жойғандығы анықтала түсті. Тілдегі үнемдеу құбылысын өз ғылыми еңбектерінің негізгі зерттеу нысанына айналдырған жас грамматисттер мектебі де бұл үрдістің дамуына өз үлесін қосты.

Тілдегі үнемдеу принципін ең алғаш тұжырымдаған француз ғалымы А.Мартине болатын. Қағидаға сүйенер болсақ, тілдегі өзгеріс - қарым-қатынас мұқтаждығы мен адамзат күшінің үнемділікке деген талпынысы арасындағы ымыра. Лингвистикадағы үнемдеуге А.Мартине тілдегі бірнеше құбылыстарды жатқызады. «Термин «экономика» включает все: и ликвидацию бесполезных различий, и появление новых различий, и сохранение существующего положения. Лингвистическая экономия – это синтез действующих сил» [3. 269]. Демек, лингвист-ғалым тілдегі үнемдеудің аясының кең екендігін ескерте отырып, ондағы өзгеріс пен үрдістің өзін үнемдеу құбылысы деп тануымыз керектігін айтады. Өзінің «Основы общей лингвистики» атты еңбегінде лингвист-ғалым Ф.де.Соссюр А.Мейе, Прага лингвистикалық мектебінің қағидаларын дамыта түсті. Адам баласы күнделікті өмірде қарым-қатынас барысында «үнемдеп сөйлейін» деген мақсатпен үнемдемейді. Ол бір шартты рефлекс сынды, яғни санамыздың аз күш жұмсай отырып, ақпаратты толыққанды жеткізуге деген талпынысы. Ендеше, тілдік факторларды зерттей отырып, қорытынды нәтижеге қандай жағдаяттарда жеткендігімізді ескеруіміз қажет.

Белгілі ғалым, философ Г.П.Прайс өзінің атақты «Логика и речевое общение» атты еңбегінде адамзат қарым-қатынасының ұтымды 4 санатын (максимы) көрсетеді. Олар: сапасы, мөлшері, қатынасы және тәсілі. Мөлшер санаты

беретін ақпарат мөлшерімен шартты қарым-қатынаста. Оған төмендегідей постулаттарды (дәлелдеуді қажет етпейтін пікір) жатқызамыз:

«Твое высказывание должно содержать не меньше информации, чем требуется (для выполнения текущих целей диалога)».

«Твое высказывание не должно содержать больше информации, чем требуется»

[4, 222]. Келтірілген постулаттар лингвистиканың экспликативті және имплективті тенденциясының көрсеткіштері екендігін аңғара аламыз. Ол дегеніміз - берілетін ақпарат көлемінің санынан көрі сапасына мән беру арқылы оның құндылығын нақтылай түсетіндігімізде.

Жоғарыда көрсетілген постулаттар лингвистиканың экспликативті және имплективті тенденциясының көрсеткіштері екендігін аңғара аламыз. Шынымен де, берілетін ақпарат көлемінің санынан көрі сапасына мән беру арқылы оның құндылығын нақтылай түсеміз.

Келесі мәселеде табиғи тілдерді қабылдау үрдісін жеңілдету мақсатында оларды үнемділікке баулу көзделді. Бұл идеяны дамыту мақсатында Г.Спенсер тұжырымдамалары өз жемісін берді. Г.Спенсердің зерттеулеріне сүйенер болсақ, тілдің «табиғи эволюциялық заңы» - тілдің ауырдан жеңілге,

ұзын сөздердің қысқаруы, толымды сөйлемдердің толымсыз сөйлемге айналуының көрсеткіші. Бұны тілдің синтаксистік жүйесінің күрделіден жеңілге өтуі деп те қарастыруға болмайды. Керісінше, құрылым мен тілдің синтаксистік бірліктері күрделене түсуінде деп білуіміз қажет. [5, 215].

Бодуэн де Куртенэ де тілдегі үнемдеу құбылысын өз еңбектерінің зерттеу нысаны ретінде қарастырады. «Языковая жизнь является непрерывной органической работой... А в органической работе можно заметить стремление к экономии сил и к не растрчиванию их без нужды, стремление к целесообразности усилий и движений, стремление к пользе и выгоде» [6, 226]. Мұнда ғалым тілді тірі организмге теңеп, оның әрдайым үнемділікке бейім келетіндігін айтады.

Бодуэн де Куртенэ, сонымен қатар, сөйлеу барысындағы дыбыстық ықшамдалудың бірізділікке, үнемділікке ұмтылатынын: а) дыбыстық өзгерістердің, ықшамдалулардың күрделіден қарапайымға қарай бейімделуде физиологиялық ерекшеліктің ескерілуін; ә) синтаксистегі сөйлеу кезіндегі ойға қатысты мүшелердің айтылмай, нақтылықтан абстракциялыққа өтуін қадағалауды қажет деп санайды [6, 186]. Үнемділіктің анық көрінісі дыбыстарда екендігін Куртэнэ еңбектерінен байқауымызға болады.

Қорытындылай келе үнемділіктің

тек тұрмыста ғана емес, сонымен қатар тілде де, оның әр деңгейлік қатпарларындағы рөлінің қаншалықты маңызды екендігіне көз жеткіздік. Тілдегі үнемдеу құбылысына қатысты ғалымдардың еңбектеріне көз жүгірте отырып, үнемдеу құбылысының тағы да бізге беймәлім қырлары мен табиғаты жөнінде ақпараттар алдық.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қалыбай А. Экономика ұғымы мен экономика құбылыстары туралы ғылыми пікірлер. // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. - 2010. №1-2. 145-148 бб.
2. Античные теории языка и стиля / под ред. О. М. Фрейденберг. Л.: Наука, 1936. 341 с.
3. Мартине А. Принцип экономии в фонетических изменениях. - М., 1960. -261 с.
4. Трайс Г.П. Логика и речевое общение // Новое в за- рубежной лингвистике.- 1985.- Вып. 16.- С.222-229.
5. Спенсер Г. Основные начала. Киев: Вища школа, 1986. 375 с.
6. Бодуэн де Куртенэ. Избранные труды по общему языкознанию. - М.:Акад. Наук СССР, 1963. -Т.1. -384 с.

## Р.Б.Аяганова

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
 Филология және көптілді білім беру институтының  
 II курс магистранты

## АУЫЗША СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Мақала ауызша сөйлеу мәдениеті, оның өзіне тән ерекшеліктері, қазіргі таңдағы өзекті тұстары мен келешегі мәселелеріне арналады.

Бүгінгі күні адами факторларға ерекше мән беріп, тіл иесінің тілдік бірліктерді дұрыс, ұтымды қолдану, мән-мағыналарын терең түсіну мәселесі ғылыми еңбектерде жиі көтерілуде. Сондай бір жаңа бағыттың бірі – ауызша сөйлеу мәселесі жаһандандудың өзара әріптестік пен өзара түсіністік аспектісінде бүгінгі таңда аса өзекті болып отыр. Біз осы мақалада ауызша сөйлеу мәдениетінің кейбір ерекше қырларын ашуға тырыстық.

Түйін сөздер: сөз дұрыстығы; қысқалығы; эмоционалдылығы; байлығы; түсініктілігі мен дәлдігі.

Р.Б.Аяганова

Культура устной речи

В статье рассматриваются культура устной речи, ее особенности, современ-

ные проблемы и перспективы.

Сегодня языковые факторы имеют особое значение для человеческого фактора Проблема правильного, рационального использования единиц, глубокого понимания значения и значения в научных работах часто на подьеме. Одной из новых тенденций в этой области является проблема устных выступлений в аспекте взаимодействия глобализации и взаимопонимания. В этой статье мы попытались раскрыть некоторые специфические аспекты культуры устной речи.

Ключевые слова: точность слова; короткая продолжительность; понимание и точность.

R.B.Ayaganova

Culture of spoken

The article discusses the culture of public speech, its features, current problems and prospects.

Today, language factors are of particular importance to the human factor.

The problem of correct, rational use of units, a deep understanding of the meaning and value in scientific works is often on the rise. One of the new trends in this area is the problem of public speaking in the aspect of the interaction of globalization and mutual understanding. In this article we tried to reveal some specific aspects of the culture of public speech.

Keywords: word accuracy; short duration; understanding and accuracy.

Ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеген кезде орфоэпия қағидаларын сақтап мәнерлеп сөйлеумен тығыз байланысты, яғни, сөздер қалай дыбысталса сөйлеген кезде де әрбір сөздің дұрыс айтылуына мән беруіміз керек.

Өйткені, қазақ тілі - өз табиғатында үнді, әуезді тіл.

Әрбір сөзбен сөйлеу, не мәтінді мәнерлеп, сөздің нақышына келтіріп айту - ауыз әдебиеті асыл қазыналарынан, айтыс өнерінен келе жатқан табиғи

зандылық.

Сондықтан ауызша сөйлеу кезінде тілдің өзіндік заңдылықтарын сақтаумен қатар, сөйлеудің техникасын жетік біліп, қорымыздың да мол болғаны қажет.

Белгілі бір мәтінге грамматикалық талдау жасау, тәрбиелік мәні жоғары үзінділердің әдеби сырын ашып, басқа біреулерге үлгі-өнеге ету үшін де тілдік заңдылықты қатаң сақтаудың үлкен пайдасы бар.

Ойды жеткізер тілдің мәнері, нақышы жеткіліксіз болса, ойшыл ақынымыз Абай айтқандай: «көңілдегі көрікті ойдың ауыздан шыққанда сәні кететінінің» бірі болмақ.

Ауызекі тілде бір сөзді қайталай бермей, оған мағыналас, мәндес синоним сөздерді қолдану да, ойды әсерлі, түсінікті жеткізудің айғағы.

Қашан да сөзді қарапайым қолдана отырып, тартымды да көркем айта білген ғұламалардың шешендігін, сөйлеу мәнеріндегі қатаң сақталған әуезділікті өзімізге өнеге тұтуымыз керек.

Академик, жазушы М. Әуезов сөзінде және жазылған мақалаларында халық даналығы болып есептелетін мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестерді, канатты сөздерді қолданудың шебер үлгілерін ұсынғаны баршамызға белгілі.

Сөйлеу мәдениетін арттыруда, әрбір сөздің мағынасын дұрыс түсініп, орынды жеткізе білуде сөздіктерді, нормативтік сипаттағы анықтағыштарды, орфоэпиялық сөз тудыру, синонимдер, омонимдер, фразеологиялық сөздіктерді, тілді грамматикалық жағынан дұрыс көрсететін сөздіктерді пайдаланудың маңызы зор [1].

Ауызекі сөйлеу тілінің өзіндік ерекшелігі - бірін-бірі бетпе-бет көріп отырған екі не одан да көп адамдардың өзара пікір алысу, түсінісу құралы.

Бірін-бірі түсіну үшін сөйлеуші адамдардың дауыс ырғақтары, сөз құралындағы әрбір дыбыстың орфоэпиялық нормаға сай естілуі қажет.

Мысалы: қонбады - қомбады, басшы - башшы, көкөніс - көгеніс, көзсіз - көссүз, өзенге - өзәңге, айдың көл - айдың гөл, ай қабақ - ай ғабақ, тас бауыр - тас пауыр, жас бала - жас пала т. б. [2].

Сөздерді жазылуынша айту, әсіресе, жастардың тілінде үйреншікті машыққа айналып бара жатқанын аңғару қиын емес. Мұны тіліміздің табиғи дамуының нәтижесі деп қарауға болмайды. Бұл - күнделікті өмір сүріп жүрген ортаның тілге мән бермеуінен және мектептегі оқытуда жіберіліп жатқан кемшіліктер.

Соның салдарынан, адам баласының бір-біріне деген қарым-қатынасы, түсініспеушілігі басталады, бір-бірінің ойын, ішкі жан-дүниесін түсінбейді немесе әр сөзін селқос, енжарлықпен тыңдап, босандық танытады.

Сөйлеу тілінде адам баласының бір-бірімен түсінісуі сөз арқылы ғана емес, сонымен қатар, бұған кісінің бет-аузы,

қас-қабағы, қол-қимылы қатысып отырады. Яғни, өз сезімін, өз ойын бірнеше нұсқада, бірнеше әдіс-тәсілдерді қолдана отырып жеткізуге тиісті.

Оның үстіне сөйлеуші дауыс ырғағын құбылта сөйлеп, әр сөзіне жан бітіреді, көріктендіре сөйлейді, әсерін, мақамын келтіреді. Бұл жерде әрбір сөйлеуші радио, теледидар, лекторлар мен шешендердің, айтыс ақындарының сөз мәнеріне, сөз саптауына мән беріп, сол негізде сөйлей білуге тырысқаны абзал. Абай ағамыз «болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсенің» дегендей, әр нәрсені, жағымды нәрсені үлгі тұта білу керек.

Кейде ауызекі сөйлеу стилінде сөйлем мүшелерін қысқартып айту, сөйлемді аяқтамай бітіру, сөйлем мүшелерінің орын тәртібін өзгертіп айту, сөзді талғамай қолдану жиі кездеседі. Бұл кезде сөз немесе сөйлем ажарсыз, әсерсіз болмас үшін әр сөзді дұрыс қолданып, өз орнымен келтіріп отырса, сөйлем түсініксіз болмайды.

Ол үшін синоним, омоним сөздерді талғампаздықпен қолдана білуіміз керек.

Оның үстіне, көбінесе, дәстүрге айналып кеткен кейбір сөздер жиі кездеседі, көбірек айтылады.

Мысалы: «Жұрт, халайық, халық» деген синоним сөздердің ішінен «халайық» сөзі, «барлық, күллі, баршасы, барлығы» дегендерден «барлығы», «бет, жүз, рең, әлпет» дегендерден «бет әлпеті» өте көбірек қолданылады [3].

Ауызекі стилін жандандыру үшін жазба әдебиеттегі сияқты әрбір синонимдерді басқа да көркемдік тәсілдерді талғампаздықпен қолданса, ой дәл, анық, әсерлі жеткізіледі.

Мысалы: Қайғы, уайым, қасірет, шер т.б. синонимдердің орнын былайша алмастырып қолданса: «Солардың жетуін келтіріп, жазғытұрғы аласапыранға ұрындырсақ, қолда барды тауысып, құралақан отырсақ, Қарағанды қара қайғының астында қалады, мейрамдау түглі кейде жақын адамның да көңіліне қаяу салады. Оңашада үйде аналы-балалы екі адам іштегі қайғы-шерін жаспен жібітпін». (Ғ. Мүсірепов)

Әрине, ауызекі тіл жазба тілдегідей құрылымды, стилистикалық заңдылықты қатаң сақтай бермейді.

Десек те, тіл байлығын, халқымыздың сөз асылдарын тиімді, өз орнымен пайдалана білсек, ана тіліміз де жұтаңдамай, көркейе түседі.

Айтайын деген ойынды бейнелі де әсерлі жеткізудің бір жолы - эпитет пен теңсуді пайдалану, сөзді бейнелі қолдану, сөйлеу тілінің стиліне мән беру, айрықша эмоциялық рең беру.

Тақырыптың мазмұнына қарай шешен сөзінің ішкі тебіренісі мен толқынысын, көзқарасын көбіне дауыстың ырғағы, күші, ым-ишара, қимыл-қозғалыс арқылы да жеткізіп отырады.

Оның үстіне ауызекі тілдегі жеке сөздің айтылу интонациясы да оның қандай мәнде, қандай мақсатпен айты-

лып тұрғанын дәл көрсетіп тұрады.

Мысалы: Берілген сұраққа қалай жауап берді?

Дыбыс әуені қандай? Сол адамның ішкі ойын да, сезімін де бірден көрсетіп береді.

Қорыта келгенде: сөйлеген сөздерді дұрыс айта білу, әсіресе, сөз ішінде, сөз аралықтарында, сөз тіркестерінде орфоэпиялық негізгі заңдылықтарын сақтап әуезді де мәнерлі сөйлей білу. Мысалы: протеза - сөз алдынан дауысты дыбысты қосып айту: лашын - ылашын, рақат - ырақат, радио - ырадио, рақым - ырақым; элизия - қатар келген қос дауыстының бірін түсіріп айту: ала алмады - алалмады, жақсы өнер - жақсөнер т.б. Оған қоса дауыс ырғағын, интонацияны дұрыс белгілеп, сонымен бірге, әр түрлі бет қимылы мен дене қозғалысы, ым-ишара сәйкес келіп бірін-бірі толықтыру арқылы тыңдаушыны қызықтыра түсу - шешен адамдардан бастап, жеке адамдардың өзіне қойылатын талап-тілектердің бірі [4].

Ауызекі сөйлеу тілінің өзіне тән стильдік ерекшеліктері бар:

1) сөйлеу тілі қарапайым қарым-қатынас жасау кезінде айтылады (бірі бірін жақсы тинитын, жақын адамдардың арасында);

2) көбіне - көп алдын-ала дайындықсыз өтеді (көлма-қол сұрақ - жауап беру, спондандық - ішкі себептермен пайда болу, сыртқы әсерден болмаған);

3) сөздердің, сөйлемдердің қалыптасқан қалпы өзгеріске түседі;

4) қаратпа, одағай, қыстырма сөздер жиі қолданылады;

5) дауыс ырғағы, интонация, бет-әлпет, қол қимылдары қосымша қызмет атқарады [5]. Ауызша сөйлеу дәстүрін жандандырып, шешендікке үйрету - тіл мәдениетінің ең басты міндеті.

### Әдебиеттер

1. М. Балақаев. «Тіл мәдениет және қазақ тілін оқыту». - А., 1989.

2. М. Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті. - А., 1971.

3. Т. Қордабаев. Қазақ тілі білімінің мәселелері. - А., 1991.

4. С. Құрманғалиева. Қазақ тілінің мәселелері. - А., 1965.

5. Р. Сыздықова. Сөз құдіреті. - А., 1997.

6. Р. Сыздықова. Сөздер сөйлейді. - А., 1980.

### References

1. M. Balakaev. Til madenietine zhane kazakh tilin okytu. - A., 1980

2. M. Balakaev. Kazakh tilinin madenietine. - A., 1971.

3. T. Kordabaev. Kazakh til biliminin maseleleri. - A., 1991.

4. S. Kurmangalieva. Kazakh tilinin maseleleri. - A., 1965.

5. R. Syzdykova. Soz kudireti. - A., 1997.

6. R. Syzdykova. Sozder soileidi. - A., 1980.



Бегманова К.Д.

Қостанай облысы Әулікөл ауданы  
№ 28 Құсмұрын орта мектебі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 5.3 А Мәтін есептер		Мектеп: № 28 Құсмұрын орта мектебі			
Күні: 20.01.20.		Мұғалімнің аты-жөні: Бегманова К.Д.			
Сынып: 5 А		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақ тақырыбы	Мәтін есептер шығару				
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)		5.5.2.3 жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер шығару (мысалы, бірлесіп орындалатын жұмыстарға қатысты есептер және т.б.);			
Сабақ мақсаттары		Барлығы: Мәтін есептің математикалық моделін құрады; Көпшілігі: бірлесіп орындалатын жұмыстарға және қозғалысқа қатысты есептерді шешу дағдыларын дамытады; Кейбіруі: жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер құрастырады.			
Бағалау критерийлері		Оқушы оқу мақсаттарына жетеді, егер 1. есепті шығару жоспарын құрастырса; 2. мәтін есептің математикалық моделін құрастырса; 3. жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер құрастырса.			
Тілдік мақсаттар		Оқушылар - мәтін есептерде әріпті өрнектердің құрастырылуын сипаттайды; - мәтін есептердің шешімін түсіндіреді; - практикалық есептердің математикалық моделін сипаттайды.			
Құндылықтарды дарыту		Ашықтық, ұйымшылдық, академиялық шындық.			
Пәнаралық байланыстар		Физика			
АКТ қолдану дағдылары		Интерактивті тақтамен жұмыс <a href="http://tarbie.org/load/bastau/ash/tkendi_pysy_tau_oz_alys_a_arnal_an_esepтерdi_shy_aru/3-1-0-10683">http://tarbie.org/load/bastau/ash/tkendi_pysy_tau_oz_alys_a_arnal_an_esepтерdi_shy_aru/3-1-0-10683</a>			
Бастапқы білім		Жай бөлшектерге амалдар қолдану			
Сабақ барысы					
Сабақтың жоспарланған кезеңдері		Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет			
Сабақтың басы		Ұйымдастыру кезеңі			
3 мин	1. Амандасу. Топқа бөлу. («Қазақстан», «Астана», «Байтерек» командалары)		<a href="http://www.matematikus.info/arifmetika/zadachi_na_drobi.php">http://www.matematikus.info/arifmetika/zadachi_na_drobi.php</a>		
5 мин	2. Сабақтың кезеңдерімен, мақсатымен, жетістік критерийлерімен таныстыру.				
Сабақтың ортасы	3. Өткен білімді бекіту				
5 мин	Оқушылар мұғалім қойған сұрақтарға қол көтеріп ауызша жауап береді. 1. Бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу ережесін айтыңдар? Жауабы: Бөлімдері бірдей бөлшектерді қосу үшін алымдарын қосып, ал бөлімдерін өзгертпей қалдырамыз.				
	2. Бөлшектерді көбейту ережесін қандай? Жауабы: Бөлшектерді көбейту үшін алымын алымға, бөлімін бөліміне көбейтеміз.				
	3. Бірлесіп жұмыс істеу есептерінде қандай өлшемдер қолданылады? Жауабы: Жұмыс, өнімділік, уақыт.				
	4. Жұмыстың өнімділігі дегеніміз не? Жауабы: Өнімділік бұл уақыттың бірлік өлшемінде орындалған жұмыстың бөлігі.				
	5. Жұмыс қандай әріппен білгіленеді және неге тең? Жауабы: Жұмыс А әріпімен белгіленеді және $A=I$ .				
	6. Бөлшектерді азайту үшін қандай ережені қолданады? Жауабы: Бөлшектерді азайту үшін алымдарын азайтып, бөлімдерін өзгертпей қалдырады.				
	Бағалау: смайлик арқылы бағалау				
15 мин	4. Топпен жұмыс. Тапсырмалар сыныптың тақтаға көрсетледі. Оқушылар әр топ бір есептен бастап шығарып, шешуін түсіндіреді. Мұғалім есептің жауабын сандық тізбек арқылы тексере алады.		<a href="https://infourok.ru/prezentaciya-po-matematike-na-temu-zadachi-na-sovmestnuyu-rabotu-klass-1082144.html">https://infourok.ru/prezentaciya-po-matematike-na-temu-zadachi-na-sovmestnuyu-rabotu-klass-1082144.html</a>		
12 мин	1) Екі жұмысшы кейбір жұмысты бірігіп 6 сағатта орындайды. Олардың бір өз бетімен сол жұмысты 15 сағатта жасайды. Екінші жұмысшының жұмыс өнімділігін табыңыздар. Жауабы: 10 2) Айдар және Қанат қысқа ағаш дайындап қоюға келісті. Егер Айдар ағашты өзі жалғыз шабатын болса оған 11 күн, ал Қанатқа бұл жұмысқа 9 күн керек болады. Жалпы жұмыс өнімділігін табыңыз. Жауабы: 20/99 3) Хауыз бір құбыр арқылы 7 сағат, ал екіншісі арқылы 8 сағатта толады. Екі құбырды да ашып қойса хауыз неше сағатта толады? Жауабы: 56 Бағалау: жалау арқылы бағалау (бірінші және дұрыс орындаған топ 3 жалау, екінші және дұрыс орындаған топ 2 жалау, үшінші және дұрыс орындаған топ 1 жалау)				
	5. Топпен жұмыс Оқушылар өмірмен байланыстырып, есептерді құрастырады. Оқушылар өздерінің жұмысын дескрипторлар бойынша бағалай алады:		<a href="https://infourok.ru/zadachi_na_dvizheniya_5_klass-301868.htm">https://infourok.ru/zadachi_na_dvizheniya_5_klass-301868.htm</a>		
	№	Мақсат		Дескрипторлар	+/-
	1-4	5.5.2.3		Бірінші өнімділікті табады	
				Екінші өнімділікті табады	
				Бірлесіп орындалатын жұмыстың өнімділігін табады	
			Бірлесіп орындалатын жұмыстың уақытын табады		
	Бағалау: жұлдыз арқылы бағалау (бірінші және дұрыс орындаған топ 3 жұлдыз, екінші және дұрыс орындаған				

	<i>топ 2 жұлдыз, үшінші және дұрыс орындаған топ 1 жұлдыз)</i>	
Сабақтың соңы 5 мин	<p><b>6.Үй жұмысын беру.</b> “Мәтін есептер шығару” тақырыбына есептер құрастыру және келесі есептерді шешу.</p> <p>1.Вини Пух 2 бәткі балды 2 сағатта жейді, ал оның досы Пятачок 3 сағатта жейді. Осындай жұмыс өнімділігімен бірігіп сондай балды неше сағатта жейді?</p> <p><b>7.Қорытынды жасау:</b> әр топ өз нәтижелерін жариялайды.</p> <p><b>8.Рефлексия</b> <i>Сабақта үйренген 3 нәрсе ...?</i></p> <p>Оқушылар өздерінің жұмысын критерийлер бойынша бағалай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- «осыншаға арттыру», «бірнеше есе кеміту» және т.б. сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіреді;</li> <li>- есепті шығару жоспарын құрастырады;</li> <li>- мәтін есептің математикалық моделін құрастырады;</li> <li>- жай бөлшектерге арифметикалық амалдар қолданып мәтін есептер шығарады.</li> </ul>	
<b>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</b>	<b>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</b>	<b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b>
<i>Оқушылар сабақ бойы жеке және жұппен жұмыс жасайды. Қабілеті жоғары оқушылар басқа оқушыларға көмектеседі.</i>	<i>Өзін-өзі бағалау түрі қолданылады. Сабақта оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру үшін фронтальды жұмыс жасайды.</i>	<i>Сабақ басында оқушылар қауіпсіздік техникасымен таныстырылады.</i>
<p><b>Сабақ бойынша рефлексия</b></p> <p>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба?</p> <p>Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?</p> <p>Жеткізбесе, неліктен?</p> <p>Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?</p> <p>Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?</p> <p>Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p><b>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</b></p>	
<p><b>Жалпы баға</b></p> <p>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланңыз)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		



**Айгуль САЛТЕНОВА**

*Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы  
«Набережный орта мектебі» КММ  
Бастауыш сынып мұғалім*

## ЖАҢА БІЛІМ ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ БАСТАУЫ

Бүгінгі өркениетке бет бұрған ақпарат заманында терең білімді, білікті, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға тәрбиелеу - ең өзекті мәселе. Демек, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру - ХХІ ғасырдың басты талабы. Қазіргі таңда "Әлем өзгергендіктен, мен де өзгеремін" деген даналық сөзді педагогикалық ұстанымым ретінде жаным серік етіп бастауыш сыныпта сабақ беріп келемін. Мені еңбек жолымда алғашқыда мынадай сұрақтар толғандырды: Оқытудың басқа формасы бар ма екен? Оқушыны қызықтыру үшін не істеуге болады? Оқушы неге жалаң бағаға құмар? Әрине, осындай сәтте менде жаңа әдіспен жұмыс істесем, бір ерекшелігі бар оқыту формасымен таныссам деген құштарлық пайда болды. Міне, осы сауалдарыма жауапты

мен жаңартылған білім мазмұнынан таптым десем артық айтқаным емес. Әрине, жаңа бағдарламаны мұғалімнің іс - тәжірибесіне өзгерістер енгізу - мектебіміздің басты талабына айналып, бүгінгі күні, алғашқы нәтижесін де бере бастады. Жоғары деңгейді тәмамдаған тренерлер шебер сыныптарда оқыту стратегияларын, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып қолдану мүмкіндіктерін, сондай-ақ нақты әдістер мен стратегияларды қалай және қай жағдайда қолдану қажеттігін игертті. Білім беру бағыттары әрбір оқушымен болатын жеке кері байланысты да есептен шығармауға жетеледі. Әріптестерімнен пікірлесу, ой бөлісу, тәжірибе алмасу - жеткен табыстың бір бөлшегі. Жаңартылған білім аясында күнделікті оқыту тәжірибем жаңаша түрде құрылған сабағымды жоспарлап, оны өткізу барысында жаңа тәсілдерді, «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу

керектігін үйренуді» қарастырамын, өйткені оларды әлеуметтік-сындарлық көзқараспен тығыз байланыстырамын. "Ізденген жетер, мұратқа" дегендей, шәкірттерім бүгінгі күні дәстүрлі кездегідей қонақ болып отырмай, нағыз кейіпкерге айналды. Жаңартылған білім аясында әрбір сабағымдағы мерейлі мақсатым - білім алушыларды ойландыру, өз беттерінше ізденіп оқуға баулып табысты сабаққа қол жеткізу. Осы жылдар арасында қандай пікірге келдім? Табысты сабаққа қалай қол жеткізіп жүрмін? Осы орайда өзімнің тәжірибемде күнделікті сабақты табысты сабаққа айналдыру барысында жаңа білім беру мазмұнының тиімділігі зор дегім келеді. Өзімнің тәжірибемде жаңа білім берудің тиімділігі төмендегідей деген тоқтамға келдім.

- ▶ Мақсаттың нақтылығы
- ▶ Жоспарда бөлім, бөлімшелердің айқындылығы

► Шәкірттің сыни көзқарасы қалыптасады.

► Бағаның дәлдігіне көзі жетеді

► Алған білімін өмірмен байланыстырады.

Міне, осы айтылғандар дәл бүгінгі күні әр сабағымызда көрініс тауып жатса, бұл - табысты сабақ дер едім. Табысты сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін назарда ұстағанымыз жөн. Мәселен, "Бес саусақ", "Бутерброд", "Тазалық" т.б тиімді десем, "Бағдаршам" бағалау сәтінде оқушылар тек жасыл, сары, қызыл түсін көрсетіп қана қоймай, кері байланыс жасап отыруы қажет. Әйтпесе, тек түсті көрсетсе, басқалар не үшін көтергенін ажырата алмай қалуы мүмкін. Немесе, жетістік ағашында оқушы өзінің орташа деңгейде екендігін мойындамай өзін жоғары деңгейде көрсетуі әбден мүмкін. Сондықтан бағалаудың тиімді жақтарын қарастырғанымыз жөн. Айталық, жиынтық бағалауға модерация өткізу де жаңа білім берудің тиімді тұсы болып отыр. Яғни, оқушылар

әділдікке, айқындылыққа куә болады. Бастауыш сыныпта шығармашылық зерттеу - оқушының ең жоғары қасиеті. Осы орайда жаңартылған білім мазмұны шәкірттің өздігінен ізденіп, жаңалық ашуына жағдай туғызып отыр. Яғни, шығармашылық арқылы оқушының дүниетанымы кеңейіп, іс - әрекетін өмірмен байланыстырады. Тақырыпты меңгеруде өз күшіне сену дағдысы қалыптасып қана қоймай, ақыл - ойы, икемділігі дамиды. Шығармашылық жұмыс арқылы жолдасымен, ұжыммен ынтымақтастық қарым-қатынасы нығая түседі. Яғни, бірлескен жұмыс арқылы, бірі-бірімен достығы күшейе түседі. Шығармашылықты тежейтін кедергілер "Орындай алмаймын", "Қолымнан келмейді" деп қорқынышқа бой алдырса, екіншісі өз талантын ашуға енжар болады, ал үшіншісі ұяндыққа жеңдіреді. Осы орайда жантанушы ролінде шәкірттеріме "Жарайсың!", "Керемет", "Тамаша", "Талпын" деген сөздер арқылы қанат бітіріп отырамын. Сол сияқты мұғалім мен оқушының арасындағы

қарым - қатынаста да бұл оқыту үдерісі алға ілгеріледі. Қазіргі таңда бірінші сыныпта сабақ беремін. Мысалы, сыныпқа кіріп келген мезеттен бастап оқушылармен амандасу, сабаққа деген көңіл күйлерін сұрау, қал жағдайларын білуден оқушы мен мұғалім арасындағы диалог басталып кетеді. Яғни, сабақ басталар сәттегі жақсы көңіл-күй мұғалім мен оқушы арасындағы, оқушы мен оқушы арасындағы диалог жүзеге асады. Міне, менің табысты сабақ туралы түйген ойым осындай. Яғни, бұл жаңа білімде қол жеткізген елеулі жетістігіміз дегім келеді. Олай болса, «Сабақ беру үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», - деп Ж.Аймауытов айтқандай болашақта жаңалыққа құмар жаңа заман адамын, яғни, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеуде еңбегімізді еселей берейік!

## Айгүл ОМАШҚЫЗЫ ТАНАБЕРГЕН

*Қостанай облысы Арқалық қаласы*

*"Арқалық қаласы әкімдігі білім бөлімінің*

*Кейкі батыр атындағы №4 жалпы білім беретін орта мектебі" ММ*

*Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі*

## ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ ПӘНІ - РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ НЕГІЗІ

Өзін-өзі тану пәнінің міндеті әр адамның лайықты өмір сүруі үшін қуаныш үшін жаралғандығына оқушыларды сендіре білуінде болып табылады. Міне, осы орайда біздің мектебімізде де бұл пәндегі адами құндылықтар менің де сабағымнан көрініс табады. Өзін-өзі тану сабағы рухани-адамгершілік сабағы - сол көздеген нысанаға жетелейтін шамшырақ іспетті пән. Тақырып тармақтарында адами қасиет, үлгілі өнеге, табиғатпен табысу, достықты бағалау, тән мен жанның саулығы, балаар дәстүріне деген ілтипат, баланың жан- жақты дамуы, өмір оқулығындай топталған бұл пән оқушы қиялын оятары сөзсіз. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына, жақсы өмір сүруге, баланы жасынан үйрету керек. Яғни, алдындағы әр бала мен үшін нұр деп есептеймін. Нұр сәулесін дарыту үшін рухани жаңғырудың бастауы риясыз сүйіспеншілік, мейірімділік, адамгершілік қасиеттерді бойларына сіңіріп отырамын. Мен әр сабағымда шәкірттерімді шабыттандыра отырып, қиындықсыз өмір жоқ, сондықтан өмір-күрес, жеңе біл деп тек сөзбен емес,

рухани жаңғыру тұрғысындағы аңыз, әңгімелермен сусындатамын. Өзін-өзі тану сабағында менің әр сабағым кез-келген баланың жеке тұлғалық ерекшелігіне негізделеді, яғни, әрбір балаға сүйіспеншілігім сабақ барысында мақсатқа жетуімнің ең басты көзі болып саналады. Шәкірттерімнің дарыны мен қабілеттерін аша түсуге мүмкіндік жасау қажет, оларды әлеммен үйлесімділікте өмір сүруге үйрету менің мерейлі мақсатым десем, артық айтқаным емес. Бұл сабақ балаларды баурап алу керек. Сонда ғана бала еркіндік алады. Бойында барын ортаға салады. өзін танытады, өзгені де бар күйінде қабылдайды, кешірімді болады. Міне, балалармен тіл табысу деген осы. Осы орайда баланы мұқалтпай, мойытпай нағыз майталман шеберлікпен баптаса тосқауылсыз аққан бұлақтай өмірден өз орнын табуы әбден мүмкін. Әрбір оқушы сабақ барысында мұнды мәтін болса, осының бәрі дәл қазір болып жатқандай күй кешіп, көңілдері босайды, сезімге беріледі. Әрине мұнды сабақтан қашпау керек. Өйткені өмірдің күні мен түні

қатар жүреді. Олай болса, сабаққа жан бітіріп, түр енгізу керек. Сонда ғана сабақ қызық, қуаныш сабақ болуы хақ. Мәселен, Жер-ана тақырыбы ұланғайыр жерін сақтап, жанын берген, қымбат бағалы мекен. Осы тұста жағдаяттарды шешу арқылы топпен, жұппен жұмыс түрлерін ұйымдастырған өте ұтымды. Менің осы тұста көздегенім шәкірттеріме идея тастап, шығармашылыққа баулу. Міне, осындай өзекті мәселені ортаға тастау арқылы балаларды әрдайым шығармашылыққа баулимын. Сондай-ақ, "Өзін-өзі тану" сабағында оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру мақсатында жаңартылған білім аясындағы ойын элементтерін тиімді пайдалануға болады. Ойын ұғымы адамның мінез-құлқын өзі басқаруымен анықталатын жағдаяттар негізіндегі іс-әрекеттің бір түрі негізінде қарастырылады. Өйткені ойын - адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Ол міндетті түрде ұжымдық іс-әрекет. Дамытушы ойындардың ішінде оқушылар өздері қолдан жасап, құрастырған шығармашылық жұмыстарының да орны



ерекше болады. Яғни, ойын барысында есте сақтау, қиялдау, елестету, сөйлеу тілімен олардың шығармашылығы дамидыны ақиқат. Ойынның әрекеті бір-біріне деген сыйластықты дамытып, қажеттіліктерімен санасуға, рухани жаңғыруына жағдай туғызады. Ойын арқылы еңбектеніп, оның өмірмен шебер ұйымдастырып, ұжыммен мәселені шеше алғандығы ойынның тиімділігін көрсетті. Тәжірибемде "Өзіммен-өзім" тәсілі арқылы әр баланың жүрегіне құлақ тұру мен үшін өте маңызды. Ол баланың қиялын дамытады, шығармашылығын

дамытады. Идеядан шығармашылыққа жол бастауда макеттер, коллаждар, сурет салу, қиялмен эссе жазудың маңызы өте зор. Өйткені дәл осылар арқылы оқушыда идея туындап, шығармашылыққа жол ашылатыны даусыз. Әр оқушының өзінің ішкі "Менін" жоғалтпай ар-ұжданымен өмір сүру, адамдарға әрқашан қол ұшын беру, мұның барлығын "Өзін-өзі тану" білім бағдарламасының негізі болып табылатыны хақ. Иә, бүгінгісін ғана емес, болашағын сәулелі күйде елестетіп, алға ұмтылған арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік, азамат тәрбиелеуде бұл пәннің

қосатын үлесі зор. Ойымды түйіндей келе, оқушылардың өмірден орнын таба білуі, өмірінің тиянақты да бақытты болуы, жетістіктерге қол жеткізуіне дәл осы пәндегі жағдаяттарды басшылыққа ала отырып, өмірде өздері қол жеткізуіне бағдар беруді жалғастыра беремін деген ойдамын.

## **Алтынай АРАЛБАЕВА Кенжекуль КАРИМОВА**

*Рудный қаласы*

*"Дм.Карбышев атындағы №14 орта мектебі"*

*Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері*

### **АБАЙ ЖАҚҚАН БІР СӘУЛЕ, СӨНБЕУ ҮШІН...**

Өткен өмір дөңгелегінде "Тіл ұстартып, өнер шашпақ" болған Абай Құнанбаевтың өз заманында жазып қалдырған баға жетпес мұралары бүгінгі күні және болашағымыз жастарға ақыл-өсиет, тәлім-тәрбие ретінде өмірлік тәлім болумен келеді. Жүрекке білім шырағын жаққан Адамзаттың Абайы кез-келген өлеңдерінде рухани дүниенің қайнар көзі білім, ғылымды сөз етіп, адам бойындағы адамгершілікті, ар-ұятты яғни адам бойындағы рухани байлықты басты орынға қойған. Жуырда Қасым - Жомарт Тоқаевтың Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы қарсаңында жазған мақаласы жарияланған болатын. Онда Президент Адамзатты Абайы атанған ойшыл ақын туралы салмақты, өнегелі ой қозғады. Бұл, әрине әрбір қазақ баласы үшін ой салатын мақала екені анық. Абай-халық ғұламасы, ағартушы, қазақ әдебиетінің іргесін қалаушы, ірі тұлға болып саналады. Ұлы ақынның артында ұрпағына қалдырған еңбегі өлшеусіз. Мектеп қабырғасында бүгінгі ұрпақ Абай тағылымынан өнеге алып жетіліп келеді. Ол, "Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол адам өміріне апат әкеледі" - деген қағиданы ұстана отырып, ұрпақтан-ұрпаққа жетерлік тәрбиеге толы мұраларын артына қалдырды. Өйткені қай өлеңін, қай қарасөзін, шығармаларын парақтап өтсеңіз де, тұнып тұрған тәлім-тәрбие дер едік. "Сөз түзелді, сен де түзел" деп оқырман тыңдаушысын тарихи жаңа бағытқа бағдарлады. Сондықтан дәл қазіргі таңда Абайдың өмірлік жолы, кре-

досы ар жолы, адамгершілік, адалдық, әділдікке тура қарап, адамдардың бойына терең жайылған қанымызға сіңіп кеткен жат әдеттерден арылу үшін Абайды оқуымыз қажет. Адамзаттың Абайына айналған ұлы ақынның ой-ұшқырлығының тереңдігі сонша, төл туындылары дәл осы заманымызда да өзекті мәселенің шешімін табуға жол көрсетіп отыр. "Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлт өрісінің өсуін ойлайды демекші, бұл күндері Президентіміз бастаған игі істі қолға алып, Абайтануды жандандыра түсетін болсақ, рухани жаңғыру бастауы болмақ. Өйткені, қазіргі ақпаратты заманда "Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып" өз-өзімізді Абай тағылымымен тәрбиелейтін болсақ, рухани азығымыз молая түсетіні айдан анық деп ойлаймыз. Осы орайда ұлтпен ұлтты, халықпен қалықты теңестіретін - әр елдің озық ойлы, ұлы тұлғасы Абайды оқы, таңырқа дегіміз келеді. Шындығында, Абай тәрбиесі тіпті дүниеге шыр етіп келген сәттен бастап, кісіліктің келбетін түсіндіруге тырысады. Оны "Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла", деген ақынның терең күрсінісінен анық байқаймыз. Абайдың әр қарасөзі, ұлттық идеологиямыздың темірқазығы іспеттес. Осы пікір он тоғызыншы қарасөзде анық айтылады. "Адам ата-анадан есті болып тумайды, естіп, көріп, ұстап татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды - дағы сондайдан білгені, көргені көп болған білімді болады. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда

іске жарайды, сонда адам десе болады" - деген жоғарыдағы өлең үзіндісіндегі ойды одан ары қарай дамыта түсетінін көруге болады. Мектеп қабырғасында өзіміздің тәжірибемізде алдымыздағы шәкірттерімізді тәрбиелеуде де ұтымды қолданып келеміз. Абай өлеңдері оқушылар өмірінде бейнелі, суретті келіп, шын мағынасымен көркемдік шартын орындап отырады. "Ғылым таппай мақтанба! өлеңінің мазмұнын саралап байқасам, адам баласы бойындағы мадақтап отыратын - талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым және оларға қарама-қарсы өсек, өтірік, еріншек, мал шашпақ сияқты сипаттарды айтып отыруының мәні зор. Адамзаттың Абайы толық адам жайлы түп қазығын, өзінше сыншыл ой таразысына салып, екшеп алған танымын қуатты құралы ретінде ұстанды. Бүгінгі күні "Абай жолы" Қазақстан көлемінен асып, барлық ұлттар сүйіп оқитын шығармасына айналған. Адамзаттың Абайы атанған ұлы тұлғаның мерейлі мерекесі қарсаңында біздің мектебімізде де тағылымы мол шаралар ұйымдастырылып, ізгілікті істер атқарылу үстінде. Абай Құнанбаев - Алаш жұртының руханияты мен мәдениетінің символы іспеттес тұлға. Ол күллі адамзат игілігі екен. Яғни, ұлы ақын әр адамның жүрегіне жаққан сәуле сөнбей, болашақта тәлім-тәрбиенің рухани өзегі болары сөзсіз екеніне көзіміз анық жетті. Оның поэзиясы - махаббат пен даналыққа толы. Абай өмірінде өлеңге мақал-мәтелді қосуға, яғни бояма әсерге қарсы болды. "Өлеңі бірі жамау, бірі - құрау"

деген жолдарынан кезінде ақындарды талай сынағанын көруге болады. Мектеп қабырғасындағы оқушылардан бастап қарапайым адамдардың адалдықты ту етіп, ынтымақта өмір кешуі "Әлемнің Абайы" салып кеткен ізгі жолы екені даусыз. Абай - тіл маманы. Өйткені оқшыл ақынның туындылары қазақ тілінің тарауына үлес қосып қана қоймай, бір қалыпқа түсуіне орасан септігін тигізді. Абай - поэзия үлгісінің жаңашылдық кіргізді. Бір жағынан ақиқат болса, екінші жағынан лирикамен берілген тартымдылық бар. Яғни, оқырманның

жүрегіне жол тауып отырады. Абай-жазушы. Ол ынтымақты, еңбекті, ылымды, мәдениетті, достық тұрғысында шығармалар жазды. Бұл шығармалар қазіргі таңда рухани жаңғырудың темірқазығына айналып отыр. Дәл бүгінгі күні Абай шығармаларын қайталап оқу керек, себебі бұл үлкен тәрбие мектебі екені сөзсіз. Иә, қай елдің болмасын мәдениеті мен әдебиетінің, тілінің, рухани жетілуінің бас көрсеткіші сол елдің мәдениеті мен әдебиетінің, тілінің дамуымен бағаланар болар. Міне, осы тұрғыда қазақ елін бұхара халыққа

танытқан Абай - дара, Абай - дана дегіміз келеді. Адамзаттың Абайы өзінің өлеңдерінде рухани дүниенің қайнар көзі білім, ғылымды сөз етіп, адам бойындағы адамгершілікті, ар-ұятты яғни адам бойындағы рухани байлықты басты орынға шығарған. Сөзімізді қорытындылай келе, бәсекеге қабілетті ел ертеңінің түп қазығы берік болу үшін ұлы ақынның мұраларын дәріптеуде күш-жігерімізді аямайық дегіміз келеді.

## Асылан ТУЛЕКЕНОВ

*Қостанай облысы Торғай селосы*

*"Жангелдин ауданының білім беру бөлімінің*

*Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі"КММ*

*Көркем еңбек пәнінің мұғалімі*

### «КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІ - ЕҢБЕККЕ, ШЕБЕРЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕЙДІ

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру. Өзіміздің тәжірибемде оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес, көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырамын. Әрине, сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік. Осы орайда, "Көркем еңбек" пәнін өткізуде көптеген жаңа технологияларды пайдаланып, оқушының жаңа материалды толық игеруіне баса назар аударудамын. Сабақ барысында бұл жаңа технологияларды негізгі үш топқа бөліп қарастыруымызға болады деген пікірге келдім.

1. Ойындық технология - мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешімін іздестіруге құрылады. Жетекші әдісі – ойын. Оны ұйымдастыру түрлері: іскерлік, рөлдік, оқиғалық және білімдік ойындар.


2. Коммуникативтік технология – мүмкін болған барлық ақпаратты қатыстыра отырып, оқу үрдісі оқушының өзара белсенді әрекетіне, қатынасына құрылады. Жетекші әдісі – қарым –

қатынас. Оны ұйымдастыру түрлері: өзара, жұптық, топтық оқу т.б.

3. Зерттеу технологиясы – проблемалық ізденіске, жаңалықтар ашуға құрылады.

Осылармен бірге әрбір сабағымда саралап, жеке дара, жеделдетіп оқыту, оза оқыту, деңгейлеп оқыту, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау т.б. технологиялар көп қолданыс табады. Бұл технологиялардың бәріне ортақ, негізгі мақсаты – жеке тұлғаны дамыту, еңбекке шығармашылық ендіру, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, т.б. Оқыту технологияларын оқу мазмұны мен оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне орай таңдап, тәжірибеде сынап қараудың маңызы зор. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуальдық, кәсіби, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами қабілетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңартылған білім аясында оқушының еңбек біліктері мен шығармашылық қабілетін дамыту үшін жаңа ақпараттық технологияны пайдалануға да мүмкіндіктер көбеюде. Осы орайда еңбек ету үрдісін даралауда оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдау, яғни оқушының өзіндік

танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағыттау, білім беруде жеке оқытуды дамыту көзделуін назарда ұстаймын. Көркем еңбек сабағы жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа технология әдістерін көп қолданған жөн. Сабақ барысында пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолданудың да көмегі зор. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс - әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады. Оның тиімді тұстары оқушыны еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Менің пәніме деген оқушылардың қызығушылығы мол. Қазіргі таңда шәкірттерім өздерін сәндік қолданбалы өнер жағынан әр қырынан көрсетіп жүр. Осындай ынта, қызығушылықтарын пайдалана отырып, "Көркем еңбек" сабағында жасөспірімдерді еңбекке тәрбиелесудің жалпы міндеттерін іске асыруды қадағалаймын. Сөзімді қорытындылай келе, болашақта бүгінгі алған білімін өмірде қолдана білетін, жаңалыққа жаны құмар, іскерлігі дамыған жеке тұлға тәрбиелеуде үлесімізді қоса берейік дегім келеді.



**Бердыханова Фариза**

Алматы қаласы, Түрксіб ауданы  
КМҚК «№ 167 бөбекжай –  
балабақшасы»

«Тіл тірегіміз,соғып тұрған жүрегіміз!»  
**Мақсаты:** Балаларды ана тілінің қасиетін сезінуге, адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіре отырып ана тілін сүйе білуге құрметтеуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:**

Плакаттар, слайд

**Әдіс- тәсілдер:**

Түсіндіру, сұрақ-жауап.

Балалар топқа сөзін Алмас Ахметбекұлы жазған «**Көк тудың желбірегені**»

әнімен қимыл-қозғалыс жасай отырып кіреді. Қазақстан Республикасының гимні

**Жүргізуші:**

Ана тілім – ұраным,  
Ана тілім- құралым,  
Ана тілім болмаса,  
Болмас еді жыр- әнім.  
Ана тілім –елдігім,  
Ана тілім- ерлігім,  
Ана тілім болмаса,  
Бүтінделмес кемдігім....

**Жүргізуші:**

Жүрегіміздің бөлшегі  
Қаның,жаның- тілінде  
Арын, нәрің, тілінде  
Ұмтыл оны білуге  
Тілден алып ғибрат,  
Құлшынасын білімге,  
Ана тілің – ертегің  
Ана тілің – өркенің,  
Ана тілің- ертеңің,  
Қадірле ана тілінді-  
Жүрегіңнің бөлшегің,- демекші.....

2019 жылдың 16 тамыз күнгі Нұр-Сұлтан қаласында өткен Білім және

Ғылым қызметкерлерінің Республикалық форумындағы ҚР президенті Қ.К Тоқаевтың баяндамасында келтірілген әр халықтың ана тілі – білімнің кілті,ал мемлекеттік тіл –қазақ тілі үш тілдің біріншісі, негізгісі, басты,маңыздысы бола береді,- деген сөз біз үшін негізгі ұстанымға айналуы тиіс- деп атап өткендей бүгінгі Қ Р халықтарының тіл мерекесіне арналған әдеби шығармашылық кешімізді бастаймыз.

**Жүргізуші:** Балалар біз бәріміз бір үйдің балаларындай тату-тәтті доспыз.Қане,бір-бірімізге деген достығымызды нығайту үшін тіл мерекесіне байланысты көркем сөз шумақтарымызды айтайық.

**Айсұлтан**

Ана тілім бал тілім  
Өзің барда шалқыдым  
Өз тілімде ән шырқап  
Термелетіп балқыдым  
**Каусар**  
Тілім барда мақтанам  
Тілім менің әппақ ән

Бірлігімді бүгінгі  
Ана тілім сақтаған

**Инжу**

Қымбат маған ана тілім,бал тілім  
Қымбат маған дана тілім,ар тілім  
Ақ сүгімен бірге сіңген бойыма  
Ана тілім ардақ тұтар алтыным  
**Айғаным**  
Өлең жырмен арайланса тау күліп  
Ардақтымды жырлап өтем ән қылып  
Мағжан, Қасым,Мұқағали жырларын  
Жалғастырып жаза берем мәңгілік

**Ли Евгени**

Я узнал что у меня  
Есть огромня родня  
И тропинка и лесок  
В поле каждый Колосок  
Речки небо надо мною  
Это все мое родное

**Жәния**

Сүйемін ана ана тілім бал тілім  
Бесікте жатқанымда ақ берген білім  
Шыр етіп жерге түскен минутымнан  
Құлағымә сіңірген таныс үнің

**Жүргізуші:**

Мың бұралған бишілерді  
Қол соғып қошеметпен  
Ортамызға шақырайық  
Сәулет пенен Әминаны  
Жүргізуші:

Абай Құнанбаевтың жыр жолын айта отырып

Құлақтан кіріп бойды алар,  
Әсем әнмен тәтті күй  
Көңілге түрлі ой салар,  
Өнді сүйсең менше сүй –дей отырып кезекті әнге береміз.

**Ән: «Анамның тілі»**

орындайтын Жәния мен Инжу , қазақтың ұлттық аспаптары оркестрінің сүйемелдеуімен.

**Жүргізуші:** Халқымыз қашанда тіл өнеріне,шешендікке зор мән берген. Атақты билер,ақындар мен жыраулар ұйқастыра өлеңдетіп жырлаған. Қазақ халқының атақты үш биі тіл туралы былай деген екен:

**Төле би:**

Әр бір тілде сөйле әлемді таң қылып,  
Ана тілін білмеу қандай заңдылық.  
Өсер бабаң, байтақ далаң тұрғанда  
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.

**Қазыбек би:**

Жетер енді әркімге бір ермейік,  
Қазақ болсаң құлашты бір сермейік.  
Қаңға сіңген ана тілін халқым – ау,  
Шұбарлауға ешқандай жол бермейік.

**Әйтеке би:**

Қазақ, қазақ болғалы,  
Тіл үшін күрес көргені.  
Көргені көп тілімнің,  
Мүмкін емес өлмегі.

**Жүргізуші:**«Мақал-сөздің мәйегі» демекші туған тілімізге қатысты тіл өнеріне байланысты мақал мәтелдер айтудан жарысайық.

**Ойынның шарты:** Балалар шеңбер бойына тұрады. Сикырлы таяқша арқылы мақал-мәтелдер айтады.

**Айғаным**

Тіл тас жарады,  
Тас жармаса бас жарады.

**Алуа**

Ойнап сөйлесең де  
Ойлап сөйле.

**Инжу**

Сөз сүйектен өтеді,  
Таяқ еттен өтеді.

**Жәния**

Өнер алды — қызыл тіл.

**Айсұлтан**

Жақсы сөз – жарым ырыс.

**Жүргізуші:**

Қазақтың ұлттық билерінің бірі «**Қара жорға**»

Кезек бердік бигеде  
Би билейтін елге де  
Ортамызға шақырайық  
Басқа елден бишілерін де  
Келесі кезекте орыс халқының биі  
«**Калинка, как калинка**»

**Жүргізуші:**

Ана тілім – қазақ тілім туған тіл,  
Қасиетті тіліміздің бәрін біл.  
Ана тілді құрметтендер адамдар,  
Заманға сай өзге тілдің бәрін біл.

**Жүргізуші:**

Ана тілің –арың бұл  
Ұятың боп тұр бетте,  
Өзге тілдің бәрін біл  
Өз тіліңді құрметте!

Рахмет сендерге балалар. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деп айтқанындай сендер осы ана тіліміздің мәртебесін биікке ұшыратын сұңқары, бәйгеңіз алдын бермес тұлпары болуларыңа тілектеспіз. Осымен әдеби шығармашылық кешімізді «Әр қашан күн сөнбесін!» әнімен аяқтайық.





**Танаберген А.О.**

**ГУ «Средняя общеобразовательная школа №4 имени Кейкі батыра отдела образования акимата города Аркалыка»**

**План урока самопознания**

**Школа: СОШ № 4 имени Кейкі батыра, Дата: 12 февраля 2020, №21**

**Тема: Наука совести.**

**Ценность: Праведное поведение**

**Качества: доброта, взаимопонимание, чуткость**

**Класс: 4**

**Количество учащихся: 15**




<p><b>Цель:</b> расширение представления об ОЦЦ «Праведное поведение», через углубленное представление о ценности взаимопонимания, об ответственности каждого человека за установления мира и согласия в отношениях между людьми.</p> <p><b>Задачи:</b>          -раскрыть значимость для человека стремления быть в добрых отношениях между людьми;          -развить умения находить взаимопонимание с людьми;          - способствовать воспитанию быть добрым и чутким по отношению к окружающим людям.</p>	<p><b>Ресурсы:</b>          аудиозапись музыкального произведения «Волшебная композиция" песня «Дорогою добра»</p>
<p><b>Ход урока</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li><b>1. Организационный момент:</b> оценивание готовности учащихся к уроку.</li> <li>Наличие учебника, тетради, дневника, ручки. Дисциплина.</li> <li>5 факторов "Д"</li> </ol> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Дисциплина</li> <li>2. Долг</li> <li>3. Доброта</li> <li>4. Дружба</li> <li>5. Доверие</li> </ol> <p><b>2. Позитивный настрой</b>  <i>(Звучит аудиозапись музыкального произведения из наследия Людвиг ван Бетховена «Мелодия слез»)</i>  <b>«Свет»</b>          - Пожалуйста, сядьте удобно, спинку держите прямо. Руки и ноги не скрещивайте. Руки можно положить на колени или на стол. Расслабьтесь.          Представьте, что солнечный свет проникает в вашу голову и отпускается в середину груди. В середине груди находится бутон цветка. И под лучами света бутон медленно раскрывается, лепесток за лепестком. В вашем сердце расцветает прекрасный цветок, свежий и чистый.          Представьте, что свет начинает распространяться по всему телу. Он становится сильнее и ярче. Мысленно опустите свет вниз по рукам. Ваши руки наполняются светом и освещаются. Руки будут совершать только добрые, хорошие действия и будут помогать всем. Свет опускается вниз по ногам. Ноги наполняются светом и освещаются. Ноги будут вести вас только к хорошим местам для совершения добрых дел. Они станут инструментами света и любви.          Свет поднимается к вашему рту, языку. Язык будет говорить только правду и только хорошие, добрые слова. Направьте свет к ушам, уши будут слушать только хорошие слова, прекрасные звуки. Свет достигает глаз, глаза будут смотреть только на хорошее и видеть во всем хорошее. Вся ваша голова наполнилась светом, и вашей голове только добрые, светлые мысли. Свет становится все интенсивнее и ярче и выходит за пределы вашего тела, распространяясь расширяющимися кругами. Направьте свет всем вашим родным, учителям, друзьям, знакомым. Пошлите свет и тем, с кем у вас временное непонимание, конфликты. Пусть свет наполнит их сердца. Пусть этот свет распространится на весь мир: на всех людей, животных, растения, на все живое повсюду... Посылайте свет во все уголки Вселенной. Мысленно скажите: «Я в Свете... Свет внутри меня... Я есть Свет». Побудьте еще немного в этом состоянии Света, Любви, Покоя...          Теперь поместите этот Свет снова в ваше сердце. Вся Вселенная, наполненная Светом, находится в вашем сердце. Сохраните ее такой прекрасной. Потихонечку можно открывать глаза.</p> <p><b>3. Проверка домашнего задания:</b>          Завершите предложения:          Совестьливый сын всегда говорит родителям...          Честный ученик во время контрольной работы...          Человеку с чистой совестью не стыдно смотреть...          Работать на совесть – это честно выполнять...</p>	
<p><b>4. Позитивное высказывание (цитата):</b>  <i>Служение справедливости приносит человеку больше настоящего счастья, чем любые другие дела в жизни.</i>  <b>Шокан Уалиханов</b></p> <p><b>Вопросы:</b>          Ребята, как вы понимаете это высказывание?          Как вы думаете, что такое совесть?          Трудно ли жить по совести? Почему?</p>	
<p>Рассказывание историй (подарок учителя)          Притча «Испытание учителя»          Абай Кунанбаев</p> <p>Давным-давно один мудрый старый учитель собрал вокруг себя учеников и сказал им:          – Я чувствую, что стал стар и немощен. Теперь ваш долг обеспечивать меня пищей.          Ученики согласились, что, в самом деле, пришла их очередь послужить своему учителю, но сказали:          – А где, учитель, мы найдём еду и деньги? Люди, живущие рядом, вряд ли помогут нам.          Учитель ответил:          – Дети мои, я не прошу вас просить милостыню. Я предлагаю, чтобы вы взяли без спроса. Это не будет грехом, так как нам нужны деньги больше, чем другим. Я слишком слаб, чтобы делать это самому. Так кто же поможет моему старому учителю?          – Мы, мы, – закричали ученики. – Мы молодые и сильные. Скажи, что нам делать!          Учитель объяснил, что сначала они должны найти такое место, где их никто не увидит, и тихо дожидаться. Как только мимо пойдёт какой-нибудь богач, они должны незаметно украсть его кошелек. Учитель, однако, сказал, что при этом дети не</p>	

<p>должны никого обижать.                  Все ученики уже собрались выходить, кроме одного мальчика, который стоял, понунив голову. Учитель строго спросил его:                  – В чём дело, дитя? Ты не хочешь помочь своему старому учителю?                  – Простите меня, мой господин, – сказал мальчик. – Но я не могу сделать, как вы хотите. Вы сказали, что мы должны пойти туда, где на нас никто не будет видеть, и украсть. Но это невозможно, ведь даже если я совершенно один, часть меня самого всё равно смотрит. Я скорее пойду просить милостыню, чем позволю своему «Я» смотреть, как я краду!                  Лицо старика засияло радостью:                  – Наконец-то хоть один из моих учеников понял мои наставления!                  Остальные юноши, услышав эти слова, опустили от стыда головы.                  Но с этого дня они никогда не совершали недостойных поступков, потому что всегда помнили слова своего товарища: «Моё «Я» всегда наблюдает за мной».</p> <p>Беседа по притче:                  1. Объясните, как вы понимаете слова: «Мое «Я» всегда наблюдает за мной»?                  2. Можно ли назвать поступок мальчика благородным?                  3. Как вы думаете, что такое благородство?                  4. Каких людей называют совестливыми?                  5. Что значит быть честным по отношению к себе?</p> <p>Обобщение                  Совесть – это наш внутренний судья, чувства ответственности за свое поведение перед окружающими и самим собой.                  Благородство – проявление высокой нравственности, соединенной с самоотверженностью и честностью.                  Честный человек верен себе, своим обязательствам и своим ценностям.                  Честность – обязательное условие благородства. Благородный человек честен с другими и самим собой.                  Честность и благородство – спутники совестливого человека.</p>																												
<p>Творческая деятельность, групповая работа.                  Класс делится на три группы                  Задание №1                  Коллективное сочинение, каждый ребенок по цепочке пишет одно предложение по теме. Чтобы каждое последующее предложение было связано по смыслу с предыдущим.                  Тема первой группы: "Письмо будущим четвероклассникам"                  Тема второй группы: "Жить по совести"                  Тема третьей группы: "Добрые мысли наполняют жизнь, позитивной энергией"                  Задание №2                  Составить "Синквейн" со словом "Совесть".                  Задание №3                  Составьте свои аффирмации для использования на каждый день. Создать образ человека с позитивным мышлением, используя свои аффирмации.</p>																												
<p><b>5. Групповое пение:</b></p> <table border="0"> <tr> <td>«Дорогою добра»</td> <td>2 - куплет</td> <td>3 - куплет</td> </tr> <tr> <td>Спроси у жизни строгой</td> <td>Забудь свои заботы,</td> <td>Ах, сколько будет разных</td> </tr> <tr> <td>Какой идти дорогой?</td> <td>Падения и взлёты,</td> <td>Сомнений и соблазнов,</td> </tr> <tr> <td>Куда по свету белому</td> <td>Не хнычь, когда судьба ведёт</td> <td>Не забывай, что эта жизнь -</td> </tr> <tr> <td>Отправиться с утра?</td> <td>Себя не как сестра,</td> <td>Не детская игра!</td> </tr> <tr> <td>Иди за Солнцем следом,</td> <td>А если с другом худо -</td> <td>Ты прочь гони соблазны,</td> </tr> <tr> <td>Хоть этот путь неведом,</td> <td>Не уповай на чудо,</td> <td>Усвой закон негласный:</td> </tr> <tr> <td>Иди, мой друг, всегда иди</td> <td>Спешу к нему, всегда иди</td> <td>Иди, мой друг, всегда иди</td> </tr> <tr> <td>Дорогою добра!</td> <td>Дорогою добра!</td> <td>Дорогою добра!</td> </tr> </table> <p>Спроси у жизни строгой,                  Какой идти дорогой?                  Куда по свету белому                  Отправиться с утра?                  Иди за Солнцем следом,                  Хоть этот путь неведом,                  Иди, мой друг, всегда иди                  Дорогою добра!</p>	«Дорогою добра»	2 - куплет	3 - куплет	Спроси у жизни строгой	Забудь свои заботы,	Ах, сколько будет разных	Какой идти дорогой?	Падения и взлёты,	Сомнений и соблазнов,	Куда по свету белому	Не хнычь, когда судьба ведёт	Не забывай, что эта жизнь -	Отправиться с утра?	Себя не как сестра,	Не детская игра!	Иди за Солнцем следом,	А если с другом худо -	Ты прочь гони соблазны,	Хоть этот путь неведом,	Не уповай на чудо,	Усвой закон негласный:	Иди, мой друг, всегда иди	Спешу к нему, всегда иди	Иди, мой друг, всегда иди	Дорогою добра!	Дорогою добра!	Дорогою добра!	
«Дорогою добра»	2 - куплет	3 - куплет																										
Спроси у жизни строгой	Забудь свои заботы,	Ах, сколько будет разных																										
Какой идти дорогой?	Падения и взлёты,	Сомнений и соблазнов,																										
Куда по свету белому	Не хнычь, когда судьба ведёт	Не забывай, что эта жизнь -																										
Отправиться с утра?	Себя не как сестра,	Не детская игра!																										
Иди за Солнцем следом,	А если с другом худо -	Ты прочь гони соблазны,																										
Хоть этот путь неведом,	Не уповай на чудо,	Усвой закон негласный:																										
Иди, мой друг, всегда иди	Спешу к нему, всегда иди	Иди, мой друг, всегда иди																										
Дорогою добра!	Дорогою добра!	Дорогою добра!																										
<p><b>6. Домашнее задание:</b> Написать эссе: «Жить по совести»</p>																												
<p><b>7. Заключительная минута урока:</b> (звучит музыка для релаксации)                  Ребята, сядьте поудобней, подумайте о хорошем и полезном, что вы узнали на сегодняшнем уроке. Постарайтесь зарядиться оптимизмом на целый день. Мысленно поделитесь частичкой своего хорошего настроения со своими близкими, друзьями и одноклассниками.                  Спасибо ребята за урок!</p>																												












## Балкенбаева Алия Каратаевна

Қызылорда облысы Арал ауданы  
№59 орта мектептің  
бастауыш сынып мұғалімі.

Сабақтың тақырыбы:		Б б дыбысы мен әрпі.	
Сынып: 1 Пәні: Сауат ашу		Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Оқу мақсаты:	<p><b>Барлық оқушылар:</b> Бб дыбысы мен әрпін меңгереді. Б дыбысын сөз ішінен бөліп алып, дұрыс дыбыстайды.</p> <p><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> Б б дыбысына қатысты сөздерді оқып, дыбыстық, буындық талдау жасайды. Көркем жазуға дағдыланады.</p> <p><b>Кейбір оқушылар:</b> Алған білімді өмірде қолдана алады.</p>		
Сабақтың мақсаты	Б б дыбысы мен әрпі туралы толық түсінік беру.		
Тірек сөздер	бақбақ – одуванчик – dandelion бор – мел - chalk балапан – цыпленок – chick		
Тілдік мақсат	<ul style="list-style-type: none"> <li>Б әрпінің қазақ тіліндегі көп сөздерде кездесетінін түрлі мысалдар арқылы көрсетіп, дәлелдеу;</li> <li>Б әрпінің сөздің бірінші буынында, екінші буынында және үшінші буынында келетінін түсіндіру;</li> </ul>		
Пәнаралық байланыс	Дүниетану, математика		
Ресурстар	Оқулық, дәптерлер, слайдтар, үлкейткіш экран, таратпа кестелері.		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Мұғалімнің іс-әрекеті		Ресурстар
Сабақтың басы Ынтымақтастықты қалыптастыру 5 минут	<p><b>Әрбір адам?</b> - Туысым, досым, жұрағат</p> <p><b>Әрбір сабақ?</b> - Үйрену, ұғу, ұлағат.</p> <p><b>Әрбір ісім?</b> - Тірлік, тарих, адалдық.</p> <p><b>Әрбір сөзім?</b> - Шындық, бірлік, адамдық.</p>		Шаттық шеңбері
Сабақтың ортасы 25 минут	<p><b>Б б дыбысы мен әрпі.</b></p>  <p>- Суретте берілген заттардың атын ата. Олар қандай әріптен басталып тұр?</p> <p>- <i>Б әрпінен басталып тұр.</i></p> <p>- Дұрыс. Барлық сөз Б әрпінен басталып тұр. Қане, қайталап айтып көрейікші. <b>Б.Б.</b> Енді Б әрпімен толығырақ танысайық. Б б әрпі қазақ әліпбиіндегі үшінші реттегі әріп. Ол дауыссыз дыбыстар қатарына жатады. Өйткені Б б дыбысы созылмайды және еркін айтылмайды. Б б әрпінің ерекшелігі – ол сөздердің бірінші, екінші және үшінші буындарында кездесе береді. Сабақ барысында түрлі мысалдармен түрлі тапсырмалар орындап, бұл ерекшелікке көз жеткіземіз.</p> <p>Бірінші тапсырма ретінде кітапта берілген суретке назар аударайық. Суретте көрсетілген өсімдік қалай аталады?</p>  <p>- <i>Бақбақ.</i></p> <p>- Дұрыс. Енді, бақбақ қандай өсімдік екенін білейік. Бақбақ – күрделі гүлділер тұқымдасына жататын көп жылдық, кейде бір не екі жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанда 59 түрі бар. Олар шалғынды, көгалды жерлерде, жол жиегінде, тау бөктерлерінде өседі. Биіктігі 4-30 см-дей. Жапырақтары қауырсын пішіндес. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді, мамыр-маусымда жеміс береді. Бақбақтың тамыры мен сабағы дәрілік мақсатқа қолданылады. Енді, бақбақ сөзінің қай әріптен басталып тұрғанын айтайық.</p> 		Слайдпен жұмыс
			Оқулықпен, слайдпен жұмыс



	<p>- Б б әрпінен.                  - Дұрыс. Кім айтады, б әрпі қандай дыбыс?                  - Дауыссыз дыбыс.                  - Бақбақ сөзін буынға бөліп көрейікші. Неше буын?                  - 2 буын.                  - Б әрпі қай буында кездеседі?                  - 1-ші және 2-ші буында да кездеседі.                  - Міне, көрдіңдер ме оқушылар?! Б б әрпі сөздің басында да, ортасында да кездесіп тұр. Енді Б б әрпі бар басқа да сөздерді қарап көрейік. Берілген суреттердің атауларын тауып, оларды буындарға бөлейік.</p>  <p>ба қа бағ дар шам ас қа</p> <p>бал мұз дақ шы бын</p> <p>Ендігі кезекте кітапта берілген мәтінді оқық. Бірақ, мәтінді оқып оның авторымен танысып алайық.</p> <p>Қайранбай Жұмабай Қожақынұлы 1948 жылы Алматы облысы, Ұғыр ауданында дүниеге келген. Ол — педагог, баспагер, жазушы. 1998 жылдан бастап "Атамұра" баспасында аға редактор болып, республикамыздағы жаңа буын төл оқулықтарды дайындау мен басып шығару ісіне еңбек сіңіріп жүр.</p> <p>Бүгін біз осы кісінің «Бор неден жасалады?» мәтінін оқимыз. Балалар сендер білесіңдер ме? Бор неден жасалады? Бұл сұрақтың жауабын алу үшін мәтінді мұқият тыңдайық.</p> <p><b>"Бор неден жасалады?"</b> мәтінін мәнерлеп оқу.</p> <p>Бор – түсі ақ, біркелкі ұсақ түйірлі кальций карбонатынан құралған жұмсақ шөгінді зат.</p> 	<p>Слайдпен жұмыс</p> <p>Кітаппен жұмыс</p>
<p>Сергіту сәті                  2 минут</p>	<p>Жел улейді                  Кұйын келіп билейді                  Қатты, қатты жел соқты                  Жапырақтар қол соқты ду-ду.</p>	<p>Сергіту сәтіне арналған жинақтар</p>
<p>Тапсырмалар</p>	<p><b>Б әрпіне арналған тапсырмалар:</b>                  Домбыра сөзіне дыбыстық талдау жасау.</p> <p>«Артығын тап» ойыны.</p>  <p>Б әрпіне байланысты Брайль жүйесімен берілетін тапсырмалар.</p>  <p>Дәптермен жұмыс.                  Б б әрпін көркем жазуды және ол кездесетін сөздерді қатесіз жазуды қадағал</p> <p>Көбелек қонған көкөністердің атын жаз.</p> 	<p>Таратпа кестелерімен, слайдпен жұмыс</p> <p>Дәптермен жұмыс</p>

	<p><b>Б б әрпіне арналған жұмбақтарды шешу.</b></p> <p>Ұзын мұртты сарылар          Қойнында наны бар.          (Бидай)          Иесі оның сәби          Әрі төсек, әрі үй.          (Бесік)          Қанаты бар ұшпайды,          Жұрт айламен ұстайды.          (Балық)</p> <p>Қызықтырып әркімді – ақ,          Суда жүзер жалгылдап.          Қайсы әріптен басталған,          Сол жәндіктің атын тап?          (Бақа)</p> <p>Туа сала жүзеді,          Суда жүзе біледі.          (Балапан)</p>	
<p><b>Сергіту сәті</b>  <b>2 минут</b></p>	<p>Орнымыздан тұрайық,          Алақанды ұрайық.          Бір отырып, бір тұрып,          Біз бір дем алайық.</p>	<p><b>Сергіту сәтіне арналған жаттығулар</b></p>
<p><b>Сабақтың соңы</b></p>	<p></p> <p>Оқушылардың тақырыпты қаншалықты меңгергенін білу үшін берілетін сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Б әрпі қандай дыбыс?</li> <li>- Б әрпі сөздердің қай буындарында кездеседі?</li> <li>- Б әрпі қандай көкөніс атауларында кездеседі?</li> </ul> <p><b>Рефлексия</b>          Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ салынған суреттер арқылы бағалау.</p> <p></p> <p>«Бас бармақ» тәсілі          Барлығын түсіндім ---           Енді түсініп келемін ---           Түсінбедім --- </p>	<p><b>Смайликтер</b></p>